

Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайпақ...  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**9/2016 ҚЫРКҮЙЕК**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Таным табиғатында

М.ЕЛУБАЕВА.	Оқу - тәрбие ісінде фольклорлық туындыларды қолданудың тиімділігі.....	3
М.ҚАСЕНОВА. Ф.САПАРОВА.	Сатыбалды Қазтаев өлеңдеріндегі табиғат суреттері.....	11
Г.ҚЫЛЫШБАЕВА.	Махамбет поэзиясындағы ер-азамат образының Ойсылқара тұлғінің ерекшелігі арқылы берілуі.....	17
Н.ДҮЙСЕНОВА.	Махамбет жырларының ұлттық мұраты - «Азаттық. Тәуелсіздік. Маңгілік Ел».....	23
	Бұқар жырау толғауларының тәрбиелік мәні.....	27
<b>Авторлық бағдарлама</b>		
Н.ҚАБДЫҒАЛИЕВА. С.ЖУМИНА. Г.АБСЕМЕТОВА. С.ӨТЕБАЙ.	Тіл стилистикасы.....	31
	«Жамбылтану» қолданбалы курсы.....	35
	Сөздікпен жұмыс.....	41
	«Жарасқантану» қолданбалы курсы.....	46
<b>Жас маманға жәрдем</b>		
Б.АХАНОВА. Т.ТУСУПОВА. А.ОМАРОВА. С.ЖАЙСАҢБАЕВА. А.ҚАНЫРҒОЖА.	Қ.Жұмаділов. Қаздар қайтып барады.....	50
	Ақан сері Қорамсаұлы - ақын, әнші, сазгер.....	53
	Қадыр Мырза Әлі. «Ана».....	55
	Көпшілік алдында сөйленетін сөз.....	57
	«Ер Төстік» ертегісі.....	64

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

М.ЖАҚАНОВА. Б.АХМЕТЖАНОВА. Г.ДАЙЫРБЕКОВА. А.САҒЫНДЫҚ. Ә.ТҮРСЫНОВА.	Ы.Алтынсарин өміріне шолу.....	66
	Сайын Мұратбеков. «Қылау».....	70
	Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Қалқаман-Мамыр».....	73
	М.Әуезовтің өмір жолы.....	75
	М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанындағы Баян мен Ноян бейнесі.....	80
Ж.ҚУАНЖАНОВА. Ғ.ЖОРАБАЙ. Қ.ӘЛІМҰҚАНОВ.	Ғ.Мүсірепов. «Жаңа достар».....	86
	М.Әуезовтің «Көксереке» шығармасын оқып, талдау.....	90
	М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың азаматтық, ақындық бейнесі.....	92
А.ЖАКЕНОВА.	Ыбырай - шағын әңгіме шебері.....	98

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ҚАЙРБАЕВА. Г.ҚАРҚЫНБАЕВА. Р.УТЕУШЕВА. Ж.СЕЙІТҚАЗЫ. М.САҒЫТҚОВ. Ө.АЙТЖАНОВ.	Сан есімді оқыту.....	101
	Үстеу. Үстеу туралы түсінік.....	104
	Қатемен жұмыс.....	106
	Фонетика.....	108
	Антонимдер.....	112
	Табу.....	114

### Қайталау-оқу анасы

Г.БАЙМАҒАМБЕТОВА. А.САБЫРЖАНОВА. К.АДИЛОВА.	Жай сөйлемнің түрлерін қайталау.....	116
	Есімдіктен өткенді қайталау.....	119
	Етістіктің райларын қайталау.....	121

### Әдеби кеш

Б.ҚҰБАЕВА. А.ҚҰРАУБАЙ.	Ақжайық-Ақұштан-Ақ шағала.....	124
	Қ.Қайсенов. «Қауіпті тапсырма».....	128

### Білім сынағында

Г.ҚҮЛЕКЕНОВА.	7-сынып бойынша әдебиет пәнінен оқушы білімін пысықтау тапсырмалары.....	132
---------------	--	-----

### Танымдық тәлім-тәрбие

Г.ҚАЖҒАЙДАРОВА. С.КАКЕЕВА. Г.ДАДАНОВА.	Бала тәрбиесі-халық даналығы.....	134
	Ұлттық тәрбие беруде отбасының маңызы.....	139
	Ұлыстың ұлы күні - наурыз.....	140

## Таным табиғатында

ӘОЖ:37.035.44.

Р. ЕЛУБАЕВА,

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті.

## ОҚУ-ТӘРБИЕ ІСІНДЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ТУЫНДЫЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

(Ғалым Ә.Табылдының этнопедагогикалық зерттеулері бойынша)

Көрнекті ақын, жазушы, педагог-ғалым Ә.Табылды ұлттық мәдениеттің негізі болып табылатын халық педагогикасын ұзақ зерттеген, қазақ этнопедагогикасы ғылымының негізін қалаушылардың бірі. Еліміз егемендік алған 1991 жылдардан бері халық педагогикасын зерттеумен айналысқан Ә.Табылды қазақ халық ауыз әдебиетінің, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының тәрбиелік мәні жайында ғылыми тұжырымдамалар жасап, оларды бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануды әдістемелік тұрғыда негіздеп берді. Халқымыздың сан ғасырлық тәлім-тәрбиесін зерттеген педагог-ғалым «этнопедагогика» терминіне «этнопедагогика-белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы»-деп анықтама береді.[1] Белгілі ғалым этнопедагогика ғылымын халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған көркем әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі деп екі салаға бөліп қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, халық педагогикасындағы өрнекті ұғым - әдеп. «Әдеп»-дейді Ә.Табылдиев-«эстетика ғылымының, «эстетика» деп аталатын үлкен саласының ұлттық мәдениетке тән қисынды баламасы». Әдепке осылай тоқтала келе ол әдептің жеке ғылым саласы ретінде әлемнің бірінші, екінші ұстаздары Аристотель мен әл-Фараби еңбектерінде әр қырынан баяндалып орын алғанын атап өтеді. Ұлттық педагогиканың алтын арқауы әдепке осылай көңіл бөлген ол халқымыздың рухани байлығы – қазақ ауыз әдебиетінің этнопедагогикалық мәнін қарастырады. Сөз өнерін

таптырмас тәрбие құралы ретінде санаған ұстаз –ғалым халық фольклорын «ұрпақ тәрбиесінің күн сәулесіндей әсерлі нұрымен от алатын ой тамызығы болып жанды жалындататын, қиялды қияндататын, ақыл-сананың айшықты көріністерін бейнелейтін қасиетті, киелі мұраға» санайды.[1;66.] Халық фольклорының тәлімдік жақтарын дұрыс түсініп, оң баға бере білген Ә.Табылды оның балдырғандардың тілін жетілдіріп, ойын дамытатын тәлім – тәрбие құралы екенін баса айтады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін этнопедагогиканың негізгі бір үлкен саласы екенін дәлелдей келіп, ғалым «жалпы педагогика ғылымының негізі халық педагогикасы» екенін атап көрсетеді.

Өзінің ғылыми-зерттеу еңбектерінде ғалым бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, мазақтама, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелердің тәрбиелік мәніне терең тоқталады. Бала «шыр» етіп дүниеге келген күннен бастап айтылатын бесік жыры тек баланы жұбату үшін ғана айтылатын жыр емес екендігін ашып көрсете отырып, ұстаз-педагог оның бала тәрбиесіндегі бірнеше пайдасын санамалап береді. Зерттеуші-ғалымның дәлелдеуінше, біріншіден бесіктің тербелісіне сай келетін сабырлы екпінде айтылатын қоңыржай әуен нәрестенің сезім мүшелері арқылы жан-дүниесін жадыратып, сүйсінерлік әсермен жұбатады да, екіншіден, баласының болашағына үміт артқан ана қуат алады, үшіншіден, осы бөбекке айтқан тілекті естіген басқа тілі шыққан балдырғандар оны жаттап, тілі дамиды, әрі тәлім алады. Этнопедагог-ғалым бесік жырларының мазмұнына қарай төрт топқа бөліп қарастырады. Олар: шілдехана жыры, бесікке бөлеу жыры, жұбату және тілек тілеу жырлары. Тұрмыс-салт жырларының бірі- тұсау кесу жырларын әдет-ғұрыптың, ырым-рәсімдік қуаныш мәжілісінде айтылатын жырлардың қатарына қосқан Ә.Табылды: «тәй-тәй», тұсау кесу жырларын отбасында балдырғандар әсемдеп айту арқылы балдырғанның бөбекке деген сүйіспеншілігі артады, кішіге деген қамқорлық сезімі қалыптасады»-дейді. [1;96.] Осы мәселенің әдістемелік жағын да қарастырған ол: «Отбасында болатын тұсау кесу рәсімі тәрбиеші балалар бақшасындағы қуыршақ ойыны арқылы да ұйымдастырылып, балаларды–халықтың әдет-ғұрпын құрметтеуге тәрбиелеуі тиіс. Бұл баланың әрі музыкаға қызығуына, сахнада ойнауына үйренуіне, сөз өнеріне бейімделуіне себепші болады», -деп жазады.[1;106.]

Жаңылтпашты тіл ширату тәсілі ретінде санаған Ә.Табылды халық фольклорының осы бір үлгісін баланың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыратын құрал ретінде бағалады. Балдырған

кейбір дыбысты айта алмай қинала бастағанда сол дыбысты жиі-жиі қайталағаны дұрыс. Осыны дұрыс түсінген ата-бабамыз жаңылтпаштар қорын жасаған. Ол жайында ғалым-педагог: «Балбөбектің тілі шығып, балдырған жасында сөздік қоры молая бастаған кезде, кейбір дыбыстарды айта алмай немесе қинала айтады. Тілін мүкістендірмей, мүдірмей сөйлеу үшін, қиналып айтатын дыбыстары бар сөздерді бала неғұрлым жиі-жиі дыбыстап айтып, жаңылмай жаттықса, сөйлегенде де мүдірмей, өз ойын толық жеткізетін болады. Жаңылтпаштарды жаттап, жаттыға айту арқылы баланың ана тілін ардақтау, сөз қадірін білу сезімі қалыптасып, ой-қиялы дамиды, тәлім алады. Жаңылтпаштарды халық бала психологиясы мен тілінде болатын мүкістерге сәйкес шығарған», -дейді. Жаңылтпаштарды дүниетану, білім беру, тәрбиелеу, тілін ширату құралы деп таныған Ә.Табылды балаға жанұяда жаңылтпаш айтып жаттықтырудың бірнеше жолын ұсынады: біріншіден, бала жаңылтпашты тез-тез, жаңылмай айтуға үйрету керек; екіншіден, баланың қанша жаңылтпашты мүдірмей жатқа айта алатынын бақылау керек. Балабақшада жаңылтпаш айтып жарысуды ұйымдастырудың мазмұны зор деп бағалаған ғалым тәрбиешіге алдын-ала жоспар жасап, тиімді жаңылтпаштарды топтау ұсынады. Сондай-ақ, арнайы фольклорлық кеш өткізіп, онда жаңылтпаш айтып жарысуға қатты мән беріліп, жаңылмай айтқыш балаларды ынталандырып, мадақтап, сыйлық беріп, абыройын арттырып отыру қажеттігін айтады. Осы тұста «тіл өте мүкіс, көбіне логопедиялық дәріс алып жүрген баланы ондайда ұятқа қалдырып, сағын сындырудан сақ болуды» ескертеді.

«Санамақтарды халық негізінен, жас балаға сан үйрету мақсатымен шығарған», -дейді ғалым.[1] «Санамақтар әрі дүние танытады, әрі баланың қисынды ойлауы мен математикалық ойлау қабілетін дамытады». [1;126.] Санамақтардың бірнеше түрлерін атап көрсеткен ғалым күн өткен сайын фольклордың бұл түрінің жаңалай жаңғыра түсетіндігін айтады. Ғалымның пайымдауынша, санамақтың бір түрі-саусақ санау баланы сан үйретуге ынталандырса, енді бір түрі атау ұйқастырып санау арқылы бала санға ағы ұқсас заттарды танып біледі. Ал санамақ айтыста баланың ұқсас сөз табу арқылы ақындық қабілеті ашылса, ойын санамақтары сан жобасын, тақ пен жұп белгілерін ажыратуға үйретеді. Осындай тәлімдік тұсы мол ауыз әдебиет үлгісін тек жанұяда ғана жаттатып қоймай балабақшада, мектептің бастауыш сыныптарында пайдаланудың берері зор. Осыны жақсы түсінген әдіскер ғалым санамақты тәрбие мәселесінде пайдаланудың тиімді

тұстарын ашып көрсетеді.

Баланың дүниетанымдық қабілетін жетілдіретін ауызекі шығармалардың бірі – жұмбақтар. Айналадағы бір зат туралы тұспалдап, ұқсатып айту арқылы баланы жылдам ойлап, танымдық, білімділік ұғымдарды ой елегінен өткізіп, өзіндік пайымын жасауға баулитын этнопедагогикалық тамаша тәрбие құралы жұмбақтар да ғалымның назарынан тыс қалмаған. Педагог-ғалым отбасында және балабақшада бастауыш сыныптарда жұмбақ айтысын ұйымдастырудың берері мол екенін айта келіп қызықты кеш, өнерпаздар мен білгіштер жарысында, пәндік кештерде оны қолданудың жолдарын ұсынады.

«Баланың өмір тәжірибесі аз, сондықтан оған айтатын ақыл -насихат, өнеге-өсиет әрі әсерлі, әрі ойда қалатындай мәнді болу керек», - деп ой түйген Ә.Табылды «Сол мәнді сөздердің қатарына – мақал-мәтелдерді» жатқызады. [1;20б.] Ол «Мақалдар мен мәтелдерді орынды пайдаланған ата-ана ой қозғап, ақылға қонымды сөздер айту арқылы баланы тәрбиелейді және санасын арттырады»-деп жазады. Балабақшада тіл дамыту сабақтарында балдырғандарға мақал-мәтел туралы түсініктеме беріп, оны жан-жақты тәрбие ісінде қолданудың қажеттілігін айта келіп, ол ел аузындағы мақал-мәтелдерді оқушыларға жинату және жаттату әдебиет пәні оқытушысының міндеті екенін атап көрсетеді. Әдіскер-ғалым түрлі сынып сағаттары мен әдеби кештердің, пікірсайыстар мен жазбаша жарыстарды, түрлі әдеби –монтаждарды ұйымдастырудың әдістеріне тоқталады.

Ата-бабамыздың балаларға арнап шығарған арнау-тілек өлеңдері мен сұрамақ, төрт түлік жырларын, тақпақтарын балалар жыры деп атаған Ә.Табылды оларды тәрбие мәселесіндегі тиімділігін атап көрсетеді. Ғалымның негіздеуінше арнау-тілек өлеңдері жас жеткіншектің қоршаған ортаға деген қызығу сезімін оятып, эстетикалық әсер беретін, дүниетанымын арттыратын рухани дүниелер. Қанша көлемді болса да сұрамақ өлеңдердің сөз жүйесі баланың ойына оралымды құрылғандықтан, жаттап алуына оңай болады. Сұрау–жауап арқылы жеткіншектің сөйлеу жүйесі дамып, ойлау жүйесі өркендейді дейді Ә.Табылды. Мал шаруашылығымен айналысқан халқымыз жас ұрпақты төрт түлікті қастерлей білуге үйреткен, әрі түліктер табиғатымен жан-жақты таныстырған.

«Халық педагогикасындағы балалардың бірден жадында қалатын қысқа-қысқа тақпақ айтуға ынталандырады, еңбекке, адамгершілікке, Отанын сүйуге, өнерге тәрбиелейді. ...Ол өлеңдер мен тақпақтарды отбасында, балалар бақшасында, мектепте

балдырғандарға жаттатып, тәрбие жұмысына жан-жақты пайдалану керек»-дей келіп, әдіскер-ғалым оны бала тәрбиесіне қолданудың әдістемесіне тоқталады. Балдырғандарға қысқа көлемді ертеден келе жатқан «Түйе, түйе, түйелер», «Кім айтар?», «Кім күшті?», «Төрт түліктің кеңесі», «Иесі мен сиырдың айтысы», т.б. жырларды жаттатуда дауыс ырғағын сол сөздің мағынасына қарай құбылтып, әрбір сөзді анық, айқын айтуға, көпшілік алдында өзін дұрыс ұстай білуге үйрету керектігін ескертеді. Себебі, сөз мағынасын тыңдаушыға толық және әсерлі жеткізуде дауыс ырғағы мен бет құбылыстың орны ерекше. «Дауыс ырғағы арқылы бір сөзбен бірнеше мағына мәнін ұғындыруға болады», -деп жаза келіп ғалым мысалға бірнеше сөздерді алады.

Ата-бабамыз сан ғасырлық рухани қазыналардың ішінде ұрпақ тәрбиесіне қолданып келе жатқан балалар фольклорының бір үлгісі – мазақтамалар. Ғалым мазақтама жырларының тәрбиелік мәнін баса көрсете келіп халық балалардың бірін-бірі мінеуі, сынауы, шенеуі, әжуалауы үшін мазақтама өлеңдерін тудырғандығын және баланың өз мінін өзіне немесе достарына айтқызу арқылы күлкі түрде әжуалай отырып, ызаландырып, қажырын қайрайтындығын, әрі әдемілікке, әдептілікке, еңбекке, адамгершілікке тәрбиелейтінін айтады. «Мазақтамаларды отбасында, балалар бақшасында, мектепте баланың есіне салу немесе жатқа айтқызу арқылы, балалар поэзиясының бұл түрін де тәрбие жұмыстарына пайдалана білу керек. Мысалы, берілген іске жауапсыз қарап немесе шалағайлық жасаған балаға бір мазақтаманы айтудың өзі жетіп жатыр. Ондайда бала тез сергіп, ісіне қайта қарап, өз кемшілігін екшей бастайды. Өз мінін түзеп, ескертпені елеген баланың ынта-жігерін арттырып, оны мадақтау тәсілін қолдану қажет», -дейді ғалым.[1;26б.] Мазақтаманың негізгі мақсаты – баланың мінін көрсетіп, сынау, оны тәрбиелеу екенін айта келіп педагог баланың табиғи кемшілігін бетіне басып оның сағын сындырып, сүйегін жасытудан аулақ болу керектігін ескертеді.

Көркемдік қыры биік, мағынасы терең өлең желісі күлкілі сюжеттерге, фантастикаға құрылған өтірік өлеңдерге де тоқталып өткен Ә.Табылды фольклордың бұл түрінің бала тәрбиесіндегі оңды тұстарын атап өтеді: «Өтірік өлеңдер оқушылар мен тыңдаушылардың ой-қиялын, дүниетанымын, өлең өнеріне деген ықыласын, қызығуын дамытады, қисынды ойлауға үйретеді, тілдік қорын молайтады.»[1;27б.] Өтірік өлеңдерді мәнерлеп оқуды немесе жатқа отбасында, балалар бақшасында ұйымдастырудың тиімділігіне тоқталған ғалым: «Өтірік өлең оқылған соң, ондағы таңғажайып оқиғалар мен әсерлі әсірелеулер, салыстырулар

туралы пікірлесіп, кейбір шумақтарды бірден жатқа айтқан баланы мадақтап, оның ақын жанды қабілетін қастерлеп, дарынын дамытуына жол ашып отыру керек. Әсіресе, оқу бағдарламасы бойынша өтілетін өтірік өлеңдер туралы сол материалдарды оқушының өзіне талдатып, пікірлесіп, ой қорытып, жаңа сөздерді есте сақтауды дағдыға айналдыру ләзім», - дейді.[1;276.] Ол өтірік өлеңдерді тандап, сұрыптап алуды тәрбиешінің міндеті санайды. Әрбір тандалып алынған өтірік өлең балдырғанның ой-қиялын, дүниетанымын дамыту керектігін айтады. Орталық мектептерде өтірік өлеңдер арнайы бағдарламаларға енгізілген-пәндік тақырыптар ретінде оқытылады. Бұл тұстағы ең басты мәселе – оқу материалдарын талдау. Осы тұста ғалым-педагог үш түрлі тәсіл ұсынады: бірінші тәсіл- пән оқытушысына міндеттелді. Ол-көркем оқуды ұйымдастыру; екінші тәсіл- оқылған немесе жатталған материалды сахнада орындатуға күш жұмсау; үшінші тәсіл – екі оқушыны кезектесіп сахнада орындатуға бейімдеу.

Сондай-ақ, «Ұшты- ұшты», «Ақ серек, көк серек», «Кім керек?», «Қуырмаш» тәрізді ойын өлеңдері балалардың өлең-жырға деген бейімін жетілдіріп, эстетикалық әсерін арттырады. Осыны дұрыс түсінген Ә. Табылды зерттеу еңбектерінде ойын өлеңдерін еңбекке, адамгершілікке көркемдікке, өнерге, бірлікке тәрбиелеудің құралы ретінде атай келіп оны бала тәрбиесіне пайдаланудың тиімді әдістерін ұсынады. Ғалым-педагог фольклордың бұл түрін жаттату әрбір ата-ананың борышы санайды. Ойын өлеңдерді тек жаттату ғана қоймай қызықты қойылымдарды ұйымдастыруды ұсынады.

Халқымыздың сан ғасырлық асыл қазынасының ең бір күрделі әрі мәнді де мазмұнды саласы-шешендік сөздер мен термелер. Шешендік сөздерге ерекше тоқталған Ә.Табылды «ел құралып, халық қалыптасып бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан, билер мен хандардың, ақындар мен шешендердің, ел ағасы болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қисынды, қасиетті сөздері», -деп анықтама береді. [1;326.] Шешендік сөздерді ұрпақ тәрбиелеу ісіне қолданудың берер пайдасы зор екендігін ескерген ғалым мектепте бұл тұрғыда арнайы әдеби жұмыстарды ұйымдастыру қажет екенін айтады. Сахналық қойылымдар қойғызып, пікірсайыс, пікірталас, түрлі әдеби кештер өткізуді ұсынады.

Әсиет, насихат, үлгі-өнеге үлгісінде айтылатын терме жырлар белгілі тұлғалардың философиялық ой шешімдері екенін айта келіп ол тәрбиелік маңызына тоқталады. Осы тұста әдебиет пәні мұғаліміне жас термешілер үйірмесін ұйымдастыруды міндеттейді.

Халық фольклорының ертегілер, аңыз-әңгімелер, батырлар жыры мен ғашықтық жырлары тәрізді салаларына да ерекше көңіл бөлген Ә.Табылды: «Алғашқы қауымнан бастап, бала тәрбиесіне ерекше әсер ететін ертегілерді ойлап шығарған адамзат тарихында ертегілердің тәрбиелік мәні зор», - деп атап көрсетеді. [1] Мектеп жасына дейінгі және бастауыш сынып оқушылары ертегілерді қызыға тыңдайды. Көбіне кішкене бұлдіршіндер ата-аналарынан ертегі айтып беруді өтінеді. Бұл жастағы балаларға ертегі айтып беру әрбір үлкеннің абыройлы борышы екендігін айта келе Ә.Табылды қуыршақ театрын ұйымдастыруды ұсынды және әрбір балабақшада немесе мектептің бастауыш сынып оқушыларының арасында ертегілер бөлмесі жабдықталып, ертегілердің инсценировкалары бойынша қойылым қойылуы тиіс екендігін ескертеді.

«Халық өз ұрпағының ұлағатты, білгір, батыл, батыр, ойшыл, еңбекқор, өнерпаз болып өсуі үшін, оған үлгі-өнеге етіп аңыз-әңгімелерді де бардан құрап, сары алтындай сақтап келеді. Аңыз-әңгімелер келешек ұрпақтың наным-сенімін, арман қиялын арттырады. Онда көбінесе өмірде болған нақты оқиғалар алынады да, оған қиял-ғажайып сюжеттер қосылып, тыңдаушыны баурап алатындай әңгіме жүйесі ерекше әсірлі құралады» -деп жазады белгілі ғалым Ә.Табылды. «Отбасында аңыз-әңгімелердің сан салалы, алуан-түрлі үзінділерін айта біліп немесе қызықты аңыз- әңгімелерді кітаптан балаларына оқытып, тыңдату-ата-ананың міндеті. Аңыз-әңгімелерді айту-әсерлі, тыңдау-ықыласты болса, оның тәрбиелік мақсат-мүддесі өтеледі», -дейді.[1;37-386.] Ә.Табылды мектептің тарих, әдебиет пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен арнайы үйірме жұмыстарын іске қосуды ұсына отырып өнерпаздар мен ойнапқыштар жарысына да бұл мәселені арқау етуге болатынын атап көрсетті.

Ақыл-ой тәрбиесінің құралы бола білетін аңыз-әңгімелердің дүниетанымдық әсері де мол екендігін дәлелдеген ғалым, қазақ этнопедагогикасының аса бай мұрасы-батырлар және ғашықтық жырларын адамзаттың ой санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын тарихи мектеп ауыз әдебиетінің маңызды құралы атайды. Бұл жырлардың эмоциялық әсермен тыңдаушының ынтасын арттырып, көркемдігімен көкейге қонатындығын, шаттандырып және трагедиялық тұстарда қиналдыра отырып, ыстық жас, ынталы ықыласпен қабылданатындығын айтады. Мұндай жырлар ел басына күнтуған тұстарда халықты серпілдіріп, келешекке сенімін арттырып, жастарды елін –жерін, Отанын сүюге тәрбиелеген.

«Бағдарлай зерттеп байқасақ,- дейді ғалым,- эпостық шығармаларда тәрбиенің алуан түрі бар. Дене шынықтыру тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, Отансүйгіштік тәрбие, еңбексүйгіштік тәрбие, еңбек тәрбиесі, батырлық жырлардың табиғатындағы мақсатты мұрат- міне осылар!». Ғалым батырлар жырларындағы негізгі сюжеттердің арқауы да – осы тәрбиелік мақсаттар дейді. Педагог-ғалымның сараптауынша, бұл рухани мұраларда бірінші кезекте дене тәрбиесі тұрады. Себебі, оларда атқа шабу, мергендік, найзагершілік, қылыш шабу дәстүрлері дәріптеледі. Бұл өнерлердің өзіндік мектебі бар. Батырлық жырларды тыңдау арқылы оқушы сөз, әдеп, нақыл, ақыл үйренеді, ерік, қайрат, ес сияқты түсінік қабілеттерін ұшқырлайды және дүниеге көзқарасы қалыптасады.

Көрнекті ғалым Ә. Табылды ғылыми-зерттеу еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының көлемді бір саласы - қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарының тәрбиелік мәніне тоқталады. Халық педагогикасы өмір заңдылықтарын үйрете отырып дүниетанытуды, содан соң тәрбиелеуді көздейді. Ұлттық тәрбиенің жемісі - ұлттық мәдениеттің өмірдегі көрінісі. Мәдениетке тәрбиелеудің басты құралы-сөз өнері. Кез келген көркем туындының көркемдік мәні тәрбие алушының этикасы мен әдебін қалыптастырады. Ұлттық мәдениеттің этнопедагогикамен өзектесіп келе жатқан өзіндік ерекшеліктері яғни, ұлттық мәдениеттің дамып, қалыптасуына әсер есетін бірден-бір рухани дүние-фольклорлық туындылар. Міне, осылай ұлттық мәдениет пен халық фольклорын сабақтастыра қарастырған ғалым этнопедагогикасының негізгі бір саласы ұлттық салт-дәстүрлер сол ұлттың мәдени деңгейін көрсететін өзегі дейді. Ол ұлттық салт-сананың қалыптасуының бастауын игі әдетке апарып тірейді. Игі әдеттер көпшіліктің қолданысына айналып, ұлттың мәдени іргенегізі болады. Кез-келген ұлттың игі негізі-әдеп. Ол ұлттық заңды қолданысқа енгізілсе дәстүрге ұласады. Дәстүр халық өмірінен біржола орын алғанда – салт болмақ. Осы мәдени іс-әрекеттің ұлттық қасиетке айналуы салт-сана деп аталмақ. Ал бұл құбылыс ғалымның пайымдауынша, мәдени сәулетіміз болмақ.

Міне, осылай халық фольклорына ерекше көңіл бөлген Ә. Табылды оның бала тәрбиесіндегі орнының ерекше екендігін атап көрсетеді.

Әдебиеттер:

1 Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. - Алматы: Санат, 2001.-320 б.

2 Жарықбаев Қ, Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. - Алматы: Атамұра, 1994.

**Ш.ҚАСЕНОВА,**  
**Құрлық әскерлерінің**  
**Әскери институты.**  
Алматы қаласы

## **САТЫБАЛДЫ ҚАЗТАЕВ** **ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ТАБИҒАТ СУРЕТІ**

Мақалада Жетісу өлкесінің танымал ақыны Сатыбалды Қазтаев поэзиясындағы табиғат лирикасы қарастырылады.

Түйін сөздер: ақын, өлең, поэзиялық туынды, бейнелі сөздер, шумак, идея, поэзия, лирикалық өлеңдер, ақын шеберлігі, табиғат лирикасы.

*Қолташтаудан, қорғаштаудан кенде емен,  
Кейбір кезде ауру-сырқау дендеген.  
Дәрігері, дәрі де емес, даламның  
Табиғаты, бұлағымен емделем.*

*С.Қазтаев.*

Ақын–поэзиялық туындыларды (өлең, жыр-дастан, поэмаларды) ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік талғамын қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері [1. 234-б.]. Көркем, бейнелі сөздерімен әсем табиғаттың көрінісін жан-жақты суреттеген тіл шебері – Сатыбалды Қазтаев. Суреткер ақынның өлеңдеріндегі туған өлке, туған жер, ауыл-аймақ көрінісі ерекше. Оның «Табиғатымен емделем», «Гүл еккі», «Табиғатпен тілдесу», «Табиғат пен адам», «Алатауым», «Жетісуым», «Осы далам», «Көктемгі қарбалас», «Жайсыз көктем», «Күз», «Бұлақ» және т.б. шығармалары табиғатқа, туған жерге деген ерекше құрметтен, сүйіспеншіліктен, сезімнен туындаған.

«Жыр – сезім шуағы» деген өлеңіндегі мына шумақтан ақынның үнемі ойлану, іздену, еңбектену үстінде жүретінін байқауға болады:

*Көңілім жаз болсын деп те, кең іргем,  
Ойларды да миымдағы кеміргем.  
Әрін солай кіргізем деп жырымның,  
Тың теңеулер іздеп келем өмірден.*

Оқырман қауымның сүйіп оқитын шығармалары – кез келген автордың ізденісінің нәтижесі, еңбегінің жемісі.

*Жаршысы да бола алатын тілектің,  
Жан жүйеңе беретұғын бір екпін.  
Жыр-сәулелі ой жиынтығы мидағы –*

*Қалауымен туатұғын жүректің* [2. 201-б.], – деген өлең жолдарында ақын жыр жүректің қалауымен туатынын ескертеді.

Қазақстанның Халық жазушысы Ә.Кекілбаев: «Ақын жырының ең алдымен тек өз жүрегінің терең тебіренісінен тууы – өлеңге қойылар ең басты талап, өлеңнің ең терең табиғаты. Онсыз жерде, ақын қаншама ұлы ой, ұлы идеяларды өлеңге түсірсін мейлі, ол бірден көкейіне қонып, көңіліңді баурап жан сыры болмай, әншейін ұйқастырылған уағыз болып шығады. Рас, өмірдегі мәнді-маңызды ойлар мен идеяларды уағыздау да керек. Бірақ кез келген лепірме уағыз жақсы өлеңнің орнына жүре алмайды да, ал шынайы өлең небір ұлы идеяны насихаттайтын мәнді уағыз, мәнерлі өсиеттің қызметін қашанда атқара алады», [3. 10-11-б.] – деген екен.

Ақын Сатыбалды Қазтаев жырды сезімнің шуағы, бойдағы таусылмайтын кен екенін жырлай келе, жырға жақын болғандығы үшін өзін бақыттырақ сезінетінін сөз етеді.

*Жыр дегенім – сезімнің шуағы,  
Қонақтайтын қағаз бенен қаламға.*

*Бір тасына айналатын іргемнің,  
Жыр – бойдағы таусылмайтын бір кенім.  
Ақындықтың қуатынан шығар-ау,  
Асып-тасып, шулы өмірде жүргенім.*

*Кешегіммен, келешекпен кезігем,  
Сезім – ойдың қараймын да көзімен.  
Жырға жақын болғандығым үшін де,  
Өзімді мен бақыттырақ сезінем* [2. 201-б.].

Дара тұлға Ә.Кекілбаев поэзия, ақынның өзге жұрттан артықшылығы жөнінде мынандай құнды пікір айтқан: «Поэзия – адам жанын тебіrentкен, айтылмай, бейнеленбей тынбайтын өктем рухтың бейнесі; ақынның өзге жұрттан артықшылығы – бүкіл болмыспен, табиғатпен табысып, кез келген кісі әсерлене бермейтін құбылысқа тебіренетіні, кез келген кісі әсерлене бермейтін нәрседен әсерленетіні. Бұл – ақынның табиғаты» [3. 8-б.]. Шабьттан, махаббаттан, тебіреністен туындаған танымал ақын С.Қазтаевтың лирикалық өлеңдері оқырманын бірден баурап алады. Бұл – ақынның шеберлігі.

Жерімізге көрік берген, көптеген ақын-жазушыларымыздың шығармаларына арқау болған Алатауды талант иесі өз өлеңдеріне қосқан. Ақынның қаламынан туындаған «Алатауым» өлеңі таудың ерекше суретін берген.

*Жер бетінде тым елеулі бір мүсін,  
Алатауым, асқақтап қарап тұрмысың.*

*Өзіңе қарап көтерді Ерлер еңсесін,  
Ал ақындар өзіңнен алды жыр – күшін.  
Тұлғаланып, төріне жер жайландың,  
Жүректерге шуақ болып байландың.  
Көркіңменен көкірегіне қонақтап,  
Талай әннің бастауына айналдың.*

Оптимист ақын асқақтап қараған Алатауды суреттеп, асқар таудың ақындардың өлең-жырларына арқау болу себебін айтып, келешек ұрпақтың өсіп-жетілетініне сенім артады.

*Бұлақ, шуақ қойныңнан атқылап,  
Арналанып барады зой шапқылап.  
Сол ағысқа тербетіліп сезіммен,  
Талай жастық өз саяңнан тапты бақ.*

*Алатауым – өрде тұрған жұлдызым,  
Ел жұртына қарай бұрған нұр жүзін.  
Қойнында оның сан ұрпағым жетілді,  
Алда талай қанаттанар ұл-қызым* [2. 277-б.].

20 шумақты «Жетісуым» өлеңінде де Алатауды жыр жолдарына қосқан.

*Алатауың, қымбат маған жар, тасың,  
Тағып алған мойынына алқасын.  
немесе:*

*Жеті өзеннен нәр татқызып жұртыңа,  
Алатауға тұрсын далам сүйеніп* [2. 92-б.].  
Жерұйығы Жетісу өлкесінің әсем суретін ақын шебер суреттеген. Мысалы:

*Жетісуым – әулиелер мекені,  
Жетісуым – сан түрлі ағын арнасы* [2. 91-б.].

*Жеті өзенің – бұрымдарың өрілген,  
Қос жанарың – Алакөл мен Балқашың.  
Бастауы да, шайбауы да сөзімнің,  
Қарашығы – Жетісуым көзімнің* [2. 92-б.].  
Дарынды ақынның табиғат лирикасы – сырлы да әсерлі туындылар.

«Табиғат пен адам» өлеңінде жастық шақтың алыстап бара жатқанын және т.б. жағдайларға тоқталып, табиғатты қорғау мәселесін көтереді.

*Ұшқын ұшып өзім қаққан қайламаннан,  
Небір сынақ түтініне байланғам.  
Табиғаттың тарылмасын тынысы,  
Тіршіліктің қонысына айналған.*

*Игеріп те өмір-өріс саласын,  
Жасантпасаң онда өзің де шаласың.  
Туырлығын биіктете алсаң сен,  
Табиғаттың тумасы боп қаласың* [2. 236-237-б.], – деген шумактарда сөз шебері қайла (қайла-кен, көмір қазу жұмыстарына пайдаланылатын ағаш сапты темір күрек [4. 454-б.]), туырлық (Туырлық. Киіз үй керегесінің іргесінен уықтың орта беліне дейінгі жерді жауып тұратын киіз [4. 821-б.]) сөздерін айтар ойын беруде ұтымды қолданған.

Ақын тіршілік пен табиғат етене тығыз байланысты болатынын, адамдардың табиғатты өздері құртып жатқанын және оны сақтап қалу олардың қолында екенін айтады. Мысалы:

*Тіршіліктің басты бағы – табиғат  
Екендігін ұға алмай жүр Адам.*

*Сынақтардың түтініне улатып,  
Өз бағына келеді Адам жара сап.*

*Дарыныңды, арыныңды сал, Адам,  
Бар қалытын сақтау үшін далаңның.*

*Өз күшіңнің айбары, Адам, сезілсін,  
Мына дала қайтіп, мейлі, көз ілсін,  
Бар табиғат қалтын сақтап қалатын,  
Бір Құдайдан кейінгі күш өзіңсің* [2. 236-237-б.].

С.Қазтаев шығармалары табиғатқа байланысты бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтерген. Оның жалынды өлеңдерін оқығанда, жүрегінің нұры сезіледі.

«Табиғатпен тілдесу» өлеңінде ақынның өзі табиғаттың тілін таба алмаса, әнді бірге салмаса, туысы болып қалмаса, талабы сырт айналып кететінін баяндайды.

*Жанашары, жақыны боп қалайын,  
Бар болмысын бақытыма балайын.  
Бірен-саран ашуына көндігіп,  
Табиғатты аялай да алайын, – дей келе:*

*Жақсара да түседі зой ел күні,  
Табиғатпен тауып жүрсе жарасым.*

*Игерем деп әр түрлі бір саланы,  
Құр жұлмалай бермей мынау даланы.  
Табиғаттың қамқоршысы бола алсаң,*

*Қолтығының астына ол да алады* [2. 50-б.], – деген тұжырым жасайды.

Ақын «Гүл еккің» өлеңінде:

*Далаңды келсе егер түлеткің,  
Күшімен жүректің, білектің,  
Әр, нәрі болатын өмірдің,*

*Құлпыртып, жайнаған гүл еккің!* [2. 20-б.] – деп үндеу тастайды.

Сезімге толы жанның табиғатқа деген ерекше көзқарасын білдіретін туындыларының бірі – «Табиғатымен емделем» өлеңі. Өзі ауыра қалса, туған жердің шуағы, желі, табиғаты, бұлағы шипа, ем болатынын жеткізеді. Оның туған жерге деген шексіз махаббаты мен құрметін өлең жолдарынан аңғарамыз.

*Алласына сыйынар-ау ішінен,  
Туған жердің қадірін де түсінген.  
Бақыттырақ сезінемін, Жетісу,  
Құшағында тұрғаным да үшін мен* [2. 23-б.].

Суреткер ақын жыл мезгілдерінің де суретін шебер берген. Оның «Көктемгі қарбалас», «Жайсыз көктем» және т.б. өлеңдері осыған дәлел.

«Көктемгі қарбалас» өлеңінде жердің, табиғаттың құлпырған шағын тасқын, жар, беткей, әжім, бұлбұл және де қырау, шық сөздері арқылы тиімді суреттейді.

*Тасып ақты тасқын да арнасынан,  
Осындайда керек-ау жарға шыдам.  
Маңдайына беткейдің түсіпті әжім,  
Таңдайына бұлбұлдың жармасып ән.  
Күн жанары аязды ықтырады,  
Қырау емес, қайыңға шық тұрады* [5. 37-б.].

Ақын көктем мезгілінің көрінісін көктемгі тіршілікпен, қарбаласпен толықтыра түседі.

*Қамданбаған адамдар қапы қалып,  
Бар байлығын қолдағы ұттырады.*

*Салып айқай, жүргенмен жазып ұран,  
Өзгермейді тірліктің сазы бұдан.  
Бірақ күнге кешіксе онда адам,  
Айырылады мың күнгі азығынан* [5. 37-б.].

Елге жайсыз келген жыл мезгілін «Жайсыз көктем» өлеңінен көреміз.

*Тұсады сәуір, қыс айы жсмай айылын,  
Мұздақпен қалың сіресіп жатыр жайылым.*



*Астында мұздақ, тіршілік жатыр тұншығып,  
Келсе де кезі, көктемей қалды мың шыбық.  
Еспейді самал – боранға долы жол беріп,  
Қайтпай тұр аяз – жылытпай жерді күн шығып.*

**Ф.САПАРОВА,**  
Бударин орта жалпы білім  
беретін мектеп-балабақшасы,  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы

*Көтеремдіктен уызына да жарытпай,  
Ілесе алмай адасып қалды арық тай [5. 46-47-б.], –*

деген өлең жолдары арқылы сәуір айының жұртқа жайсыз, ауа райының шаруашылыққа тиімсіз болғанын жеткізеді.

Кез келген ақынға, жазушыға туған жер мен оның сырлы да жұмбақ табиғаты әсер етпей қоймасы анық. Ақын Сатыбалды Қазтаев табиғаттың әсем суретінен, туған өлкенің тасынан, суынан, топырағынан, желінен шабыт алды. Оның қаламынан туындаған жанға шипа, дертке дауа болатын туған жер мен оның керемет табиғаты жөніндегі өлеңдері оқырман қауымның көз алдына тамаша суреттерді елестетіп, түрлі ой салатыны сөзсіз. Дара тұлғаның өлеңдері сырға толы. Асыл сөздерді моншақтай тізген ақынның шырарайлы, сазды шығармалары – асыл қазына.

Әдебиеттер:

- 1 «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. 1-т.–Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998
- 2 Қазтаев С. Ұрпақтарға ұлағат. – Алматы: Дәуір, 2011
- 3 Мұқағали. Республикалық әдеби-мәдени, танымдық журнал. – Алматы: Дәуір, №6 (18) мамыр 2007.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008
- 5 Қазтаев С. Өмір өткелдері. – Талдықорған: Кирбасов, 2010.

### **ЗАРИСОВКИ ПРИРОДЫ В СТИХОТВОРЕНИЯХ САТЫБАЛДЫ КАЗТАЕВА**

В статье рассматривается пейзажная лирика в поэзии известного поэта Семиречья Сатыбалды Казтаева.

Ключевые слова: поэт, стихотворение, поэтическое произведение, образные выражения, строфа, идея, поэзия, лирические стихотворения, мастерство поэта, пейзажная лирика.

### **NATURE PIECES IN THE POEMS BY SATYBALDY KAZTAEV**

This article is concerned about the landscape lyrics in the poetry of a famous poet of “Semirechje” /Seven Rivers/ Satybaldy Kaztaev.

Key words: a poet, lyrics, poetry works, figurative expressions, four lines, idea, poetry, lyrical poems, the poet’s art, landscape lyrics.

## **МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕР-АЗАМАТ ОБРАЗЫНЫҢ ОЙСЫЛ ҚАРА ТҮЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ АРҚЫЛЫ БЕРІЛУІ**

Махамбет мұрасы көпшілікке 59 өлеңімен белгілі, ал көлемі 1400 жолға жуықтайды. Ақынның бар мұрасы, әрине, бұл ғана емес. Жиналмай жүрген талай тамаша өлеңдері бар. Тұңғыш өлеңі ескі араб (кадим) әрпімен басылған «Шайыр яки қазақ ақындарының басты жырлары» деген жинақта 1912-1913 жылдары Орынбор қаласы Каримов-Хусаинов компаниясының паровой типографиясында шыққан жинақта басылған. Ол «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңі еді. Бастырған Ғабдолла Мұштак деген бүркеншік атпен Ғұмар Қараш екен. Ал Махамбетті зерттеу Ресейде 19 ғасырдың 30-40 жылдары басталған. 1839 жылы жазушы жиһанкез Е.П.Ковалевский онымен кездесіп, оның ақылы мен шешендігіне таң қалып, өз халқының адал перзенті екендігін атап өткен. Одан кейін 1841ж. Я.В.Ханыков, 1917ж. Н.Ф.Савичев, 1924-1927ж. Г.Сербаринов, Халел Досмұхамедов зерттеулерін жазған.

Әдеби тұрғыдан Тайыр Жароков (Байшеркешов деген лақап фамилиямен) мақала жазған, кейінірек Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов, Қажым Жұмалиев тарапынан терең зерттеулер болды. Академик Қажым ағамыз дәл әрі мазмұнды ғылыми зерттеулер, талдаулар жасады. Ол қазіргі БҚМУ-да, сол кездегі Орал педагогикалық институтында қызметін бастаған.

Оның ісін Салық Зиманов, Әнес Сарай, Исағай Кенжеғалиевтер жалғастырған. Махамбетті шетелдік ғалымдар да зерттеп, талдап, бағалады. Соның бірі АҚШ-тың Дьюк университетінің профессоры Томас Виннер «Махамбеттің ықпалымен патриоттық поэзия дәстүрі қарқын ала дамыды» деп баға берді.

Махамбет поэзиясы - әлемдік әдебиет мұхитына келіп құйылатын айбынды да арналы өзен. Ақын шығармашылығы туралы батыс және шығыс авторларының еңбектері арқылы әлем

жұртшылығы қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресінің сан ғасырлық тарихы бар екендігін, оған құлдық психологияның жаттығын, рухының асқақтығын білді.

Кешегі Желтоқсан көтерілісі де – «шамырқансам сынар болатпын» деген Махамбеттің асқақ рухының көрінісі. Махамбет шығармашылығы ел егемендігі мен тәуелсіздігі үшін мүлтіксіз қызмет етіп келеді.

Сондықтан Махамбеттей ақынның жырлары тәуелсіз елдің ұландарының жүрегінен орын алады, жігерлендіреді.

Сол себепті де мен таңдауымды Махамбет поэзиясына арнадым, өз сабағымда қосымша материалдар арқылы танымдық мәліметтер беремін, соның бірін әріптестер назарына ұсынамын.

Оның поэзиясы жан-жақты зерттелді, әлі де зерттелуде, дегенмен оның поэзиясындағы Ойсыл қараның орны мен сөз кестесіндегі өрнегіне жеке тоқталғанды жөн санадым. Тың тақырып деп ойлаймын.

Махамбет өлеңдері – Алтын Орда, Ноғайлы дәуірінде Алтай мен Дунай арасын жайлап, жарты Жемді билеген көшпенділердің өкілдері – Доспамбет, Қазтуған, Ақтамберді жырларының заңды жалғасы. Жорықкеш жыраулар үнінде империялық өктемдіктің лебі ессе, Махамбет жырларында бағы тайса да рухы мұқала қоймаған сол баяғы көшпенділердің жауынгерлік ерлігі семсердей жарқылдайды. Олардың жігерін жанып, көңілдеріне желік бітіретін жансеріктері – «ертеден салса кешке озған, ылдидан салса төске озған» тұлпарлары еді. Десек те, қазақтың пір тұтқан түлегінің ерен күші мен төзімділігі, құдіретті де қасиетті ерекшелігі дәріптеледі. Жырға қосып, оның бағын жандырап, мәртебесін көтерер баға берген.

*Жатқан жері даладай,  
Азу тісі қаладай,  
Екі өркеші баладай,  
Қаршылдаған бурасы,  
Жалбыраған шудасы,  
Жібектен болсын бұйдасы  
Шудаларын шаң басқан  
Төрт аяғын тең басқан  
Екі өркешін қом басқан  
Алабота, теріскен,  
Тілін тікен теспеген.  
Көшкенде жонды шаңдаттып  
Жақсы жайға қондырсын  
Шаруаны толтырсын!*

*Көзі жарық жұлдыздай  
Мойны иілген қобыздай  
Құйрығы ұзын қамшыдай  
Шудасы бар жалшыдай  
Мауың, мауың маң басқан  
Мұрындығы келіскен  
«Шөк» дегенде «бық деген»  
Шешіп үйсін жүктеген  
Ойсылқара баласы  
Түйе бассын үйіңді.*

Түйенің киесі туралы аңыз Абылай хан өмірінде кездеседі. Абылайдың киелі көреген Ақбурасы жайында ел ауызында әңгіме бар. Жауға аттанар алдында ханға бағыт-бағдар сілтеп отырған, оны қорғап, желеп-жебеп жүрген.

Осындай киесі мен қасиетімен бірге сұлулық пен нәзіктік символы ретінде де таңдалған: қызын Ботагөз, Ақбота деп атаса, ботадай боздап, боталап, ботакөз ару сияқты тіркестер әлі де сөздік қорымызда қолданыста жүр.

Ұлдарының қажыр-қайратын, күш-жігерін суреттеуде «атандай жігіт», «нар тұлғалы», т.б. тіркестер Ойсыл қара түлігінің бәсін көтеруде.

Ал, айбынды ақын алдаспан жырларында осы бір қасиетті түліктің ерекшелігін аша түсті. Бейнелі, көркем образдарды беруде ұтымды пайдаланған.

Махамбеттің қазақ тұрмысын, әсіресе, туған өлкесінің айырықша жаратылысын, өсімдік, жан-жануар дүниесін жақсы білетіндігі «Мұнар да мұнар, мұнар күн» және тағы басқа өлеңдерінен ап-анық көрінеді. Махамбеттің өлеңдерінде бейнелі, айшықты образдардың неше түрі жүр. Аруана, нарқоспақ, үлек, кәтеп, буыршын, бура, атан, қара нар секілді.

*Қыдырып шалар аруана...  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Бура атанға шөккен күн,  
Сендей нарқоспақтың баласы  
Қара нардан туған кәтепті  
Қайтпас қара нар керек  
Біздің бүйткен бұл іске – деген секілді.*

Махамбет ақындығы - әскери қолбасшы ақындығы, қазақ тапқырлығының ақындығы. Сондықтан да Махамбет ешкімге, еш ақынға ұқсамайтын жеке дара тұлға. Абайға дейінгі барлық ірі ақындар ортасында Махамбет орны бөлек тұр. Ол қазақтың

бейнелі, шешен сөзді Бұқар жырау бастаған тамаша ұлттық поэзиясының, оның ішінде жорық поэзиясының асқан шебері, бүгінгіше айтсақ, классигі.

Махамбет поэзиясында сөз байлығы, әсіресе, көне қазақ сөздерінің молдығы көз тұндырады. Сондықтан да бүгінгі зерттеушілер әр сөз, теңеудің дәл шығу төркінін таба алмай, әуреге түседі.

Махамбет тілге ең күшті, ең бай ақын. Ол қазақ тілінің асылын, нағыз шырайын таңдап ала, білген. Оның өлеңдерінен поэтикалық тілдердің қай-қайсысы да табылады. Бұл жағынан алғанда Махамбетті қазақ тілінің энциклопедиясы деуге болады.

Махамбет поэзиясының тілі әрі образды, әрі өткір, әрі күшті болумен қатар, әр сөзі орынды, әр жағдайдың өзіне лайықты, тән болып келеді. Оның тілінің күштілігі де, көркемділігі де мазмұнға бағыныңқылы.

*Мұнар да, мұнар, мұнар күн,  
Бұлттан шыққан шұбар күн.  
Буыршын мұзға тайған күн,  
Бура атанға шөккен күн.*

Ақын хан, патша, билердің ел басына туғызған қара күндерін, басқа күндерден айыра көрсету үшін, сол күннің бейнесін оқушыларының көз алдына елестету үшін, «күн» деген сөздің алдына «шұбар», «мұнар» деген эпитеттер қолданса, осы үзіндідегі:

*Буыршын мұзға тайған күн*

*Бура атанға шөккен күн*, - деген жолдардағы өткен шақтың есімше етіс арқылы жасалған эпитеттермен аралас келген контраст шебер қолданылған. Мақсаты орындалмай, Исатай өліп, жолдастары оққа ұшып, көтеріліс жеңіліске ұшырап, оңға деген ісі теріске, ойлаған мақсат керісінше шыққандықтан қайғылы Махамбет образын береді.

Дұрысын алғанда буыршын, жалпы жас түйе мұзға таймайды, оның қара құсы, яғни тырнағы өткір, табанының мөрі бұдыршақ келеді. Мұны білетін ақын осы шалыс келген образ арқылы ер басындағы қайғыны көрсеткен.

Махамбет Исатайды арыстанға балап, ал өздерін апатқа ұшыратқан жауын, ақын ел ұғымындағы ең оңбаған жануарға балайды. Баймағамбетке арнаған мына жолдары: «Сендей нарқоспақтың баласы» дейді.

Бұл метафора қазақ халқының ең жек көретін метафорасы. Өйткені бағып отырған, малын білетін көшпелі елдің түйе малының ішінде ең жақсы көретіні:

Бір тума нар, қосжампоз, онан кейінгісі кез. Бұл қоспақ – ең

жек көретіні гөрт, жарыбай, сұлама, нарқоспақ. Міне, Махамбет жауын жексұрын етіп көрсету үшін және Исатайдың ширегіне келмейтін етіп суреттейді.

Қарадан туса да ханға татыр нағыз ердің бейнесін «Тайманның ұлы Исатай» өлеңінде былайша берген:

*...Айырдан туған жампоз бар*

*Нарға жүгін салғысыз*, - деп қанша қиындық түссе де, қайтпас ер тұлғасын аша түседі. Жампоз айыр өркеш асыл тұқымды бурадан туған көнбіс, күшті түйе бейнесімен салыстырады. «Мінкен ер» өлеңіндегі мына жолдар қажымас, қайратты азамат образын былай суреттейді:

*Қабырғасын сөксе де,  
Қанын судай төксе де  
Қайтпас қара нарды – деп суреттейді.  
«Толарсақтан саз кешкен» толғауында:  
Толарсақтан саз кешіп,  
Тоқтамай тартып шығарға  
Қас үлектен туған кәтепті.  
Қара нар керек біздің бұл іске.*

Себебі, Махамбеттің ісіне тек қана үлек, қара нар ғана жарайды. Ал, кәтеп – «жүк артқанда нардың өркешіне батпас үшін ұзынынан салынатын ағаш».

*Айырдан туған жампоз бар,*

*Нарға жүгін салғысыз*

*Аруанадан туған мая бар,*

*Асылын айуан десе нанғысыз...*

Міне, есімшенің *-ған* және *-ар*, *-ма*, *-с* формаларының суреттемелік, сипаттауыштық-анықтауыштық қызметте жиі келіп, поэтикалық, стильдік-тілдік құрал ретінде өлеңнің формасын жасауға актив қатысуы халық поэзиясы сияқты Махамбет поэзиясының да ерекшелігі.

Махамбет өлеңдерінде аттан басқа қолданылған қазақы жануар-қара нар. Түйе жануарына байланысты «Айырдан туған жампоз», «нар», «аруанадан туған мая» атаулары «Тайманның ұлы Исатай» өлеңінде батырды дәріптеу үшін қолданылған теңеулер. «Арқадағы Әлім қайспас қара нар» деп мақтаса, өз дұшпаны Баймағамбет сұлтанға «нар қоспақтың баласына» теңейді. Баймағамбеттің тегін кемітеді. «Қоспақ» сөзі қазаққа тегі таза емес деген ұғымда жиі қолданылады. «Біз ер едік» өлеңінде «Қалмаққа шатыс хайдарды» көптеген қырсықтың қатарына түйеге байланысты «Буыршын мұзға тайған күн, Бура атанға шөккен күн», «Қатарланған қара нар, Арқанын қиып алған күн» сияқты жамандықтар беріліп,

«Исатай батыр өлген күн» қоғамдық қайғы ғана емес, табиғаттың болмайтын нәрселері іске асқаны сияқты айтылады.

Ал «Толарсақтан саз кешіп» өлеңінде ерекше күш иесі «қас үлектен туған қара нар керек біздің бұл іске», «қабағын шытпас ер керек» деп салыстырмалы беріледі. (Үлек нардың таза тұқымды бурасы екенін ескерсек, Махамбет қан тазалығына, тұқым асылдығына аса назар аударғанын байқаймыз). Осы екі күштің –адам мен жануардың бірлігі ғана жорықтың әр түрлі қырларын аша түседі. Жалпы Махамбет өлеңдерінде ерлерді, ерлікті дәріптеу үшін еркек тұқымды аң-жануарлар қолданылды: еркек қой, нар, бура, төбет,серке,бөрі,т.б. Бұлай қолдану халықтың санасындағы ерлік тек қана азамат қолынан келеді деген сипатында болса керек.

Міне, осылайша жорық ақыны Махамбеттің өлеңдерінде табиғат пен қоғам және адам тұтастығы әр түрлі тәсілдер арқылы бірін-бірі толықтырғанын көреміз. Оның поэзиясындағы аң-жануар, табиғат құбылыстары ақынның метафораны қолдану шеберлігін және дәстүрлі дүниетанымды дамытушы екенін көрсетеді.

Ел намысын қорғап, көкірегін кек кернеген дауылпаз ақынның қазақтың қара өлеңіне ойын сыйдыруы қиын еді. Сондықтан да Махамбет өлеңдерінен, сөз сараптауынан өзінің образын-өршілдігін, өжеттігін, қайсар-қайтпас жаужүректігін, елге қамқор, жауға аяусыз, сөйлер сөзге келгенде шешен, ақпа-төкпе ақын екендігін байқау қиын емес.

Қазір өз қазағымызға өз ана тілін бұлдап өткізе алмай жатқан мына заманда, ұлттық намысын жоғалтқан, ұлттық санасын солғындатқан, сөйтіп қазақ атын болмаса жаттанып, өзгеленіп бара жатқан жігерсіз, жетесіз қандастарымызға өлі денеге де жан бітірер оның қаһарлы жырлары аса керек-ақ. Қазақ сөзінің есінді жиғызар әл-қуаты, камал бұзар қаһары, өңменіңнен өтер өткірлігі, батырлыққа, ерлікке, отансүйгіштікке жетелер жойқын нөпірі бәрі, бәрі, Махамбет жырларында кемерінен асып тұр. Махамбет өлеңдерін оқып, одан рухтана білмеген, ұлттық намысын оятып, ұлт тілінің құнарынан сусындай алмаған пендені қазақ қатарына қосу қиын. Өйткені, данышпан М.Әуезов сөзімен айтқанда: Бүкіл қазақ әдебиетінде қимыл мен күрес жырын Махамбеттей жырлаған ақын болған емес.

Әдебиеттер:

1 Өмірәлиев Қ. «Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысы»

2 Жұмалиев Қ. «Махамбет поэзиясының тілі».

3 Манкеева Ж. «Махамбет өлеңдеріндегі тарихи лексикалық ұлттық мәдени фон».

4 Мырзағалиева К. «Махамбет тілінің айшықтары».

5 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2005 №6. 40-б.

Г.ҚЫЛЫШБАЕВА,

№ 5 гимназия.

Астана қаласы

## МАХАМБЕТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАТЫ – «АЗАТТЫҚ. ТӘУЕЛСІЗДІК. МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Елбасымыздың Жолдауында «...Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. ...Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» -деп, аса тебіреніспен, сеніммен айтқан ойын басты ұстаным етіп, баяндаманың тақырыбын «Махамбет жырларының ұлттық мұраты – «Мәңгілік Ел» жеке тұлғаға бағытталған сабақтардың ажырамас бөлігі» деп алдым.

Еліміз сан ғасырлар бойы тәуелсіздікті тілеп, сол үшін күресіп, азаттықты аңсады. Ел бодандықта ғұмыр кешіп, тағдыр тепкісін көп көрсе де, ой еркіндігінен тыс қалмағанымызға туған әдебиеттегі қарапайым халықтың жоғын жоқтап, ызасы мен кегін, езілген ердің еңсесін нықтап, рухын көтеріп, олардың болашаққа деген сенімін нығайтқан тұлғаларымыздың туындылары куә. Сондай тұлғаларымыздың бірі, бірегейі – Махамбет. Махамбет тұлғасы – тарихи тұлға. Тарихи тұлға – тарихтың өлшемі. Яғни ел, халық үшін маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, халық тағдырына жанашыр болған адамды халықтың өзі бағалап отырған.

Махамбет – осындай бағаға ие тұлға. Махамбет жайында айтылатын ойлар қаһармандықты, шынайы өмір белестерін тану үшін, ұлттық рухымызды әр уақытта дамыту үшін аса қажет. Әр ұлттың еңсесін көтеретін, сол ұлттың рухын оятатын өз ұлтын сүйіп, өз ұранына берілген зиялы жандарды бағалау – кейінгі ұрпақтың парызы. Махамбетті жырлау – ұлт рухын жырлау деген тебіреністі тілеуден әр ұрпақ тәлім алса, тағылымы сонда болар еді. Өзін емес, қазақтың елі мен жерінің тағдырын ойлаған бір ақын болса, ол – Махамбет. Отанын шексіз сүйген батыр болса, ол да – Махамбет. Қазақ поэзиясының шырқау шыңдарында әрі ақын, әрі батыр, әрі күйші болып өшпес із қалдырған да – Махамбет. Олай болса, Мәңгілік қазақтың перзенті болу үшін Махамбеттің

бойындағы әрбір қасиет әрқайсымыз тәрбиелеп отырған жеке тұлғаның бойындағы бойтұмары болса, Елбасы Жолдауында көтерген болашағымызға бағдар болатын, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясы қазақтың Мәңгілік Ғұмыры Мәңгілік Болашағын баянды етеді деп ойлаймын.

«Фарабилер мен Бейбарыстардың өсиеті де өзінде,

Махамбет сынды жолбарыстардың қасиеті бар сөзінде» - деп Ұ.Есдәулет айтқандай, «Махамбеттің қасиетті сөзі» деп баға беруі әрбір жеке тұлғаға ой салуы қажет. Неге десеңіз? Біз қасиет тұтағын, тәу етер жалғыз киеміз – тәуелсіздік емес пе еді?! Сол тәуелсіздік - Махамбеттің басты арманы болып, жанын отқа да салған, суға да салған сөз иесі – ақын, іс иесі – батыр. Осы екі қасиет басына қатар қонған Махамбет – туған халқының адал перзенті. Махамбеттей батырды күш сынасып емес, қапияда қолға түсірген екіжүзділердің қолынан қаза тапқанда, тәуелсіздік үшін жанын құрбан еткен ақын «ауырды жаным, ауырды тәнім» демей, артымда қалған «елімнің», «жерімнің» тағдыры не болады?- деп аһ ұрған екен.

«Оқығаныңды айтпа, тоқығаныңды айт» деген қағидалы сөз бар. Оқушылар оқығандарын көңілге тоқи отырып, «Махамбеттей елін, жерін сүйсе, Махамбеттей ақын, батыр болса» басты арманымыздың орындалғаны емес пе?!

Ол үшін білім алып отырған оқушы мен білім беріп отырған ұстаздың арасында қандай шығармашылық байланыс болуы қажет? Енді осы сұраққа өз іс-тәжірибем арқылы жауап берейін.

Біз, тіл мамандары, әдебиет пәнін оқытуда көркем туындыларды тек мазмұндаумен ғана шектелмей, оқушыларға бағыт-бағдар беру арқылы, бала қиялына, қиялына ерік беру арқылы, олардың айтқан ойына түсіністікпен қарап, ондағы ұлттық болмыс пен ұлттық құндылықтардың тақырыптық, идеялық, тәрбиелік және әлеуметтік мәнін ашып, сөз тапқырлығына талдай оқытсақ, ұтарымыз мол болмақ. Мен жоғарыда бала қиялы деген тәсілді айттым, бұл жөнінде ойшыл ақын, көрнекті ағартушы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде «...Фантазиясыз адам өмірі өңсіз, түссіз бір нәрсеге айналмақ. Мылқау өмірге үн беретін, сақау өмірге тіл беретін, жоқты бар қылатын, барды гүлді, көрікті қыла алатын, бізді арыға аяқ басқызып, тәңірмен тілдестіретін – сол фантазия» деген болатын. Олай болса, баланың шығармашылық ізденісі арқылы дарынын қалыптастыруда мұғалім өзінің қиялын баланың қиялымен ұштастыру қажет.

Осы мақсатта М.Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін талдағаннан кейін бала қиялына ерік беру қажет. Ол үшін мұғалім

балаға бағыт-бағдар беруші ретінде төмендегі сұрақтарды қою керек. Махамбет жырларының ұлттық мұраты не? «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңіндегі ақын арманын өз арманың арқылы көрсет. Егер өз өмірін, күресін отты жырларына арқау етпесе, Махамбет көп батырлардың бірі болып қалар ма еді?! «Махамбетше жырласам...» деген тұжырым-балама болжам бойынша өлең шығар. Осындай іздендіру жұмыстарының нәтижесінде 9-сынып оқушысы А.Жарбосынованың «Білімде жеңіс болар ма?» атты төл шығармасы дүниеге келді.

*Ұстазды тыңдап, үлгі алмай,  
Білімге ынта зер салмай,  
Жырларды оқып көз салмай,  
Қарындаш үшкір ұшталмай,  
Қағазға толқып ой жазбай,  
Дәптерде жазар жер қалмай,  
Жазуда қолдан күш қалмай,  
Ойыннан алыс бой түзеп,  
Темірдей тәртіп ұсталмай,  
Күнде сабақ оқылмай,  
Көкейге білім тоқылмай,  
Қалың кітап жастанбай,  
Өнердің жолы басталмай,  
Білімде жеңіс болар ма?!*

Жеке тұлғаның осындай төл шығармасының дүниеге келуі мұғалімнің оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін дұрыс пайдаланып, оқушы ойлана алатын мәнді сұрақтар қоя білуінде жатыр.

Елбасымыздың «Махамбет – ұлттық тұлға, оның батырлығын, ақындығын, күйшілігін, азаттық жолындағы күрескерлігін болашақ ұрпақтың санасына сіңетіндей етіп кеңірек дәріптеу керек», - деген сөзін басты ұстаным етіп, аты аңызға, өмірі өнегеге, өнері ұранға, жырлары нақылға айналып кеткен тағылымдық мәні бар өлеңдерімен артына өшпес мол мұра қалдырған, халық рухының көрінісіне айналған Махамбеттей өршіл рухты ақынның тәлімін оқушы бойына дарыту мақсатында, әрі мұғалімдерге көмекші құрал ретінде «Махамбеттану» курсының Блум таксономиясы бойынша деңгейлік сұрақ-тапсырмалар» атты оқу-әдістеме құралы мен оқыту бағдарламасын дайындадым. Бұл жұмыста Махамбеттің өлеңдеріне талдау жасалынып, оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдері көрсетілді.

Махамбеттен бастап, ойшыл-ғұлама тұлға Абайдың, жыр алыбы Жамбылдың, әлемдік деңгейдегі классик суреткер М.Әуезовтің,

т.б. ақын-жазушыларымыздың осындай қасиетті тұлғалардың өсиеті арқылы оқушылардың рухани дүниесі байиды, туған тілін сүюден, адамзатты құрметтеуге дейінгі сезімдері тәрбиеленеді.

Осы ойымның дәлелі ретінде М.Жұмабаевтың тағы да «Педагогика» атты еңбегінен «...Бала ертегіні жан-тәнімен тыңдайды, ертегіге шын көңілімен нанады, бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандырып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтылғанмен бірдей. Егер сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігінен қор болғанын, зиян көргенін суреттеп алып келсең, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», - деген сөзінен Махамбет шығармашылығын оқыту арқылы Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі арманы екенін, Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек екенін ұқтыра аламыз.

Ал Махамбетті жырлау – халық рухын жырлау, адам бойына ізгі қасиеттерді дамытып, алдымен өзіне-өзін сыни көзқарасын қалыптастыру, сол арқылы өзгені танып, салыстыру нәтижесінде ұлттық құндылықтарымызды бағалау. Ереуіл атқа ер салған, егеулі найза қолға алған, еңку-еңку жер шалған Махамбеттей ақынның өмірі, жырлары – қазіргі ұрпақтың да зерделік қаруы болып, тәрбиелік мәні зор, игілігіне айналуы керек.

Мен өз ойымды Елбасымыздың сөзімен бастап едім, қорытынды ойымды да Елбасымыздың сөзімен аяқтағалы отырмын. «Мәңгілік Ел – ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. ... Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді». Олай болса, «Азаттық. Тәуелсіздік. Мәңгілік ел» - Махамбет жырларының ұлттық мұраты еді. Махамбеттей ақынның өмірін, жырларын оқыту арқылы – өскелең ұрпақтың бойына байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді сақтайтын ұрпақ тәрбиелейік, құрметті ұстаздар!

Әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

2 Жұмабаев М. Педагогика. А., «Мектеп», 1989.

3 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. Астана, 2014.

4 Бітібаева Қ. Әдебиеттік оқыту әдістемесі. А., «Рауан», 1997.

5 Қабдоллов З. Сөз өнері. А., «Мектеп», 1982.

6 Тұрғынбаева Б. Шығармашылық баспалдақтары. А. «Дәуір», 2001.

7 Есдәулет Ұ. Шығармалар жинағы. Алматы: Атамұра, 2004.

**Н.ДҮЙСЕНОВА,**  
**Т.Айбергенов атындағы**  
**мектеп-гимназиясы.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Шардара ауданы

## **БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Ауыз әдебиетінің бір саласы – мақал-мәтелдер десек, осы мақал-мәтелді шығарушылардың аты-жөні бізге белгісіз деп келдік. Ауыз әдебиетінің бір саласы мақал-мәтелдерден елдің даналығын, танымын, тәлімін, мінез-құлқын түгел білеміз.

Өткендегі нәрселер өткенмен бірге із-түзсіз кетпейді. Бүгінгі - кешегінің жалғасы, болашақтағының себепшісі. Өмір диалектикасына жүгінсек, ғайыптан пайда болатын еш нәрсе жоқ екен, кешегі мен бүгінгі, бүгінгі мен ертеңгі бәрі де бір-бірімен табиғи да, тарихи тұрғыдан байланысты.

Сондықтан Бұқар толғауларындағы мақал-мәтелдерге арқау болған жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, жастық пен кәрілік, татулық пен араздық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық өткен уақыттың өткелінде қалып қойды десек бекер болар еді.

«Өмір – ұлы ұстаз» деген де нақыл сөз бар. Өмір адам баласын алдымен еңбекке үйретті, еңбек өнерді туғызды. Еңбек пен өмір адамды бірлікке бастады, ынтымаққа шақырды. Жасау үшін, өмір сүру үшін өзендерге көпір салу, өзендерді байлап арық шығарып, егін егу керек болды. Бірлік қиын еңбекті оңайлатты, ауыр тұрмысты жеңілдетті. Осыны өзінің ащы тәжірибесінен тұщы сабақ еткен халық қорытып, түйгенін кейінгіге: «бірлік болмай – тірлік болмас», «ынтымақтың түбі – игі», «бірлік түбі – береке, көптің түбі – мереке» деп мақал етті.

Мақал-мәтелдерді байытып отыратын тағы бір сала-сала бұлақтар бар. Олар – нақыл сөздер, толғаулар, шешендік сөздер, жеке сом айтылған мағыналы өлең, өлең жолдары, тақпақтар. Мысалы: Бұқар жырау сөз өнерін аса жоғары бағалаған.

Ел бастау қиын емес,

Қонатын жерден көл табылады.

Қол бастау қиын емес,  
Шабатын жерден ел табылады.  
Шаршы топта сөз бастаудан  
Қиынды көргем жоқ, -  
деп, «Сөз өнері – дертпен тең» екенін барынша сезінген.  
Бұқар жырау толғаулары ғибрат, үлгі-өнегеге толы.

Мысалы:

*Асқар таудың өлгені –  
Басын мұнар шалғаны.  
Қара жердің өлгені –  
Қар астында қалғаны.  
Өлмегенде не өлмейді,  
Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді.*

Осы өлеңінде табиғат қуатына терең көз жібере отырып, солардың бәрінің де өліп, өшіп, өзгеріп отыратынын нанымды дәлелдейді де, бүкіл ой-білімін, талант-дарынын, өмірін, адамзаттың асыл арманы үшін сарп еткен адамдардың есімі де, олардың артына қалдырған аталы сөздері де ғасырларға кете береді деген түйін жасайды.

Бұқар жақсылық пен жамандық, достық жалпы адамгершілік жайында да құнды пікір қалдырған.

*Жаманмен жолдас болсаңыз,  
Көрінгенге күлкі етер.  
Жақсымен жолдас болсаңыз,  
Айрылмасқа серт етер.*

Бұл мақалдарда жырау жастарды жамандықтан бездіріп жақсылыққа үндейді.

*«Ит жүгіртіп құс салсаң  
Киген тоның түлкі етер» -  
деп, адал кәсіпті дәріптеген.  
«Сыпайы сырын білдірмес  
Ақырын ғана бүлк етер» -  
деген мақалда биязы қылыққа үндеген.  
Үлгісіз сөз болмайды  
Мақтасыз бөз болмайды.  
Сөз ұғарлық ер болса  
Айтылмас шын сөз болмайды –  
деп жырау ел бастар дананы, алтындай асыл сөзді аса қадірлейді.  
Тар пейілді кеңімес*

*Кең пейілді кемімес, -  
деп, бұл мақалда пейілді кеңге санаған адам ешнәрседен кемдік көрмейтіндігін айтады.*

*Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер  
Күндердің күні болғанда  
Кімдер де кімнің белі бүгілмес.*

Мұнда жасы үлкен адамды сыйлау керектігін, уақыт сәті жетсе барлық адам баласының басына қарттық келіп жететіндігін ескертеді.

**Жаман, жақсы туралы мақал-мәтелдер.**

1. Екі жақсы дос болмас  
Дос болса түбі бос болмас.
2. Жаманнан жақсы туса  
Жақсыдан жаман туса  
Тартпай қоймас негізіне.
3. Екі жақсы қас болмас.  
Екі жаман дос болмас.  
Дос болғанмен қош болмас.
4. Жақсылардың малы жоқ.  
Жамандар малыменен теңелер.

**Жақсы жар, бала туралы.**

5. Жігіт жақсы бола алмас,  
Алғаны жаман болған соң.
6. Жаман қатын алсаңыз  
Топқа кірер ұл тумас.
7. Әкелі бала жау жүрек.  
Әкесіз бала сұм жүрек.
8. Өзіңнен тумай ұл болмас  
Сатып алмай құл болмас.  
Шаруашылық, саятшылық туралы.
9. Мал жинасаң, қойдан жи,  
Майы кетпес шарадан.
10. Ит жүгіртіп, құс салсаң,  
Киген тоның түлкі етер.

**Ынтымақ, араздық туралы.**

11. Ағайынның аразы,  
Елдің сәнін кетіреді.
12. Ер жігіттің қадірін  
Ағайын білмес, жат білер.
13. Абысынның аразы

**Н.ҚАБДЫҒАЛИЕВА,**  
**«М.Төлебаев атындағы орта мектебі**  
**мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар»**  
**коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

Алматы облысы,  
Алакөл ауданы,  
Жайпақ ауылы

## **ТІЛ СТИЛИСТИКАСЫ**

10-сыныптың қолданбалы курсының бағдарламасы қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқитын оқушылар үшін жасалды. Қолданбалы курс «Тіл стилистикасы» деп аталады. Бағдарламада оқыту курсына қойылатын талаптарды ескере отырып, тіл стилистикасына қатысты материалдар іріктеліп алынды. Бағдарламада берілген тараулардан соң өтілген материалдар негізінде қайталау, талдау, жинақтау (тест) тапсырмалары беріліп отырды.

Бағдарламаның мақсаты—тіл стильдері туралы ұғымдарын кеңейту, өзіндік ерекшеліктерін таныту, тіл тарихы, шешендік сөздер туралы мағлұматтар беру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету.

Осы мақсатқа сай туындайтын міндеттер:

- жалпыхалықтық тіл және оның мәселелерін түсіндіру;
- әдеби тілдің стильдік тармақтары туралы түсініктерін кеңейту;
- сөзді образды қолдана білу;
- көркемдегіш сөздерді оқып үйрену және мысалдар арқылы дәлелдемелер беруге дағдылану;
- шешендік сөздердің көркемдік ерекшелігін таныту.

Тіл-қоғамдық құбылыс. Қоғам мүшелерінің бір-бірімен қатынасы олардың бәріне бірдей түсінікті ортақ тіл арқылы жүзеге асырылады. Ол ортақ тіл—жалпыхалықтық тіл екендігі белгілі. Жалпыхалықтық тілдің формалары – ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тіл, сондықтан стилистиканың жалпы мәселелері қарастырылып, тілдік тәсілдердің стильдік сипаттамасы камтылды.

Ауыл сәнін кетіреді.

14. Құм жиылып тас болмас,

Құл жиылып бас болмас.

15. Етекті кессең жең болмас,

Ежелгі дұшпан ел болмас.

**Әр түрлі тақырыпта.**

16. Ақшамдатпай жан шықпас.

Ажал жетпей жан шықпас.

17. Қариясы кімнің бар болса

Жазулы тұрған хат болар.

18. Берем деген құтылмас.

Берік байлаған шешілмес.

19. Қара қойдың терісін

Сабындап жусаң ағармас.

Қалған көңіл табылмас.

20. Қу таяқты кедейге

Дәулет бітпес деменіз.

21. Алла деген ар болмас,

Ақтың жолы тар болмас.

22. Айнала алмай ат өлсін

Айыра алмай жат өлсін

Жат бойынан түңілісін

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз,

- деп елдің бүтіндігін, бейбіт өмірін, тәуелсіздігін өз толғауларына арқау еткен.

«Тәрбиесіз берілген білім апатқа ұрындырады» - деген ұлы ұстаз

Әл-Фарабидің сөзін ескеретін болсақ, тәрбие жоқ жерде адамшылық қасиеттердің де болуы мүмкін емес.

Осы тұрғыдан алып қарасақ, Бұқар жырау толғауларындағы мақал-мәтелдерден адамгершілік, әдептілік, ізгілік сияқты асыл қасиеттерді көреміз.

Жас адамды есті, саналы, сергек, мәдениетті етіп тәрбиелеуде жоғарыдағы мақалдардың алатын орны ерекше.

Бұқар жырау поэзиясы – афористік поэзия.

Ол нақылға толы. Сондықтан да жырау толғаулары ел арасына кең тараған, мақал-мәтел болып кеткен. Бұқар жырау елді бірлікке, татулыққа шақырады.

Әдебиеттер:

1 «Бес ғасыр жырлайды». 2 томдық. Құрастырған М.Мағауин. М.Байділдаев. Алматы. «Жазушы». 1989.



Стиль - өмірдің белгілі бір саласында қолданылуда танылып, тарихи қалыптасқан тілдік тәсілдердің жүйесі. Бұл құбылыс қазақ әдеби тіліне тән, соған байланысты тіл стильдеріне арнайы сағат бөлініп оқытылады.

Сөйлеу тілінің стилі диалог арқылы беріледі. Ауызекі сөйлеу стилінің лексика-фразеологиялық, грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктері ажыратылып түсіндіріледі.

Кітаби жазба стилінде тілдік тәсілдері және тіл ерекшелігі, түрлері қарастырылады.

Ресми стиль күнделікті өмір қажетінен туып, өз алдына орныққан бөлек жүйе болып саналатындығы және іс-қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылатындығы ескеріледі. Форманың түрлерімен алдын ала танысып, жаттығу, дағдылану жұмыстары жүргізіледі.

Ғылыми стильде зерттеу объектісі болатын зат немесе құбылыс ғылыми негізде сипатталады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Публицистикалық стильде тілдің эмоционалды элементтері және сөзді образды қолдану сияқты әдеби стильге тән құбылыстардың кездесетіндігі түсіндіріледі.

Сөздіктер жайында түсініктер беріліп, түрлері таныстырылып, оларды қолдана білу, қай-қайсысының да стилистика мәселесіне қатыстылығы аңғартылады.

Лексика саласына қатысты омоним, синоним, антоним сөздерінің стильдік мақсатта қолданылуы, диалектизмдер, кәсіби сөздердің ерекшеліктері, архаизмдердің көркем шығармада қолданылуы, қарапайым сөздердің, табу, эвфемизмдердің сөз әдебіне қатысы оқытылады.

Әдетте көркем шығармалардың қай-қайсысы да әр түрлі образдарға құрылады. Тілдегі бейнелеу тәсілдері шығармашылық тұрғыда әр алуан көркемдік бояу арқылы (метафора, метонимия, синекдоха) беріледі.

Пәнаралық кіріктіру:

- Қазақ әдебиеті
  - Әдебиет теориясы
- Кәсіптік бағдар:

Болашақ журналист, филолог дайындау.

Орта жалпы білім беретін қоғамдық-гуманитарлық  
бағытындағы 10-сыныпқа арналған «Тіл стилистикасы»  
қолданбалы курсының бағдарламасы  
Аптасына 1 сағат, жыл бойы 34 сағат

I бөлім.

Стилистиканың жалпы мәселелері

№	Тараулар мен сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Қосымша әдебиеттер, әдістемелік нұсқаулар
1	Стилистика курсының мақсаттары мен міндеттері	1	М.Балақаев, Е.Жанпейісов. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы. 1985.
2	Жалпыхалықтық тіл және оның формалары		
3	Әдеби тілдің стильдері	1	
4	Сөйлеу тілінің стилі	1	
5	Кітаби – жазба стилі	1	
6	Іс қағаздар стилі мен ресми стиль	1	
7	Публицистикалық стиль	1	
8	Ғылыми стиль	1	
9	Көркем әдебиет стилі	1	
10	Тіл нормасы және стилистика	1	
11	Бекіту, жинақтау сабағы (тест)	1	

II бөлім.

Тілдік тәсілдердің стильдік сипаттамасы  
Лексика.

12	Қазақ тілі лексикасына жалпы сипаттама	1	Ә.Болғанбаев. Қазақ тілі лексикалогиясы. Мектеп. 1989.
13	Сөздің негізгі (тура) мағынасы мен ауыспалы мағынасы	1	М.Ә.Қараев. Қазақ тілі (Фонетика, лексикалогия, морфология, синтаксис)
14	Сөздің көп мағыналылығы	1	
15	Сөздің экспрессивтік бояуы	1	
16	Сөз мағынасының стильдік бояуы	1	
17	Сөзді талғап қолдану	1	

**С.ЖУМИНА,**  
**Қаракөл жалпы орта білім**  
**беретін мектеп-балабақшасы.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Қаратөбе ауданы,  
 Ақтай-сай ауылы

## «ЖАМБЫЛТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

Жамбылдың ақындық дүниесі -үлкен бір қазына. Данышпан ақынның тауғызған құдіретті жырлары тыңдаушысы мен оқушысын ұдайы тамсандырған, әдебиет пен мәдениет әлемінде тың үн болып естілген еді. Жамбыл есімі әдебиетіміздің үлкен бір белесі, биігі болып тарихқа енді. Ғасыр жасап екі заманның бірдей куәсі болған ақын өз тағдырын туған халқымен тұтастырып, оның биік мұратын, мұң-мүддесін жырына арқау етті, дәстүрлі қазақ жырын жаңа дәуірдің талап-тілектеріне орайластыра, жаңарта, жасарта білді. Ол халық поэзиясы мен жазба әдебиетінің арасындағы көпір сияқты болды.

Жамбыл туындыларының мазмұны бай, тақырыбы сан алуан. Ұлы жазушы М.Әуезов: «Халық ақыны Жамбыл тек өз шығармаларымен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да өзгеге ұқсамайтын дара, аса зор құбылыс» - деп баға берген. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Жамбыл – қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау» - деп әділ бағасын берді.

«Жамбылтану» қолданбалы курсына қайталанбас дарын иесі Ж.Жабаев шығармашылығымен терең танысады. Бұл курста Жамбыл мұрасы «Мәңгілік Ел» идеясы рухында оқушыларды тәрбиелеп, таптырмас рухани мұра болмақ. Бұл курс оқушыны шешендік өнерге баулып, поэзияның ең асыл қасиетін ұғындырып, жан дүниесін ізгілендіреді. Ұлы жыраудың сан қырлы шығармашылығын меңгеру үшін ғылыми-ізденіс жұмыстарымен шұғылданады. Курс мазмұнында оқушы нені меңгеруі керектігі ашып көрсетілді және мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде сабақтың түрі ұсынылды. Мұғалімдер үшін әдістемелік көмекші құрал болады деп сенемін.

18	Омоним, синоним, антоним және олардың стильдік мақсатта қолданылуы	1	
19	Диалектизмдер және кәсіби сөздер	1	Диалектологиялық сөздік. Алматы. 2007.
20	Архаизмдердің көркем шығармада қолданылуы	1	
21	Табу, эвфемизм, дисфемизмдер	1	
22	Сөзді образды қолдану тәсілдері	1	
23	Метафора. Метафораның түрлері	1	З.Қабдолов. Әдебиеттану. Алматы. 1998
24	Метонимия және синекдоха	1	З.Қабдолов. Әдебиеттану. Алматы. 1998.
25	Тарау бойынша қайталау тест	1	

### Сөздіктер

26	Түсіндірме сөздік	1	Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы. 2007
27	Терминологиялық сөздік	1	Терминдер сөздігі. Алматы. 2002
28	Орфографиялық сөздік	1	Орфографиялық сөздік Алматы. 2007
29	Синонимдер сөздігі	1	Сейдін Бизаков. Синонимдер сөздігі. Алматы. 2007
30	Омонимдер сөздігі	1	Омонимдер сөздігі Алматы 2007
31	Антонимдер сөздігі	1	Антонимдер сөздігі Алматы 2007
32	Этимологиялық сөздік	1	Этимологиялық сөздік. Алматы. 1989
33	Диалектологиялық сөздік	1	Диалектологиялық сөздік. Алматы. 2007
34	Жыл бойы өткенді қайталау. Сынақ, тест.	1	

Курстың мақсаты: Жамбыл шығармашылығымен мейлінше терең таныстыру. Поэзияға деген сүйіспеншілігін арттырып, суырып салмалық өнер мен айтыс жанрына қызығушылығын дамыту. Дүлдүл ақынның түйдек-түйдек теңеулері мен образдарын ашуға іздендіру, өлеңдерін талдау, айтыс өнеріне бойлау, жырларының мазмұнын, тақырыбын тану. Өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, жан-дүниесін байыту, еркін сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Курстың міндеті: асыл өнер - поэзияны дәріптейтін, көркемдік күдіретін түсінетін, тіл мәдениеті жетілген, өз халқын мақтан етер тұлға тәрбиелеуге бағытталды. Ақындық қабілеті бар оқушылардың талантын ұштайды, жол сілтейді.

Бұл қолданбалы курста музыка, тарих, өзін-өзі тану пәндерімен пәнаралық байланыс жүргізіледі. 34 сағат көлемінде аптасына 1сағаттан.

Күтілетін нәтиже: қазақ халқының даңқын әлемге жайған ұлы ақын Жамбылдың шығармаларын талдай білер әдеби сауаттылық, ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігін тани білер ғылыми ізденімпаздық; ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің ерекшеліктерін тани білер құзыретті тұлға тәрбиелеу; сөйлеу мәдениетін жетілдіру; зерттеушілік қабілетін ояту; ғылыми жұмысқа баулу; дарынды оқушылармен шығармашылық жұмыс жүргізу.

Курс бағдарламасының мазмұны:

1. Өмірдерек (1 сағат) Жамбыл туған мекен, шыққан ортасы, 15 жасында шығарған алғашқы «Шағым» өлеңі.

2. «Менің пірім-Сүйінбай» (1 сағат) Жамбылдың ұстазы Сүйінбай Аронұлының өмір жолы, жас ақынға берген кеңесі, ақын ретінде қалыптасуына ықпал етуі. Жамбылдың ұстазына адалдығы, «Жетісу ақындарының алтын діңгегі».

3. «Өстепкеде» өлеңі. (1 сағат) 1913 жылы Романовтар әулетінің 300 жылдығына байланысты өлең айтуды талап еткен уездік әкімшіліктің бұйрығын орындаудан бас тартуы. Ақынның батылдығын, шындықты халық көзінше жырлауын талдау.

4. «Кедей күйі» (1сағат) «Әкеме», «Сәт сайланарда», «Кедей күйі» өлеңдерін талдай отырып, «Көзқарас» сағатын өткізу.

5. «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» (1 сағат) 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде ақынның қуғынға ұшырауы, терең әлеуметтік мәселелерді қозғауы. Махамбет Өтемісұлы шығармашылығымен байланыстыра отырып, ойтолғау жаздыру.

6. «Халық кегі» (1 сағат) Патшаның тонаушылық саясатына қарсы шыққан ұлттық қозғалыс туралы ой бөлісу. «Мәңгілік Ел» тақырыбына шығарма.

7. «Жол үстінде» (1 сағат) 1917 жылы елдегі аштық мәселесін көтереді. Тарих пәнімен бірлесіп кіріккен сабақ түрін өткізу.

8. «Таппаспын сендей салақты» (1 сағат) Ақынның арақ ішкен жігітке айтқаны, ақынның көзқарасы. Өлең жолдарындағы ойды арқау етіп, пікірталас сағатын өткізу. Салауатты өмір салтын насихаттау.

9. «Менің бақытым» әңгімесі. (1 сағат). Ұлы Қазан революциясының жеңісі шаттандырған ақынның бақытты тебіренісі. «Тәуелсіздік таңы» ойтолғау жазу.

10. «Қазақстан тойына», «Замана ағымы» (1 сағат) Жаңа өмірді мақтан етуі. Өлеңді жаттау.

11. «Халықтың сәлемі», «Дастарқан жыры» (1 сағат) 1936 жылы Москвада қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне қатысып, шабыттанып жаңа жырлар шығарады.

12. «Орден алғанда», «Ленин мавзолейінде» (1сағат) Кеңес елі еңбекшілерінің бақытты тұрмысын шабыттана жырлауы.

13. Отан қорғау – қасиетті борыш. (1 сағат) Азамат соғысының ардагерлері Фрунзе, Ворошилов, Буденный, Чапаев тұлғалары Жамбыл жырларында. Азамат соғысының батыры Аманкелді Имановқа арнаған «Аманкелді» өлеңі.

14. Одақтас халықтар достығы. (1сағат) 1937 жылы грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» дастанының 750 жыл толуына арналған тойға барған сапарында туған өлеңдері «Кавказ», «Ақынға», «Өмір туралы». «Түркі басқа тілегі бір». Халықтар достығына ойтолғау жазу.

15. Жамбыл Жабаевтың ақындық қызметіне 75 жыл. (1 сағат) Әлемнің түкпір-түкпірінен келген құттықтаулар. Мемлекеттік марапаттары.

16. Жамбыл – эпик ақын. Тарихи тақырыптарға арнаған дастандары. (2 сағат) «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары. Халқының азаттығы үшін күрескен батырларды дәріптеу. Көлемді үзінділер жаттап, жыр айтушылар сайысын өткізу.

17. Ұлы Отан соғысы жылдары. 96 жастағы қарт ақын. (1 сағат) «Ленинградтық өренім», «Москва», «Отан әмірі» өлеңдеріндегі ерлік күреске шақыруы.

18. Жамбыл-ұлы патриот. (1 сағат) «Ата жаумен айкастық», «Өмір мен өлім белдесті», «Аттан, батыр ұрпағым», «Отан әмірі» өлеңдерінің мазмұнын ұғыну. «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» шығарма жұмысы.

19. Арнау өлең – «Аттандыру», Жоқтау жыры – «Алғдай туралы әрбір ой» (1 сағат) Халық ауыз әдебиеті бойынша: арнау,

бата, қоштасу. Өлең құрылысына сатылай кешенді талдау.

Ақындық қуат, суырыпсалмалық дәстүр. Айтыстары.

20. «Жамбыл мен Айкүміс» айтысы (1 сағат). Жамбылдың жастық шағын, сыпайы сөз сынасын білдіретін айтыс өлеңін ұғындыру. Астарлап, тұспалдап сөйлеуге жетелеу.

21. «Жамбылдың Бақтыбай ақынмен танысуы» (1сағат) Дидарласу, танысу түрінде болған айтысты меңгерту. Айтыс ақындарының сыпайылығы, қарсыласын көңіл көкжиегімен көкке көтеруін ұғындыру. Халық ақыны, жыршы Бақтыбай Жолбарысұлының шығармашылығынан мәлімет жинау.

22. «Бөлектің қызы мен Жамбыл» (1 сағат) Әзілге құрылған қыз бен жігіт айтысы. Шығармашылық қабілеті зор оқушыларды айтысуға жетелеу. Қыз бен жігіт айтысын ұйымдастыру.

23. «Сары ақынмен қағысуы» (1 сағат) Жамбылдың әдептен аттаған ақынмен өлеңмен айқаса кетуі. Ақынның ақиқатты ту етуін, шындық сипаттарына табан тіреуін ұғындыру.

24. «Майкөтпен дидарласу» (1 сағат) XIX ғасырдағы ірі айтыс ақыны Майкөттің ағалық назына Жамбылдың інілік ізеті түріндегі дидарласуын оқушыларға таныстыру. Үзінді жаттау.

25. «Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны» (1 сағат) Тиісе сөйлеген шалды бір ауыз шумақпен тоқтатуы. Жамбылдың шеберлігі мен шешендігін паш ету.

26. «Жамбыл мен Бөлтiрiк» (1 сағат) Жамбылдың әзіл айтысын таныту. Сал-серілік ұғымын меңгерту.

27. «Жамбыл мен Құлманбет» (1 сағат) Жас Жамбылдың адуын ақын Құлманбетпен айтысып, жеңуі. Айтыс тарихы. Қазіргі айтыс үлгілерін тыңдап талдау, ақындық күшті бағалау.

28. «Жамбыл мен Сарбас ақын» (1 сағат) Дулаттың Қасқарау руынан шыққан Сарбаспен халықтың тілегі бойынша айтысуы, бәйге тігілуін ұғындыру. Айтыстағы сөз болған тұлғаларды, ел тарихын талдап, пікірталас сабағын өткізу.

29. «Жамбыл мен Досмағанбет» (1сағат) Жамбылдың Жалайыр елінің молда ақыны Досмағанбетпен сөзбен ұстасуын меңгерту. Айтыстан үзінді жаттау. Айтыс мәтінінде кездесетін әйгілі ақындардың өмірі мен шығармашылығынан реферат жазу.

30. «Жамбыл мен Шашубай» (1 сағат) Алматы қаласында өткен айтыс тарихымен, мазмұнын меңгерту. Шашубай мен Жамбылдың достығын үлгі ету. Айтыстан көлемді үзінділер жаттау.

31. «Нұрилла мен ақындардың айтысы және Жамбылдың төрелігі» (1сағат) Қос қыранның аяусыз ащы айтысы, Жамбылдың төрелігін ұғындыру. Қазақтың жүйрік ақын қыздары туралы мәлімет жинақтау.

32. «Ардақты Жәке» (1 сағат). Ұлттың ұлы тұлғаларының Ж.Жабаев тұлғасы, шығармашылығы туралы зерттеу мақалалары, еңбектері. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу, реферат қорғау.

33. «Жамбылға туыскандық сәлем!» (1 сағат) Әлем әдебиеті өкілдерінің Жамбыл шығармашылығын бағалауы, аудармалар. Жамбыл шығармашылығы туралы тест жұмысы. Бұл қорытынды сабақта оқушылардың жыл бойы алған білімдері сараланады.

#### Тақырыптық жоспар

№	Тақырып	Сағат	Сабақ түрі
1	Кіріспе. Өмірдерек. «Шағым» өлеңі	1	Ізденіс
2	«Менің пірім-Сүйінбай»	1	Ізденіс
3	«Өстепкеде» өлеңі	1	Кіріккен
5	«Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды»	1	Ойтолғау
6	«Халық кегі»	1	Шығарма
7	«Жол үстінде»	1	Кіріккен
8	«Таппаспын сендей салақты»	1	Пікірсайыс
9	«Менің бақытым» әңгімесі	1	Ойтолғау
10	«Қазақстан тойына», «Замана ағымы»	1	Кіріккен
11	«Халықтың сәлемі», «Дастарқан жыры»	1	Ойтолғау
12	«Орден алғанда», «Ленин мавзолейінде»	1	Көзқарас
13	Отан қорғау-қасиетті борыш. «Аманкелді» өлеңі.	1	Кіріккен
14	Одақтас халықтар достығы «Кавказ», «Ақынға»	1	Ойтолғау
15	Ж.Жабаевтың ақындық қызметіне 75жыл.	1	Ізденіс
16-17	Жамбыл-эпик ақын. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары.	2	Конференция
18	Ұлы Отан соғысы жылдары. «Ленинградтық өренім», «Москва», «Отан әмірі»	1	Ізденіс
19	Жамбыл-ұлы патриот. «Ата жаумен айкастық», «Аттан, батыр ұрпағым»	1	Ізденіс
20	Арнау өлең-«Атқандыру», жоқтау-«Алғадай туралы әрбір ой»	1	Ізденіс
21	Суырыпсалмалық дәстүр. Жамбыл мен Айкүміс	1	Тәжірибелік

22	Жамбылдың Бактыбай ақынмен танысуы	1	Ізденіс
23	Бөлектің қызы мен Жамбыл	1	Тәжірибелік
24	Сары ақынмен қағысуы	1	Пікірсайыс
25	Майкөтпен дидарласуы	1	Тәжірибелік
26	Жамбылдың Шыбыл шалға айтқаны	1	Дәстүрлі сабақ
27	Жамбыл мен Бөлтірік	1	Дәстүрлі
28	Жамбыл мен Құлманбет	1	Көзқарас
29	Жамбыл мен Сарбас	1	Пікірталас
30	Жамбыл мен Досмағанбет	1	Ізденіс
31	Жамбыл мен Шашубай	1	Тәжірибелік
32	Нұрилла мен ақындар айтысы, Жамбылдың төрелігі.	1	Ізденіс
33	«Ардақты Жәке» Ұлылар Ж.Жабаев тұлғасы туралы.	1	Конференция
34	Қорытынды. Жамбылға туыскандық сәлем !	1	Бақылау сабақ

#### Әдебиеттер:

- 1 «Ж.Жабаев» екі томдық жинағы. Алматы, «Жазушы», 1982 жыл.
- 2 «Жыр алыбы» Жамбыл жайлы естеліктер. Құрастырушы Қ.Жұмаділов. Алматы. «Жазушы» баспасы. 1971.
- 3 «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы». Алматы. «Ғылым» баспасы. 1975.
- 4 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы №8, 2013, №2, 2016.
- 5 «Егемен Қазақстан» газеті 1996, 2015, 2016 жыл жинақтары.
- 6 «Қазақ әдебиеті» газеті 1996, 2016 жыл жинақтары.
- 7 «Аңыз адам» журналы. № 08(20) сәуір. 2011.

**Г.АБСЕМЕТОВА,**  
**Қ.И.Сәтбаев атындағы**  
**№216 орта мектебі.**  
 Қызылорда облысы,  
 Қазалы ауданы

## СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС

(8-9-сыныптар)

### Түсінік хат

Еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына кіру болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орыны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сондай жеке тұлға қалыптастыру болып отыр.

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиеттердің бірі тіл байлығы дер едік. Адам баласының тілге, сөз қадіріне соншалықты мән беруі тегін емес. Өйткені, саналы тіршілігіміздің бірінші белгісі - тіл. Ойымыз тіл арқылы, сөз арқылы жетеді, сондықтан қазақ халқы сөздің құдіретін, сөйлеу мәдениетін жоғары қойған.

Оқушы өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізу үшін тіліміздегі небір айшықты сөз маржандарының мағынасын білуі керек. Бұл жолда түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізе білудің пайдасы зор. Сол арқылы таным көкжиегі кең, сөйлеу мәдениеті жоғары, өз ойын сенімді, жігерлі, шешен тілмен жеткізе білетін, көпшілікті өз сөзіне ұйыта алатын дағды, қасиеттерге ие шәкірттер тәрбиелей аламыз.

Мақсаты: өз ойын нақты, терең әрі көркем жеткізе білетін, шешен де шебер сөйлей алатын рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Міндеті: оқушыларды жалпы азаматтық құндылықтарды танып білуге, ізденімпаздыққа, өзін-өзі тәрбиелеуге, саналы көзқарас қалыптастыруға, өнерге сергектікке, шешендікке тәрбиелеу. Сөздерді орынды айта білу керек екендігін шәкірт санасына жеткізу.

Күтілетін нәтиже:

- Теориялық білімдерін практикада қолдана білу біліктерін қалыптастыру.

- Көркемдеп сөйлеудің амал-тәсілдерін игеру. Сөйлей білудің қалыптасқан жүйесін, орфографиялық және орфоэпиялық нормаға сай сөз қолданыстарының қыр-сырын ұғынуға тиіс.

- Жобалау дағдыларын дамыту.

- Оқушының зерттеушілік қабілетін ояту, ғылыми жұмысқа бағыттау.

## Бағдарлама мазмұны

Кіріспе (1сағат). Сөздіктердің пайда болуы, түрлері туралы түсінік беру. Алғашқы сөздік өзге тілдер сөздерін түсіндіру мақсатында ерте заманда жасалды. Грекияда б.з.б. 5 ғасырда, Үндістанда б.з. 12 ғасырда (“Хемачандра”), Ресейде 13 ғасырдан бастап сөздіктер құрастырылды. Түркі халықтарының алғашқы сөздігі 11 ғасырда жазылған Махмұт Қашқаридың “Диуани лұғат-ат-түрк” еңбегі саналады. Қазақ тілінің сөздіктері 1860 жылдардан бастап жарық көре бастады.

Орфографиялық сөздікпен жұмыс (3сағат). Орфографиялық сөздік сөздердің дұрыс жазылу нормаларын белгілейді. Сөздікке сүйене отырып, газет-журналдардағы қателер бойынша жұмыс жүргізіледі.

Орфоэпиялық сөздікпен жұмыс (1сағат). Орфоэпиялық сөздікпен жұмыс жүргізу арқылы әдеби дұрыс сөйлеу нормасы туралы хабардар болады.

Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс (5сағат). Түсіндірмелі сөздік сөздердің мағынасын түсіндіреді. Шешендік сөздер, жыраулар шығармалары, батырлар жыры және лиро-эпостық жырлардағы кейбір сөздердің, әсіресе көнерген сөздердің мағынасы оқушыларға түсініксіз болып келеді. Сол сөздер бойынша сөздікпен жұмыс жүргізіледі.

Диалектологиялық сөздікпен жұмыс (4сағат). Диалектологиялық сөздікте әр аймақтың жергілікті жерге тән сөздерінің мағынасы түсіндіріледі. Махамбет пен Ыбырай Алтынсарин шығармаларында кездесетін диалект сөздерді сөздіктен тауып, мағынасын анықтайды.

Синонимдік сөздікпен жұмыс (5сағат). Мағыналық жағынан бір-біріне жуық, бірінің орнына бірі қолданыла беретін синоним сөздер – тіл байлығының құнарлы бір саласы, шешен де шебер сөйлеудің құралы, ең бастысы, халықтық таным-түсінікті, ұлттық болмысты қалыптастыратын қайнар көздерінің бірі. Мақал-мәтелдердегі және Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында кездесетін синоним сөздер бойынша сөздікпен жұмыс жүргізіледі.

Омонимдік сөздікпен жұмыс (1сағат). Айтылуы, жазылуы бірдей, мағынасы басқа сөздер омоним деп аталады. Омонимдік сөздікпен жұмыс жүргізу арқылы оқушылар көптеген сөздердің мағынасын білетін болады.

Антонимдік сөздікпен жұмыс (1сағат). Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер антонимдік сөздікте топтастырылған. Тіл байлығын дамытуда бұл сөздікпен жұмыс жүргізудің пайдасы зор.

Фразеологиялық сөздікпен жұмыс (3сағат). Фразеологиялық сөздікте сан алуан тұрақты тіркестер жинақталып, оларға кең түсінік беріледі. Біздің тіліміз фразеологияға соншалықты бай. Оқушылар ертегілер мен аңыз әңгімелерде кездесетін тұрақты тіркестерді тауып, сөздіктен мағыналарын анықтайды.

Абай тілінің сөздігімен жұмыс (3сағат). Белгілі бір ақын-

жазушы шығармаларының тіліне арналған сөздікті арнаулы сөздік деп атайды.

Абай қазақ тіліндегі мәңсіз, басы артық қосалқы сөздерден поэзияны тазарта отырып, «Тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» жағымды сөздердің неше алуан үлгісін тапты, өнегесін көрсетті. Ақын шығармаларында алты мыңға жуық жеке-дара сөз қолданылғаны анықталды. Оқушылар Абайдың өлеңдері мен қара сөздері бойынша сөздікпен жұмыс жүргізеді

Этимологиялық сөздікпен жұмыс (1сағат). Этимологиялық сөздік белгілі бір тілдегі сөздердің шығу төркінін, олардың бастапқы дыбысталу түрі мен мағынасын анықтайды. Бұл сөздікпен жұмыс істеу арқылы оқушы сөздердің шығу тарихын, бастапқы мағынасын білетін болады.

Терминологиялық сөздікпен жұмыс (1сағат). Бұл сөздік жеке ғылым мен техника саласына байланысты терминдерді түсіндіреді. Тіліміздегі терминдерді білуде бұл сөздіктің маңызы зор.

Топонимикалық сөздікпен жұмыс (1сағат). Бұл сөздікте жер-су, тау, қырат, қала, ауыл, елді мекен, т.б. нысандар атауларының шығу тарихы сипатталады.

Аударма сөздікпен жұмыс (1сағат). Аударма сөздіктер үнемі қолданыста болатын сөздікке жатады. Заман талабына сай өз ана тіліңмен бірге орыс және ағылшын тілдерін меңгеруің қажет. Ол үшін «Қазақша-орысша», «Қазақша-ағылшынша», т.б. сөздіктермен жұмыс жасай білудің мәні зор.

Қорытынды сабақ (1сағат).

Әдебиеттер:

- 1 «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» Алматы, 2001ж.
- 2 Кеңесбаев С. «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» Алматы, 1977ж.
- 3 Махамбет. «Жыр-семсер» «Жазушы», Алматы, 1979ж.
- 4 Адамбаев С. «Қазақтың шешендік өнері» «Ана тілі», Алматы, 2006ж.
- 5 Бизаков С. «Синонимдер сөздігі». «Арыс», Алматы, 2007ж.
- 6 «Диалектологиялық сөздік». «Арыс», Алматы, 2007ж.
- 7 «Ай, заман-ай, заман-ай». Алматы, 1991ж.
- 8 «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» «Ғылым», Алматы, 1974ж.
- 9 «Абай тілі сөздігі» Алматы, 1968ж.
- 10 «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі». Алматы, 1966ж.
- 11 Болғанбаев Ә. «Қазақ тілі лексикологиясы». «Мектеп», Алматы, 1979ж.
- 12 Дүйсебаева М. «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» «Мектеп», Алматы, 1981ж.
- 13 «Орысша-қазақша сөздік» «Арыс», Алматы, 2007ж.
- 14 «Қазақтың мақал-мәтелдері» Алматы, 1992ж.
- 15 Алтынсарин Ы. «Таза бұлақ» Алматы, 1988ж.

Тақырыптық жоспар (Барлығы 34 сағат)

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе. Сөздіктер туралы түсінік беру.	1	
2	Орфографиялық сөздікпен жұмыс	1	
3	Газет-журналдардағы қателер бойынша орфографиялық сөздікпен жұмыс жүргізу.	2	
4	Орфоэпиялық сөздікпен жұмыс.	1	
5	Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс.	1	
6	Шешендік сөздер бойынша түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жүргізу.	2	
7	Жыраулар поэзиясы бойынша түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жүргізу.	2	
8	Батырлар жыры мен лиро-эпостық жырлар бойынша түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жүргізу.	2	
9	Диалектологиялық сөздікпен жұмыс.	1	
10	Махамбет шығармалары бойынша диалектологиялық сөздікпен жұмыс жүргізу.	2	
11	Ы.Алтынсарин шығармалары бойынша диалектологиялық сөздікпен жұмыс жүргізу.	1	
12	Синонимдік сөздікпен жұмыс.	1	
13	Мақал-мәтелдер бойынша синонимдік сөздікпен жұмыс жүргізу.	2	
14	М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы синоним сөздермен жұмыс жүргізу.	2	

15	Омонимдік сөздікпен жұмыс жүргізу	1	
16	Антонимдік сөздікпен жұмыс	1	
17	Фразеологиялық сөздікпен жұмыс	1	
18	Ертегілер мен аңыз әңгімелер бойынша фразеологиялық сөздікпен жұмыс жүргізу	2	
19	Абай тілінің сөздігімен жұмыс	1	
20	Өлеңдері бойынша сөздікпен жұмыс жүргізу	1	
21	Қара сөздері бойынша сөздікпен жұмыс жүргізу	1	
22	Этимологиялық сөздікпен жұмыс жүргізу	1	
23	Терминологиялық сөздікпен жұмыс жүргізу	1	
24	Топонимикалық сөздікпен жұмыс жүргізу	1	
25	Аударма сөздікпен жұмыс жүргізу	1	
26	Қорытынды сабақ	1	

С.ӨТЕБАЙ,  
Қызылорда облысы,  
Арал ауданы,  
Ақбасты ауылы

## «ЖАРАСҚАНТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ

Түсінік хат

Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, талантты ақын, сыншы, эзіл-қалжың шебері Жарасқан Әбдіраштың өмірі мен шығармашылығын «Жарасқантану» курсы бойынша оқыту. Курста негізінен ақынның лирикалық туындылары, поэмалары, аудармаларына мән берілді. Ақынның сын саласындағы және эпиграфия, эпиграммаларына шолу жасалынған жоқ.

Бағдарлама мақсаты: Жарасқан Әбдіраш шығармашылығын тереңдете зерттеп оқыту. Жарасқан поэзиясы, оның өзіндік ерекшелігі, тұлғалық даралығы, шығармашылық шеберлігі, сөз таңдау мен саптаудағы өнері, сөз бедері мен айшықтылығы жайында түсінік беру. Оқушыларды патриоттық, ұлттық сезім рухында тәрбиелеу, халықтың өткен тарихи жолын ұғындырып, ақын шығармаларын бойларына сіңіру. Ақын өлең, поэмаларын мәнгерлеп оқыту, ауызша және жазбаша ойларын еркін жеткізе білуді меңгерту.

Бағдарлама міндеті: талантты ақынның өмір жолы мен шығармаларынан мағлұмат беру. Оның өлеңдерінің мазмұны мен идеясын ұғындыру. Ақынның әдебиет тарихындағы орнын таразылап, әдеби-теориялық тұрғыдан талдау жасауға, пән бойынша білімін жетілдіруге, шығармаларына талдау жасауға, оқушыларды өз бетінше меңгеріп белсенді жұмыс жасай білуге, олардың білімділік, біліктілік дағдыларын қалыптастыруға, ақын өмір жолын шығармашылығына байланыстыра отырып түсіндіру.

Оқушылардың білімділік, икемділік машықтарына қойылатын талаптар: өлең құрылысы, ұйқас, шумақ құрылысын дамытудағы жаңалықтарды, кейіпкер болмысына талдау жасауға, лирикалық тұлға, поэзиядағы өрнекті тіл өлшемі, көркемдегіш сөздерді айыра білу, оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже: талантты ақынның өмір жолын, адамгершілік тұлғасын шәкірттерге насихаттау, саналы білім беру. Оқушылардан ұлтын сүйетін, жауапкершілікті сезіне білетін, әдебиетті түсіне, оқи білетін тұлға қалыптастыру. Оқушылар өзара еркін пікіралысуға, ойларын жеткізіп айта білуге, өзін-өзі тани білуге дағдыланады. Олардың көркем әдебиетке, ақындық өнерге деген сүйіспеншілігі оянады. Поэзиялық шығарманың теориясы, құрылысы, техникасы жайында түсінік алады.

Ұйымдастыру формасы: қалыпты сабақ, дәріс сабақ, талдау, түсіндіру, мәнгерлеп оқу, жаттау, ізденушілік, зерттеу, пікір алмасу, ойтолғау, шығармашылық, салыстыру.

Курстың аяқталу формасы: «Жарасқан оқулары» байқауы, поэзиялық семинар, конференция сабақ, реферат жазу, тест сынамасы.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, тарих, сурет, әуез, орыс тілі мен әдебиеті.

Көрнекілігі: дәйексөздер, буклеттер, басылым материалдары, шығармалар жинағы, суретті альбомдар, сөзтізбектер.

Оқушыға қойылатын талаптар: Білу: ақынның қазақ әдебиетіндегі орнын білу, шығармашылығын оқып үйрену. Сипаттау: шығармаларының мазмұнын танып, тақырыбын, идеясын аша білу. Айыра білу: әдеби-теориялық ұғымдарды ажырату. Қолдана білу: алған білім, білік дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдана білу.

Уақыт өлшемі: аптасына 1сағат, барлығы 34 сағат.

Нормативтік бөлім: «Жарасқантану» курсына арналып жасалған бағдарлама орта мектептің 7-8 сынып оқушыларына арналған. Курста ақынның кейбір негізгі шығармалары алынған.

Бағдарлама 4 бөлімнен тұрады: 1. Лирикалық шығармалары. 2. Ақындық ғұмыр туралы. 3. Поэмалары. 4. Аударма еңбектері.

1. «Лирикалық шығармалары» бөліміне ақынның табиғат және махаббат лирикалары кіргізілген. Мұнда табиғаттың суреті және ақынның сырлы сезім жырларын оқыту, білгізу көзделді.

2. «Ақындар ғұмыры» бөліміне ақынның поэзия, өз жан-дүниесі, ақындар өмірі мен шығармашылығы жайындағы тебіреністері енгізілді.

3. «Ақын поэмалары» бөлімінде Жарасқанның кезінде уақыт ағымымен, заман талабымен жазылған шоктықты шығармалары, поэмаларын оқыту қарастырылды. Поэмаларды оқыту барысында отансүйгіштік, адамгершілік, патриоттық, достықты берік ұстау, жоғарғы парасаттылыққа үндеу мақсат етілді. Мысалы, «Дала, сенің ұлыңмын», «Ертеңім менің – ертегім», т.б.

4. «Ақын аудармалары» бөліміне ақынның аударма саласында атқарған еңбектері кіргізілді. Бұл саладағы үздік табыстары, шеберлік деңгейі жайында мәлімет беру көзделді. Р.Тагор, М. Бсису секілді ақындар шығармаларының аударылу ерекшеліктері ескерілді.

Әдебиеттер:

1. «Найзағайлы жаз» (лирикалық жинақ) -Алматы.1971.
2. «Дала, сенің ұлыңмын». «Жазушы» баспасы. -Алматы.1975.
3. «Сана соқпағы». «Жазушы» баспасы.-Алматы.1988.
4. «Көңіл көкпары». «Ана тілі» баспасы.-Алматы. 1998.
5. Әбдіраштың Жарасқаны. «Шығармалары». II том «Фолиант» баспасы. -Астана. 2009.



«Жарасқантану» қолданбалы курсы бойынша авторлық бағдарлама

№	Сабақ тақырыбы	сағат саны	Өту формасы
1	Жарасқан Әбдіраштың өмір жолы және шығармашылығы	2	Дәріс сабақ
	Лирикалары	3 сағат	
2	«Ақ бұлақтар»	1	Шығармашылық
3	«Менің музам»	1	Пікір алмасу, ізденіс
4	«Науаи нақыштары»	1	Талдау, түсіндіру
	Ақындар ғұмыры	8 сағат	
5	«Ақын кетіп барады»	1	Салыстыру, ізденушілік
6	«Ақындар»	1	Мәнерлеп оқу, талдау
7	«11000 күн», «Ұйқысыздық»	1	Пікір алысу, түсіндіру
8	«Ақын сыры»	1	Талдау, түсіндіру
	II тоқсан - 7 сағат		
9	«Поэма туралы «микропоэма»	1	Мәнерлеп оқу, талдау
10	«Ақын азасы»	1	Түсіндіру
11	«Досқа сыр»	1	Пікір алысу, талдау
12	«Сыған саздары»	1	Түсіндіру, талдау
	Ақын поэмалары	1 3 сағат	
13	«Дала, сенің ұлыңмын»	2	Зерттеу, шығармашылық
14	«Соғыстан соң туғандар»	1	Пікір алысу, талдау
	III тоқсан – 10 сағат		

15	«Дәуір дабылы»	2	Талдау
16	«Шешем шерткен сырлардан»	1	Түсіндіру, талдау
17	«Қаладан келген қыз»	2	Зерттеу, талдау
18	«Ертеңім менің – ертегім»	2	Пікір алысу, түсіндіру
19	«Фәниден бақиға дейін»	2	Ізденушілік
20	«Жарасқан оқулары» байқауы	1	Шығармашылық сайыс
	IV тоқсан – 8 сағат		
	Ақын аудармалары	8 сағат	
21	Рабиндранат Тагордан (үнді ақыны) «Арнау» («Утшорго»)	1	Салыстыру, түсіндіру, талдау
22	Әр жылғы жинақтардан («Гитанджали», «Гитали»)	1	Зерттеу, талдау
23	Поль Элюар (француз ақыны) «Бостандық», «Ақиқат туралы жыр»	1	Түсіндіру, ізденушілік
24	Иван Иванович Змей (серб ақыны) «Гусярдың өлімі»	1	Талдау, түсіндіру
25	«Бақытсыз ана»	1	Мәнерлеп оқу, талдау
26	Муин Бсису (палестина ақыны) «Таня»	1	Ізденушілік, түсіндіру, талдау
27	Ақылды ақын – шын ақын	1	Конференция сабақ
28	Жылдық қайталау	1	Тест сынаамасы

**Н.АХАНОВА,**  
**Ерікті орта мектебі.**  
 Алматы облысы,  
 Сарқан ауданы

## Қ.ЖҰМАДІЛОВ. «ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ»

(1-сағаты)

Сабақтың мақсаты:	Оқушыларға жаңа білімді өздігінен игерту арқылы өлеңнің мазмұны, тақырыбы мен идеясын ашу, оқушылардың көркем оқу шеберлігін ой-өрістерін, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жас өрендердің туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін ояту, патриоттық сезімін қалыптастыру.	
Сілтеме	Әдістемелік нұсқаулық. Ресурс: «Тіл үйренуде стратегияларды қолдану» Оқулық: Алматы «Мектеп» 2000 Интернет материалдары, mtoi.kz	
Күтілетін нәтижелер	Шығармашылық қабілеті дамиды, сөйлеу мәдениетіне көңіл бөледі. Отанға, жарқын болашағына деген сенімдері артады, ұлттық намыстары оянады.	
	Сабақтың жүру барысы	
Уақыты	Мұғалім іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті
3 минут	I. Ұйымдастыру 1) Психологиялық дайындық «Біз біргеміз» (Оқушыларды топқа бөлу, бақылау парағын тарату. 2) Сабақтан не күтеміз -Түйінді ой -Қызықты ойлар -Сұраққа толық жауап -Жақсы баға	Оқушылар бір-біріне жақсы қасиеттерін айтады. Оқушылар фигура бойынша топқа бөлінеді.
жақсы жауап беріп отырған оқушыға	Миға шабуыл. 1) Туған жер, туған ел дегенде ойларыңа не түседі? 2) Туған жерге, елге деген сүйіспеншіліктің түп тамыры неде деп ойлайсыңдар? Туған жер – адамзаттың кең дүние есігін ашып, өмірге келген, бізге дейін сан толқын ұрпақтың кіндік қаны мен маңдай тері тамған киелі мекен. Отанға деген сүйіспеншілігінің түп-тамыры сыйластық, татулық, бауырмалдық, бірлікте болады. Отанды, туған жерді сую адам өміріндегі ең бағалы құндылық.	Видео жүріп тұрады. Оқушылар топпен бірлесе отырып ойларын жазады. (эссе, өлең, сурет, т.б.)

	Жаңа сабақты меңгерту	
	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
10 минут	1) Оқушыларға алдын ала берілген тапсырма бойынша Қ.Жұмаділов туралы деректермен таныстыруды сұрайды.	Әр топ оқушылары дайындалып келген деректерін таныстырады.
	2) ЖИГСО әдісі бойынша оқушыларға шығарма бөліктерін бөліп беру 1-топ 214-217 бет 2-топ 217-221 бет 3-топ 221-225 бет Жоспар: 1-топ 1. Таулы өлкеге қонақтаған қоңыр күз 2. Жалғыз жортқан жолаушы асқан қиын асу. 3. Алдағы жолдың жоспары. 2-топ: 1. Ауыр айқас. 2. Ең соңғы қатер. 3. Ойға оралған өкініш. 3-топ: 1. Туған жерге табан тіреу. 2. Айнабұлақ. 3. Орындалған арман.	Топ оқушылары берілген үзіндінің мазмұнын айтады. Жоспар құрады. Постер қорғайды.  Топ оқушылары сұрақ дайындайды, басқа топ оқушылары бір-біріне таратады.
4 минут	Шығарманың композициялық құрылымы. 1. Басталуы. 2. Дамуы. 3. Байланыс, шегініс. 4. Шарықтау шегі. 5. Шешімі. 1. Жалғыз жортқан жолаушы. 2. Жолда көрген қиыншылықтар. 3. Ойға оралған өткен күндер, жалғыз немере-Төлеутай. 4. 40 жылғы көкіректе сақталған ұзақ сапар. 5. Туған жерге жету, мойындағы тұмардағы топырақты табыстау.	Топ оқушылары орындайды.
3 минут	«Қара-жап-айт-жаз-тексер» әдісі Тапсырма: 1. Сөзге қараңыз. 2. Оны жауып тастаймыз. 3. Оны ауызша айтып шығамыз. 4. Оны есте сақтау бойынша жазыңыз. 5. Жазғандарыңызды тексеріңіз. Берілген сөздер: <i>Байтас, жайлау, шың, қапсағай шал, күз, малта, Тарбағатай, немере, тұлпар, шекпен, туған жер, аманат, тілек, Айнабұлақ, самал жел, итмұрын, қаз, өзен, шекара.</i>	Оқушылар қарап, есте сақтап айтады, қағаз бетіне түсіреді.

## АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫ - АҚЫН, ӘНШІ, САЗГЕР

(10-сынып)

Мақсаты: қазақтың әнші-ақындар тобының көрнекті өкілі Ақан өмірі жайлы білуі тиіс. Ақанның әлеуметтік өмірге тереңдеуі, заман жайлы толғауларының мазмұны мен мәнін ұғына алуы тиіс. Қазақтың сал-серілік дәстүрі мен Ақан өлеңдерінің көркемдігі, сөз саптай білуі, махаббат, сұлулықты терең жырлай алғандығын талдай алулары тиіс.

Нәтижесі: Қазақтың әнші-ақындар тобының көрнекті өкілі Ақан өмірі жайлы біледі. Ақанның әлеуметтік өмірге тереңдеуі, заман жайлы толғауларының мазмұны мен мәнін ұғына алады. Қазақтың сал-серілік дәстүрін біледі. Ақан өлеңдерінің көркемдігі, сөз саптай білуі, махаббат, сұлулықты терең жырлай алғандығын талдай алады.

Түрі: әдеби-танымдық сабақ.

Ресурстары: флипчарт, маркерлер, слайдтар, тақта, стикерлер, ноутбук, қосымша әдеби кітаптар. С.Жүнісов. Ақан сері трилогиясы, оқулық, хрестоматия.

Әдіс-тәсілдері: сыни ойлау стратегиялары, мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, салыстыру, талдау, жинақтау, ой толғау, ішінара іздену, АКТ.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Сыныпты топқа бөлу. Психологиялық ахуал туғызу.

2. Зейінді шоғырландыру.

Ой ширату.

XIX ғ. II жартысындағы Қазақстан мәдениеті туралы не білеміз?

Қазақтың көрнекті ақын-әншілерін атаңдар?

Ардақты әнші Біржан сал әндері қандай?

Бай, болыс билеріне бас имеген өр ақын кім?

Біржан «Жанбота» өлеңін қандай жағдайға, тақырыпқа байланысты шығарған?

Біржанның айтыстарын атаңдар?

Біржан туралы қандай опера бар? (Біржан мен Сара)

3. Жаңа сабақ.

Құлагер. Көкшетау. Ақан. Серілік.

Осы сөздерді естігенде ойларыңа қандай ой оралды?

Яғни бүгінгі сабағымыз Ақан серінің өмірі мен шығармашылығы туралы болмақ. Заман туралы өлеңдері, әндері мен өлеңдерін танып білеміз.

Кіріспе сөз.

Сырымбет- биік адыр, қатар кезен,

Жарасып таудан құлап аққан өзен.

Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,

Көк орай, қайың мен тал- бәрі де әсем , -деп ақын өзі жырлаған бұл жер

сұлу, көркем Көкшетаудың табиғаты. Осы сұлу табиғат аясында біздің бүгінгі кейіпкеріміз Ақан сері дүниеге келген.

Ән «Көкшетау» тындаймыз.

(Оқушылар Ақан кім екен? Қандай ақын? деген сұраққа жауап береді.)

	<p>Интербелсенді тақтадан сұрақтардың бірнеше жауабы ұсынылады. Қандай сұрақтар қойылды?</p> <p style="text-align: center;">— «Сұрақты тап» —</p> <p>1. Жолға шыққанына төртінші күн дегенде ұзын бойлы, қапсағай шал Етікші асуының бір оркаш биігіне көтерілді.</p> <p>2. Көзі ілініп бара жатып, әлсін-әлі шошып ояна берген. Ол көбінше артымнан қуғыншы келеді деп емес, ұйықтап жатқан жерімде жыртықш аңдардың бірі бас сала ма деп қауіптенді.</p> <p>3. «Я, жасаған,-деп тіледі:ол көктегі айға қалтыраған қолын жайып тұрып,-маған енді үш күндік ғұмырыңды қия гөр! Оның арғысын сұрамаймын да...Арганатының аңғарына жеткесін, аманат жаныңды ала бер!»</p> <p>4. Өзен ағысы қатты екен. Әлде тау басына жаңбыр жауды ма, түсі бұзылып, тастан тасқа соғып, жыртықш аңдай өкіріп, долданып ағып жатты.</p>	<p>Оқушылар сұрақ қояды.</p> <p>1.Жолға шыққан жолаушы қарт қайда сапар шегіп келеді?Оның сапар шеккеніне неше күн болды? 2.Қарт неге шошып оянды?</p> <p>3.Қарттың тілегі не?</p> <p>Шығармада өзен ағысы қалай суреттелген?</p>
3 минут	<p>Сабақты бекіту</p> <p>Сұрақ-жауап</p>	<p>Оқушылар топпен жауап береді.</p>
3 минут	<p>Туған елге оралған қандастар.</p> <p>Бағалау парағын қорытындылау.</p> <p>Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек»</p>	<p>Оқушылар шығармадағы негізгі түйінді ойды анықтайды.</p> <p>Қазіргі елімізге өз үлестерін қосып жүрген өнер адамдары, белгілі адамдар, спортшылар туралы дайындаған слайдтарын қарайды.</p>
	<p>Үйге тапсырма.</p> <p>«Отаным оттан да ыстық» тақырыбына шығарма жазу.</p>	

## ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ. «АНА»

(5-сынып)

Қазақ халқының әйгілі әншісі, күйші-композиторы, ақын. Ақан серінің азан шақырып қойған аты – Ақжігіт болатын. Алайда халық оның бойындағы қайталанбас биік өнерді жоғары бағалап, оның сұлу сырлы өлеңдерін сүйіп айтып, өнерге өмірін арнаған бекзаттығын қадірлеп «Ақан сері» деп атаған. Ол Солтүстік Қазақстан облысының Айыртау ауданындағы Үлкен Қоскөл маңында туып-өскен. Шыққан тегі - Арғын ішіндегі Қарауыл руы. Алғашқыда ауыл молдасынан білім алып, сонан соң Қызылжардағы Уәли медресесінде оқыған. Мұнан кейін ауылына қайта оралып, бар өмірін өнер жолына арнайды. Сал-серілік дәстүрді жан-тәнімен жақсы көрген Ақан сері жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы баптаған.

I тапсырма. Кестені толтыр. Нұсқау. Оқулық.

I топ	II топ	III топ
Өмірі	Әншілігі	Сазгерлігі

II. Тапсырма.

1-топқа. Ақан әндері туралы жаз.

«Ләйлім шырақ»	«Ақтоты»	«Жайықтың ақ түлкісі»
«Ақ көйлек»	<b>Әндері</b>	«Сырымбет»
«Асыл мен жасық»	«Құлагер»	
	«Балқадіша»	

2-топқа. Ақанның заман туралы ой толғамдары

3-топқа. Сал-серілігі.

Сал-серілік дәстүрді барша сән-салтанатымен ұстанған Ақан сері жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазыны жан серігі еткен. Мұндай өмір салтын оның әншілік-ақындық шабытына тұғыр болып, «Құлагер», «Маңмаңгер», «Көкжеңдет», «Екі торы ат», «Алай көк», «Тер қатқан» сияқты тамаша әндердің дүниеге келуіне себепші болған. Сондай-ақ, оның «Көкшетау», «Сырымбет», «Кербез сұлу» әндері бар.

III тапсырма. Ақан өлеңдерінің көркемдігі.

1 топқа	2 топқа	3 топқа
Тенеулер	Метафорлар	Аллитерация мен ассонанс

Ой толғау. Ақан – қазақ өнерінің дамуына ерекше үлес қосқан тұлға. Бағалау. БББ. Тапсырмаларды орындау барысындағы өлшемдер бойынша бағалау жасалады.

Рефлексия. Маған бүгін сабақта не ұнады? Мен Ақанды сері деп санаймын, себебі.....Ақан тым діншіл болған деп ойлаймын, себебі..... Мен үшін Ақан дара тұлға .....

Қорытынды:

Қорыты келгенде, Жаяу Мұса, Естай, Иман Жүсіп, Құлтума сияқты атақты ақын-әншілер Ақанның ең жақын достары болған. Ол қазақтың ұлттық өнерін кәсіби биікке көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Елуге жуық музыкалық мұрасы қазақ мәдениетінің алтын қорына енді. Оның шығармаларын белгілі әншілер Әміре Қашаубаев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Жәнібек Кәріменов, т.б. ел игілігіне айналдырды. Қазақстан композиторларының симфониялық және опералық шығармаларына кеңінен енгізіліп, Ақан әндері екінші өмірін бастады. Серінің өмірі мен тағдыры туралы Илияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын, Ғабит Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты» драмасын, Сыдық Мұхамеджанов осы аттас операсын, Сәкен Жүнісов «Ақан сері» романын жазды.

Үйге тапсырма. «Абай мен Ақан өлеңдеріндегі саятшылық» тақырыбына дайындалып келу.

Мақсаты	Қадыр Мырза Әлінің шығармашылығы жайлы мәлімет беру. «Ана» өлеңінің мәнін оқушылардың өз бетімен түсінуіне ықпал ету. Ойлау, есте сақтау қабілетін жетілдіре отырып, мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Отансүйгіштікке, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже	-Қадыр Мырза Әлі өмірі жайлы мәлімет алады. -Қадыр Мырза Әлі шығармашылығы жөнінде дерек жинайды: - «Ана» өлеңінің мәнін мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіре біледі; -Ашық, жабық сұрақтар құрастыруға дағдыланады. -Ананы сыйлап, құрметтеуге үйренеді.
Негізгі идея	Қадыр Мырза Әлі өмірі, шығармашылығы жайлы мәлімет беріп, «Ана» өлеңін меңгерту.
Оқыту әдістері	Сындарлы оқыту технологиясы.
Сабактың типі	I. Жаңа білімді меңгерту сабағы.
Сабак кезеңдері. Кіріспе бөлімі.	Тренинг «Менің анам» оқушылар шеңбер құрып тұрып, «Менің анам...» деп бастап есімін әрі қарай бір жақсы қасиеті атайды. Мысалы: «Менің анам Ақсамал, ол ақылды» Балалар гүлдердің суреттері (қызғалдақ раушан) арқылы топқа бөлінеді. Ол гүлдерді аналарына сыйлау үшін жинайды.
Тұсаукесер уақыты.	Үй тапсырмасын тексеру. 1. Ақжігіт есімді тарихи тұлға кім? 2. Ақан серінің тазы иті? 3. Мынау бір пырақ екен деген Күренбай сыншының сөзі Ақан Құлагердің қандай ерекшелігіне байланысты айтылған? 4. Ат үстінде ойын көрсеткен бала кім? 5. Ас беру дегенді қалай түсінесің? 6. Ақанның мылқау баласы кім?

## КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗ (II-сынып)

Мақсаты: білімділік-көпшілік алдында шығып сөйлеуге дағдыланудың жолдары туралы түсінік бере отырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, негізгі мәселелерге көңіл бөлуге үйрету. Қазіргі шешендердің ойлау жүйесі мен сөйлеу стиліндегі ерекшеліктерді аңғартып, сөйлеу шеберліктерінен үйренуге ұмтылу; дамытушылық-тіл тазалығын сақтауға дағдыландыру, есі мен жадын, тілін дамыту, ұлттық ойлау заңдылықтарын танып меңгерту, әдеби тілде өзіндік ойларын жеткізе білу тілін дамыту; тәрбиелік-оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, әдеби тілде мәдениетті түрде сөйлеуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақты меңгерту.

Түрі: дәстүрлі.

Әдісі: түсіндіру, талдау, ой жүйелеу, баяндау, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: тест тапсырмалары.

Барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Тақырыптық тест арқылы үй тапсырмасын тексеру.


**1. Малайсарының мына сөзі шешендік сөздердің қай түріне жатады?**

*Үйіңнің алдында төбе болса, ерттеулі атпен тең,  
Ауылыңда ақылгөй қарт болса, жазып қойған хатпен тең.*

- а) Шешендік бата;
- в) Шешендік дау;
- с) Шешендік толғау;
- д) **Шешендік нақыл;**
- е) Шешендік жұмбақ.

**2. Қазақтың шешендік өнерінің тарихы кімдерден басталады?**

- а) **Майқы би мен Аяз биден;**
- в) Шорғанбай мен Дулаттан;

Негізгі бөлім	<p>Үнтаспадан «Ана» туралы ән тыңдатылады. -Бұл ән кім туралы? -Бұл ән сендерге несімен ұнады? I. Жаңа сабақ. Қадыр Мырза Әлі «Ана» өлеңі Ізденіс жұмыс. I топқа Қадыр Мырза Әлінің өмір жолы туралы мәлімет. II топ. Қадыр Мырза Әлі шығармашылығы әр топқа өзі жинаған мәліметтерді сыныптастарына баяндайды. Оқушылар мәтінді мәнерлер оқиды. Жұптасып түсіндіреді. Ана туралы мақал-мәтел айтып, оқушылар топ болып сайысқа түседі. Топтастыру стратегиясы.</p>  <p>Қорытынды бөлім</p> <p>«Сәнквуй» әдісі. Бес жолды өлең әдісі. 1. Ана. 2. Қайырымды, ақ жарқын 3. Өмір сыйлайды, бағады, тәрбиелейді. 4. Әлемге өмір сыйлаған-Ана. 5. Ардақты адам. Білімді бекіту. Екі топ бір-біріне ашық және жабық сұрақтар қояды. Бағалау. Бағалау парағы бойынша топ басшылары мүшелерін алдын-ала дайындалған өлшемдер бойынша бағаланады. Үйге тапсырма: мәтін 196-197 бет, «Ана» туралы өлең жаттау.</p>
---------------	---

- с) Шалкиіз бен Бұқар жыраудан;
- д) Төле, Қазыбек, Әйтеке биден;
- е) Жиренше мен Асан қайғыдан.

**3. Шешендік сөздер жанрлық жағынан қаншаға бөлінеді?**

- а) 3;
- в) 4;
- с) 5;
- д) 2;
- е) 6.

**4. Үзінді шешендік сөздің қай жанрына жатады?**

*Үлкен алдында иіліп сөйле*

*Кіші алдында сызылып сөйле.*

*Иіліп сөйлегеннен белің бүгілмейді*

*Сызылып сөйлегеннен сөзің үзілмейді.*

- а) Шешендік арнау;
- в) Шешендік толғау;
- с) Шешендік дау;
- д) Шешендік бата;
- е) Шешендік нақыл.

**5. Майқы би, Аяз би қай ғасырдың өкілдері?**

- а) XIV – XV;
- в) XII – XIII;
- с) XV – XVIII;
- д) XVII – XVIII;
- е) XVIII – XIX.

**6. Шешендік өнер дегеніміз ...**

- а) Шешендік сөз;
- в) Шешендік иірілім;
- с) Жалпы адамзаттық құндылық деңгейіндегі өнер;
- д) Сөз мәдениеті;
- е) Әдеби мұра.

**7. Шешеннің парызы – шындықты айту.**

Даналық сөздің авторын ата.

- а) Платон;
- в) Квинтилиан;
- с) Цицерон;
- д) П.Рамус;
- е) С.Негимов.

**8. Шешендік сөздердің қатысымдық сапаларына жатпайтын қатарды тап:**

- а) Сөз дұрыстығы, сөз дәлдігі;
- в) Сөз анықтығы, сөз түсініктілігі;

- с) Тіл тазалығы, сөз қысқалығы;
- д) **Антоним, дәйексөз;**
- е) Ой жүйелілігі, сөз әуезділігі.

**9. Ғылыми әдебиеттерде шешендік сөздердің қанша тегі көрсетілген?**

- а) 5;
- в) 3;
- с) 4;
- д) 2;
- е) 6.

**10. Қазақ шешендіктану ғылымында шешендікті тұңғыш ғылыми түрде зерттеп, зерделеуші ғалым кім?**

- а) З.Қабдолов;
- в) **А.Байтұрсынов;**
- с) М.Балақаев;
- д) М.Әуезов;
- е) Қ.Жарықбаев.

**11. Шешендіктің Отаны ...**

- а) Эллада;
- в) Үндістан;
- с) Қытай;
- д) Ресей;
- е) Қазақстан.

**12. Риторикалық канондарды жетік білу - ...**

- а) **Шешендікке үйренудің алғашқы қадамы;**
- в) Психологиялық дайындық;
- с) Нақты сөзге дайындық;
- д) Күнделікті дайындық;
- е) Өзіне-өзі сену.

**13. Шешеннің ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау.**

- а) Ш.Монтескье;
- в) Платон;
- с) **Цицерон;**
- д) Йүгінеки;
- е) З.Қабдолов.

**14. Тақырыпты ойлап табу (инвенция) риторикалық канондардың нешінші бөлімі болып табылады?**

- а) 1;
- в) 5;
- с) 4;
- д) 2;

е) 3.

**15. Сұрақ түрінде белгілі бір фразға жинақталған межелі ұсыныстар түйіні қалай аталады?**

- а) Салыстыру;
- в) Метафора;
- с) Градация;
- д) **Риторикалық сұрау;**
- е) Теңеу сөздер.

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Риторикалық канондарды жетік білу- шешендікке үйренудің алғашқы қадамы.

Жұрт алдында сөйлеуде идеяның тууынан бастап, оның жүзеге асырылуының соңғы нүктесіне дейінгі аралықты қамтитын әрекеттер бес бөлімге тармақталады, олар ғылым тілінде риторикалық канондар деп аталады.

Риторикалық канондардың бірінші бөлімі: тақырыпты ойлап табу.

Екінші бөлімі: болашақ мазмұнды ойды жүйелеп орналастыру.

Үшінші бөлімі: сөзбен көркемдеу.

Төртінші бөлімі: есте сақтау.

Бесінші бөлімі: сөйлеу барысы.

Жұрт алдында сөйлеу арнайы дайындықты қажет етеді. Биікке ұмтылған шешен үшін басты шарт – күнделікті дайындық.

IV. Жаңа сабақ.

Көпшілік алдында сөйленетін сөз

Сыныпқа сұрақ: Қазақ халқы шешенді неліктен дана санаған?

Шешеннің сөзшең адамнан айырмашылығы бар ма?

Түрліше жауаптар:

-Өйткені дана көп білетін болған. Соған қарағанда шешен де көп біледі.

-Шешенді дана деп санау ойын тура айта алатындығынан деп ойлаймын.

-Даналық қасиет тек көп сөйлеуден емес, көп білуден әрі соны айта білуден құралады.

-Айырмасы жоқ деп ойлаймын.

-Екеуі ұқсас, себебі екеуі де жақсы сөйлейді.

-Шешен адам тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып, дәл сөйлейді.

Риторикалық канондардың ең маңызды бөлігінің бірі- сөйлеу барысы, яғни акцио гипокризис деп аталады.

Кез келген адамның көпшілік алдында шығып сөйлеуге батылы бара бермейді. Себебі жұрт алдына шығып сөйлеудің өзіндік

біршама қиындықтары бар: сөйлеуші мен тыңдаушының арасында көзбе-көз байланыс болғандықтан, шешенге тапқырлық, сөзіне ұйыта білу қабілеті қажет. Олай болса, мұнда шешеннің өзін еркін ұстауы ерекше рөл атқарады. Ал еркін болу үшін көп ізденіс, көп жаттығу қажет. Сөйлеу тілінде тек сөз мазмұнының тереңдігі ғана емес, интонация, сөз екпіні, ым, дене қимылдары да үлкен қызмет атқарады. Сондықтан тыңдаушыларды жалықтырып алмау үшін дауыс сан құбылып, шешеннің қимылы сөз мазмұнын өрлеп, толықтыратындай дәрежеде жарасымды болуы керек.

Көпшілік алдына шығып сөз сөйлеуден тартынудың себептері:

- Сөздік қорының аз болуынан.
- Ойы мен сөзін жүйелеп айтуға машықтанбағандықтан.
- Өзін көпшілік ортада ұстау мәдениетін игере алмағандықтан.
- Көпшілікке үйренбегендіктен.

Көпшілік алдында қысылатын жан қандай қарсы әрекет жасауы керек?

- Көпшілік ортаға көбірек араласуы керек.
- Сөздік қорын молайтуы керек.
- Еркін болуға тырысуы керек.
- Тұрақты дағдыны қалыптастыруы керек.
- Қиыстырып сөйлейтін жандардан үлгі алуы керек.
- Өзгелердің өзін қалай ұстайтынын бақылауы керек.
- Түрлі әдебиеттер оқып, сөздің мағынасын саралай есте сақтауы керек.

Көпшілік алдында сөйлейтін сөздің құрылымы бірнеше бөліктің бірлігінен тұрады.

Сөз құрылымы

1. Кіріспе сөз – сөз басы:

- Этикеттік сөз орамдары
- Қызықты әңгімелер
- Тосын сұрақтар
- Соңғы жаңалықтар, т.б.

2. Негізгі бөлім – ойдың алтын діңгегі:

- Негізгі идеяның жүйелілігі
- Ойдың логикалық нысандары
- Талдаудың логикалық тәсілдері
- Баяндаудың түсіндіру тәсілдері, т.б.

3. Қорытынды бөлім – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні:

- Сөздің тұжырымды түйіні
- Сөздің өтімділігі
- Сөз қысқалығы
- Сөз ширақтығы

Жаттығу жұмысын орындау.

1. СҰРАҒАН сөзіне математикалық тәсілмен дыбыстық талдау жаса.

Берілгені: СҰРАҒАН  $0 = \square + \blacktriangle = ?$  (Бұл сөзде қанша дыбыс бар, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?)

Шешілуі: СҰРАҒАН =  $7 \circ = 3 (\psi, 2 a) + 4 \blacktriangle (c, p, f, n);$

А) Тілдің қатысына қарай:

3  $\square = \underline{(3 \square (\square (\square))) (\psi, 2a) \text{жуан} \square};$   
( $\square \circ$ )

Ә) Жактың ашылу дәрежесіне қарай:

$3 \square = (2 \square (\square (\square))) (2a) \text{ашық} \square / (1 (\psi) \text{кысаң} \square);$

Б) Ерін мен езудің қатысына қарай:

$3 \square = (2 \square (\square (\square))) (2a) \text{езулік} \square / (1 (\psi) \text{еріндік} \square);$

В) Үн мен салдырдың қатысына қарай:

$4 \blacktriangle = (1 \blacktriangle (c) \text{катаң} \blacktriangle + 1 \blacktriangle (f) \text{ұяң} \blacktriangle) / (2 \blacktriangle (p, n) \text{үнді} \blacktriangle);$

2. Әркім өзіне берілген тапсырманы бұлжытпай орындауға кірісті.

Әркім сөзін сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына қарай талда.

Әркім

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: Әр-кім

2. Тұлғасына қарай – туынды (себебі аналитикалық немесе синтаксистік тәсілмен екі сөздің бірігуінен жасалған туынды сөз).

3. Құрылысына қарай – күрделі, біріккен сөз.

4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.

5. Лексикалық мағынасы-адам есімінің орнына жұмсалатын атау.

6. Грамматикалық мағынасы – жалпы грамматикалық мағына – есімдік.

7. Әркім – кім? деген сұраққа жауап береді.

8. Мағынасына қарай – белгісіздік есімдігі.

3. Синтаксистік талдау

Әдетте, оруды ең құрметті кісі бастауы тиіс, сондықтан көпшілік бұл құрметін Сырбайға көрсетпек болды.

1. Айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем.

2. Құрылысына қарай - құрмалас сөйлем.

А) Құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу тәсілдеріне қарай – салаласа байланысқан құрмалас сөйлем.

Ә) Құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлеріне қарай жалғаулықты себеп мәнді құрмалас сөйлем. Себебі, бірінші жай сөйлемнің себебін екінші жай сөйлем білдіріп тұр.

3. Құрмаластың екінші жай сөйлеміндегі сөздерді сөйлем мүшелеріне талдаймыз.

А) Қайтті? – көрсетпек болды, күрделі етістікті, жедел өткен шақ тұлғалы – баяндауыш.

Ә) Көрсетпек болған кімі? – көпшілік – дара, сын есімнің заттануы арқылы жасалған зат есімді, атау тұлғалы – бастауыш.

Б) Кімге көрсетпек болды? – Сырбайға, зат есімді, барыс тұлғалы – жанама толықтауыш.

В) Несін? – құрметін – дара, зат есімді, табыс тұлғалы – тура толықтауыш.

Г) Қай құрметін? – бұл – дара, есімдікті – қатыстық анықтауыш.

3. Құрмаластың алғашқы сөйлеміндегі сөздерді сөйлем мүшелеріне талдаймыз.

1. Не істеуге тиіс? – бастауға тиіс – күрделі етістікті, барыс тұлғалы – баяндауыш.

2. Кім? – кісі – дара, зат есімді – атау тұлғалы бастауыш.

1. Қандай кісі? - ең құрметті – күрделі, сын есімді-күрделі қатыстық анықтауыш.

2. Әдетте және сондықтан сөздері сөйлем мүшесіне қарай талданбайды, себебі олар сөйлем мүшелері қызметін атқармайды.

4. Сөйлемдегі сөздерді байланысу түрлері мен тәсілдеріне қарай талдаймыз.

А) кісі бастауға тиіс, көпшілік көрсетпек болды – қиысу тәсілі, орын тәртібі;

Ә) ең құрметті кісі, бұл құрмет – қабысу, тәсілі орын тәртібі, себебі сөз бен сөз ешбір жалғаулықсыз іргелесе тұрып қабыса байланысқан анықтауыштық қатынастағы есімді тіркестер.

Б) оруды бастауға тиіс, Сырбайға көрсетпек болды, құрметін көрсетпек болды-меңгеріле байланысқан толықтауыштық қатынастағы етістікті тіркестер.

Сабақты бекіту.

Тест тапсырмалары арқылы сабақты бекіту.

1. Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырма.

2. Бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма.

3. Ашық формалы тест тапсырмалары.

4. Сәйкестікті орнатуға арналған тапсырмалар.

5. Реттілікті дұрыс орналастыру тапсырмасы.

Үйге тапсырма беру.



**А.ҚАЙЫРҒОЖА,**  
**Шахта орта мектебі.**  
Маңғыстау облысы,  
Тұпқараған ауданы,  
Таушық ауылы

## «ЕР ТӨСТІК» ЕРТЕГІСІ

*(Кейіпкер бейнесі) 2 сағат*

Мақсаты: білімділік-ертегінің мазмұнын меңгеріп, әдеби талдау арқылы ертегінің көңіл толқытар тұстарын мәнерлеп, көріністер қойып, тыңдаушының жанын қозғап әңгімелеуге дағдыландырып, өзіндік пікір, сыни көзқарас қалыптастыру; дамытушылық-оқушы қабылдауы мен ойлау аралығын зерттей отырып, ой қорыту, оқушының ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту; тәрбиелік-адал достыққа, қайырымдылыққа, адамгершілікке, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ.

Әдісі: түсіндіру, ой қозғау, сұрақ-жауап, ойланту, топтық жұмыс. Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Амандасу.

2. Оқушыларды түгелдеу, сабаққа бағыттау.

3. Зейіндерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау

1. Ертегі дегеніміз не?

2. Қандай ертегілерді білесіздер?

3. «Ер Төстік» ертегісі қандай ертегі?

III. Жаңа сабақ.

Психологиялық тренинг.

Сыныпта «Ең жақсы тілек» атты психологиялық тренинг арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.

*Үлкенге де сіз,*

*Кішіге де сіз.*

*Сәлем бердік сіздерге,*

*Құрметпенен біз!*

Біздің ұранымыз:

*Таудай биік талабым,*

*Оқып білім аламын!*

Оқушылар әр түрлі стикерлерді таңдау арқылы топқа бөлінеді.

1-топ: Мұрагер.

2-топ: Бойтұмар.

3-топ: Жасұлан.

Оқушылар топтасып «Ер Төстік» ертегісіндегі кейіпкерлерге талдау жасайды.

Жағымды кейіпкерлер

1. Ер Төстік.

2. Кенжекей.

3. Ер Төстіктің достары.

4. Бапы хан.

5. Күңке.

Жағымсыз кейіпкерлер

1. Перінің қызы Бекторы.

2. Мыстан.

3. Темір хан.

4. Кеше хан.

5. Шойынқұлақ.

Сөзжұмбақ шешу.

1. Төстіктің әкесі (ЕРНАЗАР)

2. Ертегідегі жағымсыз кейіпкер (БЕКТОРЫ)

3. Төстікке көмекке келген жағымды кейіпкер (ТАУСОҒАР)

4. Баласын Төстік абайсызда өлтірген кемпірдің кәсібі? (ӨРМЕК  
ТОҚУ)

5. Ырымы жаман жер (СОРҚҰДЫҚ)

6. Бапы хан Төстікті қай елге жұмсады? (ТЕМІРХАН)

7. Шойынқұлақтың сырын білу үшін Ер Төстіктің жасырынған  
жері? (БЕСІК)

8. Төстікке Шойынқұлақты жеңуі үшін көмекке келген жан?  
(КҮҢКЕ)

Өмірмен байланыс.

Сакқұлақ кім? – радио, телефон.

Көреген қазіргі өмірдегі не? – ғаламтор, теледидар.

Тыңшы – сөзді тыңдауға арналған арнайы құрылғылар  
(диктофон)

Көлтауысар – өрт сөндіретін техника.

Таусоғар – бульдозер, кран.

IV. Бекіту.

1. Ертегі дегеніміз не?

2. Қандай ертегілерді білесіздер?

3. «Ер Төстік» ертегісі қандай ертегіге жағады?

V. Қорытынды:

Әр топтың оқушылары «Ер Төстік» ертегісі туралы білгендерін баяндап, қорытындылайды.

VI. Үйге тапсырма беру.

«Ертегі әлемінде» атты шағын мәтін құрау.

VII. Бағалау.

**М.ЖАҚАНОВА,**  
**№111 орта мектеп.**  
Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы,  
Алдашбай Ахун ауылы

## **Ы.АЛТЫНСАРИН ӨМІРІНЕ ШОЛУ**

Мақсаты: білімділігі-Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайлы кеңірек мағлұмат беру. Өсиет өлеңдерінің идеясымен таныстыру; тәрбиелігі-оқушылардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру,білімді болуға талаптандыру, туған елін, Отанын сүйуге тәрбиелеу; дамытушылығы-тұжырымды ой айта білуге үйрету, сөйлеу мәдениетіне баулу,өз көзқарастарын еркін білдіруге жетелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап,баяндау.

Түрі: аралас сабақ.

Көрнекілігі: Ыбырайдың портреті, Ыбырай жайлы айтқан ғалымдар пікірі, интербелсенді тақта.

Сабақтың типі: жаңа сабақты меңгерту.

Пәнаралық байланысы: тарих, қазақ тілі, ән.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, назарларын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Оқушылардың жазба жұмысын талдап, бағалау.

III. Үй тапсырмасын бекіту.

Бекіту сұрақтары:

1. Шоқан қай жылдар аралығында өмір сүрді? (1835-1865)
2. Шоқанның арғы атасы кім болған?(Абылай хан)
3. «Шоқан қазақтардың қызық көретін саяткерлік салтымен бала кезінен-ақ шұғылданған болуы керек, өйткені ол сұңқарды қалай

баптап-күтудің әдісін жақсы білетін» деп пікір айтқан досы кім? (Г.Н.Потанин)

4. Сібірдегі Омбы кадет корпусына қай жылы оқуға түсті? (1847)

5. Қазақ өлеңдерін ғалым нешеге бөлді?(5-ке)

6. Шоқан атақты Қашқария сапарына қай жылы барды? (1858-1859)

7. «Қырғыздар туралы жазбалар» еңбегінде қырғыз ауыз әдебиетін неше салаға бөлді? (3)

8. III. Уәлихановтың ғалым ретінде зерттеген ең іргелі еңбектері? (Манас, Семетей жырлары)

9. Манас дастанының мәтінінің неше жолын орыс тіліне аударған (913)

10. Шоқанның Орта Азия халықтарының өмірінен алынған қанша суреті сақталған?(150)

Сыныпты топқа бөліп, топ басшыларына бағалау парақтарын таратып беру.

IV. Жаңа сабақ.

*Бір Аллаға сыйынып, кел балалар оқылық,*

*Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық,-*

деп қазақ балаларын оқу-білімге шақырған Ы.Алтынсарин кім, біз Алтынсарин жайлы не білеміз?

Оқушыларға алдын-ала Ыбырай жайлы мәлімет біліп келу тапсырылды. «Біз танитын кейіпкер» кезеңі. Сол бойынша өздерінің оқып, дайындап келгендері бойынша өз ойларын ортаға салады.Балаларға тың дерек бойынша Ыбырай жайлы өзім түсінік беріп кетемін. Ыбырай жайлы айтқан ғалымдардың пікірлеріне тоқталып өтемін. Өсиет өлеңдерімен таныстыру.

*Азған елдің билерінің Барар болсақ алдына,*

*Алым бермей тамағына, Қарар, ма ол сенің әліңе?*

*Қорадағы малыңа Төре берсе керек-ті.*

.....

Азған елдің байлары

Ұлық тұтар басын-ай

Қайда дәулетті адам болса,  
Берер соған асын-ай.  
Көзін сүзіп бір кәріп,  
Төгіп келсе жасын-ай,  
Бермек түгіл, бейшараны  
Масқара қылса керек-ті  
Азған елдің адамына  
Айтсаң тіліңді алмағай,  
Кетсе шарлап жия алмағай,  
Бір тәңірден ұялмағай.  
«Бүгін тоба қылмайын,  
Ертең тоба қылайын.  
Қашан тоба қылғанымша,  
Үзіп-жұлқып алайын» деп,  
Өлшеп берген өмірін Зая қылса керек-ті..

.....

Береке кеткен елдерде,  
Күн қысқарса керек-ті.  
Алатаудай атаға ұл қышқырса керек-ті.  
«Бала, бала, бала» деп, түнде шошып ояңған,  
Түн ұйқысын төрт бөліп, түнде бесік таянған.  
Аяулы қолда талпынтқан,  
Қаймақты сүттей қалқытқан  
Суық болса жөргектеп, қорғасын оқтай балқытқан.  
Айналасына ас қойып, айдынды көлдей шалқытқан,  
Қолын қатты тигізбей, кірлі көйлек кигізбей,  
Исін жұпар аңқытқан,  
Сондай сорлы анаға қыз қышқырса керек-ті.

Өлең мағынасын түсіндіре отырып, балалардың пікірін тыңдау.  
«Мен де бір ой айтайын» айдары бойынша балалардың ой-пікіріне кезек береміз.

Постер қорғау. I топ. Ыбырай – шағын әңгіме шебері.

II топ. Ыбырай-ұстаз.

Сергіту сәті. «Ұстазым» әні.

V. Жаңа сабақты бекіту. Ыбырайдың өнегелі өмірі бізге, жас ұрпаққа үлгі. Оның айтып кеткен әрбір сөзі, атқарып кеткен білім саласындағы еңбегі ұшан теңіз. Ыбырай қазақ балалары үшін «қазақ балалар әдебиетінің атасы» деп баға беру өте орынды. Білімсіз ештеңе жоқ, мал-дәулеттің байлығы бір жұт болса жоқ болар, оқығанның байлығы күннен-күнге көп болар дей отырып, білім мен байлықты салыстыра отырып, олардың қайсысы артық екеніне нақты баға берген мұсылмандардың алғашқы төрт халифасының бірі – Әли ибн Әбу Тәліптің мына дәлеледемесін мәңгілік естеріңе сақтандар.

1. Білім артық, өйткені, ол-пайғамбарлардан қалған мирас, байлық-бақылдардан қалған мұра.

2. Білім артық, білімдінің жанында адал достар көп болады, ал бай адамның қасында амал достар көп болады.

3. Білім артық, ол досыңды көбейтеді, байлық дұшпаныңды арттырады.

4. Білім артық, оны қанша жұмсағанмен азаймайды, байлықты жұмсай берсең, бір күні түгесіледі.

5. Білім артық, оны ұры- қарыдан сақтаудың керегі жоқ, ал жиған дүниенді сырт көздерден қорғаштаумен өтесің.

6. Білімнің көп болса, ел саған қызығады, байлығың көп болса, ел сені қызғанады, білімнің артық болатыны сол.

7. Білім артық, білімнің көп болғанымен есеп- қисап жүргізбейсің, байлығыңа ұдайы есеп жүргізіп тұруың керек

8. Білім қанша көп болса да, іріп-шіріп кетпейді, дүние-мал болса бүлінеді, сондықтан да білім артық.

9. Білім артық, ол кісілігің мен кішілігіңді арттырады. Байлық болса сараңдық пен қомағайлығыңды арттырады.

10. Шынайы білімді адам орнымен сөйлейді, ізеттілігі де артады. Байлығы мол адам оған мастанып мақтанады, астамшылық көрсетеді, сондықтан білім артық.

VI. Оқушыларды бағалау.

**Б.АХМЕТЖАНОВА,**  
**М.Ғабдуллин атындағы №3көп тілде**  
**оқытатын кәсіби мектеп-гимназиясы.**  
Ақмола облысы,  
Көкшетау қаласы

## **САЙЫН МҰРАТБЕКОВ. "ҚЫЛАУ"**

Мақсаты: білімділік-оқушыларға көркем шығарманы оқыту арқылы әңгіменің мазмұнын ашу, кейіпкерлер бейнесін жан-жақты аша білу; дамытушылық-оқушылардың өзіндік пікірін қалыптастыру, жазбаша тіл байлығын дамыту; тәрбиелік-кейіпкерлердің әрекеті арқылы адамгершілікке, шынайы достыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.

Түрі: топтық жұмыс.

Әдісі: талдау, салыстыру, іздендіру, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, слайдтар, бағалау дөңгелекшелері, сөйлем қиындылары, тақырыптық түйінді сөздер.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, география.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Оқушылармен сәлемдесу.

- Сыныпты түгелдеу, сынып журналына тіркеу.

- Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II. Сергіту кезеңі.

III. "Ұшқыр ойдан-ұтымды жауап" /үй тапсырмасын тексеру кезеңі/

1. «Келісу-келіспеу» әдісі.

1. Сайын Мұратбеков 1936 жылы дүниеге келген.


2. Талдықорған жерінде дүниеге келген.

3. Сатайды түн ортасында оятты.

4. «Қыз Жібек» пьесасын қойды.

5. Балалар 6-сыныпта оқиды.

II. 2. Әңгіменің композициялық құрылымы.



III. Ширату сұрақтары. /оқулықта берілген сұрақтарға жауап беру/ Қобдишаны жылжытып отырып сұрақтарға жауап береді.

1. Таң азанғы әке дауысы Сатайдың құлағына неге жағымсыз естілді?

2. Әке ақылы Сатайды неге ызаландырды, сендер де ересектердің ақыл сөзін солай қабылдайсыңдар ма?

3. Өлім мен өмір туралы Сатайдың ойлауына не түрткі болды?

4. Сатайдың сезімталдығы мен жайдарылығы, қайырымдылығы оның қандай әрекеттерінен байқалады?

5. Рәбиғамен келе жатып қасқырды көргенде Сатайдың айқайға басуы оның батылдығы ма, мақтаны ма, не деуге болады?

6. Орынсыз мақтанды сүймейтіндігіне Сатайдың қай әрекеті дәлел?

IV. «Ой жинақта, түйінде» /әңгіме мазмұнының желісін жинақтау/

1-2-топ-«Сөйлем қиындыларымен» жұмыс жасайды.


3-топ-«Тақырыптық түйінді сөздер» кестесін толтырады.

4-топ «Рабиға мен Сатайға» венн диаграммасын құру.


5-топ-«Екі түрлі түсіндірме күнделігін» толтырады.

V. 1-топ-Сатай мен Рабиғаның диалогын сахналау.

2-3-топ.Талдау-табыс кілті. Әңгімеге сатылай кешенді талдау жасау. Толтыру.



4-топ. Кейіпкерлерге мінездеме.



5-топ. Оқиға желісі бойынша сурет салу.Өлең шығару «Достық»

VI. Қорытынды.

Сонымен, балалар, әңгімеден түсінгеніміздей әрқашан бір-бірімізбен дос болуымыз керек. Достық - адамдар арасын жалғап тұрған нәзік жіп. Ендеше, білім жолында достықта, бірлікте болайық.

VI. Үйге тапсырма. "Мен достықты қалай түсінемін?" тақырыбына әңгіме жазып келу.

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР»

Мақсаты: білімділік-қазақ әдебиетінің ғана емес, жалпы түркі әлемінің ойшыл, дана тұлғасы ақын Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығының туындысы Қалқаман-Мамыр поэмасынан жас ұрпақты хабардар ету; дамытушылық-ақын өлеңдерін оқыту арқылы материалды тиянақты меңгерту, жүйелі ойлау мен ойды әсерлі жеткізуге, мәнерлеп оқу арқылы мағынаны тануға үйрету; тәрбиелік-ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің өкілі, ақын Шәкәрім шығармашылығын насихаттау арқылы оқушыларды өнер-білімге баулу, иманжүзділікке тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақты (тақырыпты) игеру.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, зерттеу, талдау, СТО (Венн диаграммасы, топтастыру), анимациялық әдіс, әңгімелестіру, жаздыру.

Көрнекілігі: ақын суреті, шығармалар жинағы, хронологиялық кесте, интерактивті тақта.

Сабақтың эпиграфы: *Өтіріктен тілін тия алмаған адам, арамдықтан ындынын тия алмайды (Шәкәрім).*

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: а) Оқушылармен сәлемдесу;

ә) Оқушылардың сабаққа қатысуларын тексеріп, сынып тазалығына назар аудару;

б) Оқушылар назарын сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Тақырыпты түсіну үшін оқушылармен «Жаппай сұрақ-жауап арқылы пікірлес» әдісін қолданамын бір уақыттың өзінде бірнеше мәселені талқылау үшін пайдалануға болады. Бұнда топтың әр мүшесі баршаға ұсынылған мәселелер талқылауына қатысуы және өз үлесін қосуына әбден болады. Бұл барлық оқушыларды аз уақыт ішінде бағалауға тиімді.

1-қадам. Талқыға мәселе қою. Оқушы әрбір топқа мәлім бір

мәселе немесе тақырып береді. (Мен де осы өтілген тақырыптағы Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр» поэмасы сюжетіндегідей тұсты қазіргі өмірмен салыстыру жағдаятын ұсынамын. Шәкәрімнің өміріне байланысты).

2-қадам. Әрбір топ айтатын жауабын жүйелей отырып, жауап береді. Мәселелерді талқылау, пікірлесу амалға асырылады. (әдетте 5-10 минут)

III. Жаңа сабақ.

Шәкәрімнің қандай шығармалары бар? (Кесте бойынша түсіреміз)

Поэзия		Проза
Өлеңдері: Сатиралық лирика, азаматтық лирика, философиялық лирика, махаббат лирикасы, көңіл- күй лирикасы	Поэмалары: «Еңлік-Кебек», «Қалқаман- Мамыр», «Айсұлу- Нартай», «Ләйлі- Мәжнүн»	«Әділ-Мария», «Бәйшешек бақшасы», «Мәнді сөздер», «Шын бақыттың айнасы», «Мен жетпіс екі жасқа келгенше», т.б.

«Шәкәрім -Абайдың талантты шәкірті». Шәкәрім мен Абайдың ұстанған жолдарындағы ұқсастық пен айырмашылықты байқайық. (Венн диаграммасын жасату).

**Абай мен Шәкәрім шығармаларын салыстыру.**

Қазақ поэзиясының асқар шыңы Абай қалдырған шығармашылық дәстүрді жалғастыра отырып, өз жаңалықтарымен байытып өрнектеген Шәкәрім Құдайбердіұлының көркем мұрасы-әдебиетіміздің асыл қазынасы. «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім» деген Абай мектебінен тағылым алып, оның жолын жалғастырған Шәкәрім өлеңдері ақын өлеңдерімен үндесіп жатады. Оқушылар ақындардың өлеңдеріндегі ұқсастыққа тоқталады.

«Қалқаман-Мамыр» дастаны.

Шәкәрім шығармашылығында басты орын алатын жанр бұл Абай ұстаздығымен дарыған дастаншылдық, яғни поэма жанры. Жалпы Шәкәрім бірнеше поэма жазған және аударған. Олар: «Қалқаман-мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу», «Мұтылғанның өмірі», «Ләйлі-Мәжнүн», А.С.Пушкиннен аударған «Дубровский» поэмалары.

IV. Қорытынды жасау. Бағалау. Үй тапсырмасы: өлеңді жаттау. Қорытынды сөз.

**А.САҒЫНДЫҚ,**  
**«Бейнеу мектеп-интернаты» КММ.**

Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы,  
Сарға ауылы

## МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Мақсаты: 1. Ұлы жазушы М.Әуезовтің өмір тарихы туралы хабардар ету, жазушы өмірінің оқулықта айтылмайтын кезеңдерінен сыр тарту.

2. Қызықты да қиын тағдырға толы жазушы өмірін келешек ұрпаққа үлгі ету, эстетикалық тұрғыда тәрбие қалыптастыру.

3. Оқушылардың прозаға деген қызығушылығын арттыру, көркемдеп мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Түрі: баяндау, сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: - Жазушының суреттері;

- Д.Досжанов «Абақты» кітабы;

- Баспасөз материалдары;

- Хронологиялық кесте;

- Видеопроектор.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Үй тапсырмасын пысықтау.

Жаңа сабаққа көшпестен бұрын оқушылардан жазушы туралы не білетіндігі сұралады.

Анықтау сұрақтары: 1. М.Әуезов туралы не білесіздер?

2. Жазушының төменгі сыныптарда қандай шығармасымен таныстыңыздар?

3. Қандай кейіпкерлерін білесіздер?

Жазушы туралы жалпы еске түсіргеннен соң жаңа сабаққа көшіп, оқушылар назарына сабақтың тақырыбы видеопроектормен көрсетіле отырып, таныстырылады.

Жоспары:

1. Кіріспе: «Асқар тауға анадайдан қара»

2. «Заманымыздың заңғар жазушысы».

- «Бөрілі, қайда кеткен бөрілерің?» (Ф.Оңғарсынова)

- «Әуезов абақтыға не үшін қамалды?» (Д.Досжанов)

- «Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай!» (Мәди)

3. «Әлемнің Әуезові»

Оқушылар назарына төмендегідей мәліметтер беріледі:

• Жазушы 1897жылдың 28 қыркүйегінде Шығыс Қазақстандағы Шыңғыстау бөктеріндегі Қасқабұлақ деген жерде (Бөрілі деп те аталады) дүниеге келіп дүниеге есігін ашқан;

• Атасы Әуезов де, әкесі Омархан да заманына сай сауатты адамдар болған;

• Мұхтар 11 жасында әкесі Омарханнан, 16 жасында анасы Нұржамалдан жетім қалып, атасы Әуезовтің тәрбиесінде болады. Әуезов қолынан Абай өлеңдерін жаттап өседі. («Шыңғыстаудың бір бөктерінде ұлы Абай қаскөйлерден зорлық көріп жатса, екінші бір бөктерінде ұлы Әуезов дүниеге келіп жатты»)

• 1908 жылы немере ағасы Қасымбек Мұхтарды Семей қаласына оқуға апарды. Онда болашақ жазушы 5 жыл училищеде, 4 жыл мұғалімдер семинариясында оқиды.(осы уақытта түскен суреті бар, сол көрсетіледі, бұл 1914 жыл еді) Бұл кезде орыс және батыс әдебиетімен танысады.

• 1917 жылы «Еңлік-Кебек» пьесасы жазылады, бұл драма ең алғаш Абайдың әйелі Әйгерімнің шаңырағында қойылады. Қазақ әдебиетінде бұл жанрға алғаш қалам сілтеген Мұхтар болды. Сол себепті С.Мұқанов: «Қазақ әдебиетінде драматургия жанры тек М.Әуезов ашқан жаңалық» деп жазды. Бұл уақытта жазушының мақалалары «Алаш», «Сарыарқа» газеттерінде басылып тұрды. Ең алғашқы мақаласы – «Адамдық негізі – әйел» деп аталды.

• 1918 жылы «Абай» журналында 20-ға тарта еңбегі жарияланды;

• 1919жылы Коммунистік партияға мүше болды;

• 1920 жылы Кеңес үкіметінің қызметіне араласты-Семей губерниясы билер кеңесінің төрағасы, Семей губерниясы атқару комитетінің төрағасы болды, оқу-ағарту бөлімінде жұмыстар істеді;

• 1921-1922 жылдары Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынборда Қазақ Атқару Комитетінің президиум мүшесі болды, «Еңбекші қазақ» газетінде редактор қызметін атқарды. Осы кезеңде «Қорғансыздың күні», «Оқыған азамат», «Қыр суреттері» әңгімелері оқырманға жол тартты. (осы уақытта түскен суреті бар, сол көрсетіледі)

• 1922-1923 жылдары үкімет жұмысынан қол үзіп, Ташкент Орта Азия университетінде 1 жыл білім алады. 1923 жылдың қыркүйегінде Ленинград(қазіргі Санкт–Петербург) университетіне оқуға түседі;

• 1924 жылы Үкіметтің ұйғарымы бойынша Қазақ педагогика техникумында лекция оқиды, Орыс география қоғамының Семей бөлімшесінде төраға орынбасары болады, осы уақытта өлкетану, әдебиеттану саласында көптеген іс тындырады;

• 1925-1928 жылдары оқуын жалғастырып, университетті алтын медальмен бітіріп шығады (осы кезеңдегі суреті бар, көрсетіледі). Осы жылдарда «Әдебиет тарихы», «Қаракөз» пьесасы, «Қараш-қараш оқиғасы», «Сұғанақ сұр» повесі, «Қилы заман» романы, «Көксерек» повестері жазылды;

• 1928 жылы Ташкентте Орта Азия университетінің аспирантурасында білімін жетілдіреді;

• 1930 жылдың 1 қазан күні Мұхтар қамауға алынады. «Байшыл, ұлтшыл, алашордашыл» деген айыппен 32 адамның қатарында түрмеге қамалады. (Д.Досжановтың «Әуезов абақтыға не үшін қамалды?» атты мақаласы)

• 1932 жылы 7 мамыр күні А.Байтұрсыновтың ақыл-кеңесімен түрмеден босайды. Мұхтар өзіне таңылған 3 негізсіз айыпты амалсыздан мойнына алып, үкіметке кешірім хат жолдайды, сол «өтініш» негізінде бостандыққа шығады. Ол үш «айып» төмендегідей еді:

- Елдегі жүргізіліп жатырған коллективтендіру саясатын сынаған еді;

- «Шолпан» журналында Мағжан өлеңдеріне баға берген болатын;

- «Алқа» ұйымының жұмысына араласқан еді;

• 1932 жылы 14 қыркүйекте Қазақ малшаруашылық институтында оқытушы боп орналасады (осы кезеңде түскен суреті бар, көрсетіледі);

• 1934-1936 жылдары «Тартыс», «Тас түлек», «Хан Кене», «Айман-Шолпан», «Ескілік көлеңкесінде» атты шығармаларын жазады, бірақ осылардың ішінен «Хан Кене», «Айман-Шолпан», «Ескілік көлеңкесінде», «Тартыс» туындылары үшін қуғындалып, Ә.Тәжібаев, Ғ.Мүсірепов, Б.Кенжебаев секілді інілерінің арқасында құтылады.

• 1937 жылы «Ескілік көлеңкесінде», «Түнгі сарын», «Алма бағында», «Тас түлек» шығармаларымен қуғындалып, бұл жолы үкімет басшысы Мирзоянның Сталинге жазған өтініші негізінде аман қалады. (М.Қаратаевтің естелігі осы жөнінде Д.Ысқақұлының мақаласында да айтылады).

• 1938 жылдан бастап Мұхтар «Абайды» жаза бастайды. Бұған дейін ол «Татьянаның қырдағы әнін»(1936) жазған болатын. 1940 жылы «Абай» трагедиясын, «Абай» кинодрамасын жазды. Мұның барлығы Абай эпопеясына дайындық болатын;

• 1942 жылы «Абай» романының 1-томын жазып бітірді. Ол шығарма Б.Кенжебаевтың көмегімен басылып шықты;

• 1942 жылы Мұхтардың «Әдебиет тарихы», «Абайдың ақындық айналасы» еңбектері сыналды;

• 1942-1943 жылдары «Сын сағатта», «Қара қыпшақ Қобыланды» пьесалары жазылды;

• 1947 жылы «Абай» романының 2-томын жазып бітірді (бұл кезеңде түскен суреті бар, көрсетіледі);

• 1949 жылы 2 томдық «Абай» романына Мемлекеттік сыйлық берілді;

• 1950 жылы «Ақын аға» деген Абайдың 3-томы жазылды;

• 1953 жылы романда Кенесары көтерілісіне қарсы оқиға жоқ деген желеумен жазушыға жала жабылды. Бұл уақыттарда тарихшы Бекмаханов, сыншы Мұхамедқановтар сотталып кеткен болатын. Бұл жолы жазушы өзінің бір топ шәкірттері арқылы

(Ә.Әлімжанов бастаған) 23 наурызда Мәскеуге қашып, сонда орыс достарын паналаған (бұл туралы Ғ.Қабышұлының «Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай» мақаласында айтылады);

• 1955 жылы Алматыға келеді (суреті бар, көрсетіледі);

• 1956 жылы «Индия очерктері», «Америка әсерлері», «Түркістан солай туған», «Абай жолының» 4-томы жазылады;

• 1959 жылы «Абай жолы» романы үшін Лениндік сыйлық беріледі;

• 1960 жылы «Өскен өркен» романын жазуды бастайды, бірақ аяқталмай қалған;

• 1961 жылы 27 маусымда Мұхтар Мәскеуде ота жасау кезінде қайтыс болды.

Сабакты қорытындылау:

1957 жылы М.Әуезовтің 60 жылдығы тойланды – Ленин орденімен марапатталды.

1967 жылы 70 жылдығы тойланды – Аса көрнекті жазушы деп баға берілді.

1977 жылы 80 жылдығы тойланды – «Абайдан кейінгі адам» деген атақ берілді.

1987 жылы 90 жылдығы төмен деңгейде тойланды, өйткені 1986 жылдың желтоқсан оқиғасының ызғары басым болды.

1997 жылы 100 жылдығы тойланды – Әлемнің Әуезові атанды.

Сабакты ақын Ж.Әбдіраштың өлең шумақтарымен аяқтаймыз:

*Біреулер Шекспирмен шендестірді,*

*Біреулер Балзакпенен белдестірді.*

*Бір табан бізге жақын орыс қой деп,*

*Біреулер Толстоймен теңдестірді.*

*Кезеңнен қилы-қилы көрдің мәзір,*

*Аласың, алып тындың орныңды әзір.*

*«Шығыстың Шолоховы!» едің кеше,*

*«Әлемнің Әуезові!» болдың қазір.*



**Ә.ТҰРСЫНОВА,**  
**«Жаңа Ғасыр» № 175 гимназиясы.**  
 Алматы қаласы,  
 Әуезов ауданы

## М.ЖҰМАБАЕВТЫҢ «БАТЫР БАЯН» ДАСТАНЫНДАҒЫ БАЯН МЕН НОЯН БЕЙНЕСІ

Максаты	Оқушылар дастанды талдай отырып, кейіпкерлер бейнесін ашады.	
Жалпы мақсат	Тақырыпты түсініп оқи білуге бауду. Тілін, сөздік қорларын дамыту арқылы сабаққа деген қызығушылығын арттыру.	
Күтілетін нәтиже	Тақырыптың мазмұнын түсініп, сауатты оқиды. Өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге үйренеді. Сыныпта топтық жұмыс арқылы ынтымақтастық қарым - қатынас орнатады.	
7 модульдің қолданылуы	АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Миға шабуыл, Жигсо, Жұптық әңгіме, «6 Неліктен?», «Қос жазба күнделігі», «Оңай және қиын сұрақтар тізімі», Болжау стратегиясы.	
Қолданылатын ресурстар	Флипчарт, маркерлер, портреттер, такта, стикерлер, ноутбук.	
Ұйымдастыру кезеңі	- Балалар, сабағымыз «Батыр Баян» тақырыбы болғандықтан, сіздер «Б» дыбысынан басталатын қару-жарақ атауларын білсеңіздер, айта қойыңыздар. Сол сөздер топтың аты болмақ.	Оқушылардың мұндағы мақсаты қазақтың қару-жарақ атауларын атап топқа бөлінеді. I топ: «Бесатар». II топ: «Білте». III топ: «Берен».
Үй тапсырмасы	М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы бойынша, «Мен «Батыр Баян» поэмасын оқығанда» тақырыбына эссе жазу. Мазмұнын талдап келу берілген.	

Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті								
Білім Қызығушылықтарын ояту.	<p>I. «6 Неліктен?» сұрақ-жауап (әр топқа 2 сұрақтан)</p> <p>1. Неліктен поэманың басында ақын «Көкшенің тас жүрегі жаралы да!» деп сырын ақтарады.</p> <p>2. Неліктен поэмада Абылай туралы айтылады?</p> <p>3. Неліктен ақын осы Батыр Баянды жырға қосты деп ойлайсыңыздар?</p> <p>4. Неліктен Баян батыр: «Талқыға жан жарасын сала алмаймын, Мәнімді мен айтпаймын, сен сұрама» деп айтты, Баянның жайы не туралы еді?</p> <p>5. Неліктен Ноян қалмақ қызымен бірге кетуді жөн көрді?</p> <p>6. Неліктен Батыр Баян: «Апыр-ай, алаш арын жоқтамастан, Жөңкіліп бұл қайтудың мәні қалай?»-деп өзіне-өзі сұрақ қояды. (Оқиғаның шешімі неліктен бұлай аяқталды)</p>	Үй тапсырмасын сұрау Талқылау үшін сұрақтар беріледі.	Оқушылар оқып келген білімдері бойынша сұрақтарға жауап береді.								
Түсіну	<p>II. I топ: «Бесатар» топқа «Абылай хан» туралы кластер құрастыру</p> <p>II топ: «Білте» топқа «Батыр Баян» туралы кластер.</p> <p>III топ: «Берен» тобына «Қос жазба күнделігі».</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 50%; text-align: center;">Үзінділер (Цитаталар)</td> <td style="width: 50%; text-align: center;">Түсіндірме</td> </tr> <tr> <td style="text-align: center;">Ат қойлы қалың жауға «Абылайлап»</td> <td style="text-align: center;">Баянның қалмақтарға өзі бастап соғысып кетуі үлкен ерлік іс.т.б.</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table>	Үзінділер (Цитаталар)	Түсіндірме	Ат қойлы қалың жауға «Абылайлап»	Баянның қалмақтарға өзі бастап соғысып кетуі үлкен ерлік іс.т.б.					Оқушылар топ болып кластер құрады. Оқулықпен жұмыс жасай отырып, «Қос жазба күнделігін» толтырады.	
Үзінділер (Цитаталар)	Түсіндірме										
Ат қойлы қалың жауға «Абылайлап»	Баянның қалмақтарға өзі бастап соғысып кетуі үлкен ерлік іс.т.б.										

<p>III. Топтық тапсырма. Кейіпкер келбетін ашатын көркемдегіш құралдар (эпитет, теңеу, метафора, т.б.)</p>		
Кейіпкерлер	Кейіпкер бейнесін ашатын тұстардан мәтіннен мысал келтіру	Кейіпкер бейнесін ашуда қандай көркемдегіш құрал қолданылады?
Абылай хан	Қанайым, ойың ұдай, тілің шаан.	ойың ұдай, тілің шаан, кең ойлы данышпандай ,
Баян батыр	Көп жаудың албастысы, ел еркесі Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат Келмесе қанды балақ батыр Баян Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді, Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап, Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді ?	ел еркесі Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат балақ батыр сұңқардайын жолбарыстай аш бөрідей
Ноян	Бөрінің бөлтіргі – бала Ноян Билеген асау жүрек, қайнаған қан. Төзім қып албырт Ноян күттіей таңды Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.	Бөрінің бөлтіргі асау жүрек , қайнаған қан, албырт Ноян бөбек Ноян
Қалмақ қызы	Сонда да кейбір кезде ақ бетіне Бір нәрсе жүгіруші ед ыстық қандай... Адасқан аққу құстай мен бір пақыр Толтырып меруерттей жасқа көзін	ақ бетіне, ыстық қандай, аққу құстай Меруерттей жасқа
Поэмада тарихи оқиғаны суреттеген тұстар.	Бурабай Сарыарқа- сары дария, қиыры жоқ Көкшетау	Арқа аралы, жер еркесі Арудың ақпен өрген тұлымындай
<p>IV. Оңай және қиын сұрақтар тізімі.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қалмақ қызының бейнесі арқылы қандай тұжырым жасауға болады?</li> <li>2. Авторлық шешімге қалмақ қызының жеке бас қасиетінің қаншалықты қатысы бар?</li> <li>3. Материалдық игілік үшін өз елінің азаматтарын діні мен ділі, рухы мен тілі бөлек шетелдіктерге айырбастап, мұхит асып кете беретін қазақ қыздарына осы поэмадағы қалмақ қызының қай қасиеті үлгі бола алады?</li> <li>4. Баянның інісін жазалауы дұрыс па?</li> <li>5. Ноян туралы автор түйіні, көзқарасын сипаттаңыздар.</li> <li>6. Ноянның Баянды жазалаудағы ісіне көзқарастарыңыз қандай?</li> <li>7. Поэмадағы оқиға сіздерді қандай іс-әрекетімен ойландырады.</li> </ol>		

Қолдану	<p>Жұптық жұмыс Болжау стратегиясы Баян немесе басқа кейіпкерлер атынан түсініктеме, хат. Батыр Баянның түсініктемесі Бұл ғұмырда өлімнен жоғары тұратын ар, намыс, ұят дейтін бір – бірімен өзара үйлесім тапқан ұлы ұғымдар бар. Осындайды қазақтың «өлімнен ұят күшті» дейтін салмақты, орынды сөзі еріксіз ойына оралады. Отаным мен халқымды шынайы сүйіп, Жаратқанның адамзатқа сыйлаған сүйіспеншілік, сүйе білу деген ізгі қасиеттерін бойыма сіңіріп, ғұмырымда өзгеге қиянат жасап көрмеген жайсаң жан едім. Көз алдымда өзімнен кейінгі елі мен жұртына қамқор болады—ау деген үлкен үміт артқан інімнің қалмақ қызымен қол ұстасып кете барғанын көре сала, бойымды ыза мен ашу кернеп, екеуін мерт еттім.</p> <p>Батыр Баян деп ел аузынан бір елі түспей, халқымның жігерлі де абыройлы азаматы атанып жүрген маған інімнің, басқаны былай қойып, елінен, менің ойымша, безініп, қалмақ қызының ырқына көніп кете барғаны жанымға қатты батып, көкірегімдегі намыс оты тұтанып, атып түсірдім. Арпалысқа түскен қос сезімнің ара-жігін ажырата алмай, бір сәт әлсіздікке бой алдырудың салдарынан ағаттық жасадым.</p> <p>Бұл жеңіліс мен үшін ештеңе емес еді, ішімді өртеген күйікті бүкіл саналы ғұмырымда арқалап жүргенше, жанымның жай тапқаны мен үшін үлкен жеңіс еді.</p> <p>Абылайға жеңіліс сыйлап, Ноян мен қалмақ қызына өлім сыйлағанымын осындай өзіндік ұлы түсінігі бар.</p> <p>Өтепберген Ерсұлтан Қалмақ қызына хат</p> <p>Елдігі мен ынтымағы ыдырамаған, асқақ рухты қазақ елін қара жамылдырып, күңіреніп кеткен сұм сұлу, сенің тәкаппарлығың мен өзімшілдігің албырт та аңғал Ноян мен Алаштың ардақтысы атанған Баянды жер жастандырды. Сол үшін саған ренжимін.</p> <p>Аружан</p> <p>Құрметті Батыр Баян! Мен, Жансая, сіздің басыңыздан кешкен оқиғаны естіп, хат жазуды жөн көрдім. Сіздің өміріңізден көп сынақтарды, қиыншылықтарды өткергеніңізді білем. Осыған қарамастан өз еліңізге адал болып қалғаныңызға тәнтімін. Мен сізге бір маңызды сұрақ қойғым келеді. Бұл сәтті есіңізге түсіру ауыр шығар, бірақ сіз Ноянды неге өлтірдіңіз? Үлкен кішілерге кешірімді болуы тиіс.</p>	Топқа арналып жаңа тақырып төңірегінде тапсырмалар береді.
---------	--	--

	<p>Бірақ сіз Ноянды кешірмедіңіз, неге? Бұның қандай да бір себебі болуы тиіс емес пе? Көп адамның пікірі бойынша сіз Ноянды кешіру керек едіңіз. Алайда сіз олай істемедіңіз. Мұның мәнісін ойлап, ойланып көргенімде, сізге ол оңайға соққан жоқ. Өз туған бауырын Отан үшін құрбан ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Осы ісіңізден сіздің Отаныңызға, еліңізге, жеріңізге деген адалдығыңызды көруге болады. Батыр Баян деген есіміңізді, ерлігіңізді танып, біліп Отанға деген сүйіспеншілігіміз артты.</p> <p>Ерлігіңіз ешқашан ұмытылмайды, ұмытылмақ та емес!</p> <p>Есбергенова Жансая 8 «Г» сынып оқушысы.</p> <p>-Поэманы мақал-мәтел, нақыл сөздермен қорыту.</p> <p>«Батыр болып туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі» Қорқыт</p> <p>«Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырылдап тұмағаны жақсы» Қорқыт</p> <p>«Өтелмейтін қылмыс бар, ол – Отанға опасыздық жасау. Опасызда Отан жоқ»</p> <p>«Алтын жығаң болса да, жаға мен жең керек. Асқан батыр болсаң да, ағайын мен ел керек» Мақал</p>	<p>Топқа арналып жаңа тақырып төңірегінде тапсырмалар береді</p>	<p>Жұптың пікірлерін тыңдау, барлық айтылған ой-пікірлерді бағалаудың мақсатына сәйкестендіру</p>
Сергіту сәті	«Батыр Баян» фильмінен үзінді көрсету.	Оқушылармен фильмнің үзіндісін тамашалау.	Интербелсенді тақтадағы бейнероликтегідей жаттығулар жасайды.
Талдау	<p>Кейіпкерлерді топтастыру.</p> <p>Абылай — айбынды батыр</p> <p>Халық қамқоры</p> <p>Елінің тәуелсіздігін аңсаған хан</p>	<p>Әр топқа кубикте жазылған сұрақты беру</p> <p>6 қырлы кубиктің 6 жағына жаңа тақырыпқа қағысты сұрақтар жазу.</p>	<p>Кубиктегі сұрақтарға жауап беру, жаңа тақырыпты талдау әрекеттерін көрсетеді.</p>

	<p>Батыр Баян</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Абылайдың сенімді серігі.</li> <li>Батыр</li> <li>Әжет, ақылды</li> <li>Опасыз, туған бауырын өлтірген</li> </ul> <p>Қалмақ қызы</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Сұлу, қайсар,</li> <li>кекшіл, туған еліне адал,</li> <li>айлакер.</li> </ul> <p>Ноян батыр</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>Махаббатына адал</li> <li>Еліне, ағасына опасыз</li> <li>Көрсеқызар.</li> </ul>		
Жинақтау	<p>Мағжан портретін табу үшін сұрақтарға жауап беру. Сабақты қорыту</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>«Түспеспіз, тірі болсақ, алдағанға! Кімнің сөзі</li> <li>Тартқанда сынбадың- ау, сұм садағым? (Бұл сөз кімнің сөзі?)</li> <li>Баянсыз қанатымды қалай жаям (Кімнің сөзі?)</li> <li>Поэмада қандай мәселелер қозғалған?</li> <li>“Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан” Кім?</li> <li>“Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі, Ісімді мынау ағат немен жабам? (Бұл сөзді айтқан кім?)</li> </ol>	<p>Мұғалім жаңа тақырыпқа байланысты тақтадағы ілінген қағаздарды топқа таратады және қосымша материалдар үлестіріледі.</p>	<p>Оқушылардың мақсаты берілген сұраққа өз ойларын жеткізе отырып тақырыпты сипаттау арқылы жинақтайды</p>
Бағалау	Кері байланыс (не үйрендім, не қиын болды, сұрақ Бағалау парақшаларын тарату	Бағалау парақшасы мен бағалау шкаласын тарату	Өзін өзі топпен бағалайды.
Үй тапсырмасы	«Ерлерді ұмытса да, ел ұмытпас» тақырыбына шығарма жазып келу.		
Рефлексия	Стикерлерді толтыру	Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру.

**Ж.ҚУАНЖАНОВА,**  
**Қ.Жұбанов орта мектебі.**  
Ақтөбе облысы  
Мұғалжар ауданы

## Ғ.МҮСІРЕПОВ. «ЖАҢА ДОСТАР»

Максаты	Оқушыларға Ғ.Мүсіреповтың қазақ әдебиетіндегі орнын ұғындыру, «Жаңа достар» шығармасының мазмұнын толықтай меңгерту, мәтінге талдау жасай отырып, білімдерін кеңейту.		
Оқыту нәтижесі	Әдеби-теориялық ұғымдарды тереңдете меңгерту, өз пікірін сенімді әрі дәлелді айтуға, қорытынды ой түюге үйрету. Ізденістерге негізделген жұмыс түрлерін өз бетімен, жаңа технологиялық үрдістерге сай орындауға дағдыландыру.		
Түйінді идеясы	Досыңа өтірік айтпа, Дұшпаныңа сырынды айтпа.		
Әдіс-тәсілдер	Кубизм, жұптық жұмыс, АКТ, СТО технологиясы, сұрақ-жауап.		
Уақыты	Ресурсы	Сабактың мазмұны:	
		Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
I кезең Қызығушылықты ояту			
3 мин.	Аудио дыбыс	Амандасу Ж.Айжанова «Достарым» әні.	Амандасу
2 мин.	Қағаз қиындылары	Дос туралы мақал-мәтел сынарлары арқылы жұптасу.	Мақал жазылған қағаз қиындылары арқылы 6 топқа бөлінеді.
5 мин.		1. Ғ.Мүсірепов 1902 жылы дүниеге келді ме? 2. Әңгіме «Екі ақсақ бір желаяқ – үш боздақ, енді базарға қарай бет алдық» деп басталады ма? 3. «Жаңа достар», «Қазақ солдаты» романынан үзінді ме? 4. Мен қазір ондамын... Бұл Шегеннің сөзі ме? 5. Оның болмайды, Костя! Оқу керек деген Шеген бе? 1. Ғ.Мүсірепов Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында дүниеге келген бе?	Әрбір дұрыс жауапқа жетон жинақтау

		2. «Оқимын десең, оқи ғой күнім! Әкенің де бір арманы оқу боп өтіп еді» - деген Мария апайдың сөзі ме? 3. Әңгімеде Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Балалар өмірі суреттеле ме? 4. «Қазақ батыры» «Қазақ солдаты» романының бұрынғы атауы ма? 5. Жас милиционер маған темекі ұсынып еді, мен алдым да, ортасынан бір сындырып лақтырып жібердім. Шегеннің сөзі ме, Бораштың сөзі ме? 1. Ғ.Мүсірепов әңгіме жазудың Бейімбеттен кейінгі шебері ме? 2. Зығып келем, зытып келем. Артыма қарай – қарай зығам... әңгіме осылай аяқтала ма? 3. Балалар тамақ табу үшін базар халқына өнер көрсетті ме? 4. Қайрош бейнесі Кенес Одағының батыры Қайырғали Смағұлов бейнесі ме? 5. Қайрош шешесімен бірге ауылға қайтып кетті ме?	
II кезең. Мағынаны ашу			
	Мәтінмен жұмыс, тұсаукесер қорғау.	1-топ. Кубизм әдісі Зерттеңіз. Жазушы шығармаларына шолу. 2-топ. Суретте / кейіпкерлердің портретін, пейзаж суреттеу/ 3-топ. Салыстырыңыз / бейнелерді салыстыру/ 4-топ. Ізденіңіз /Мәтіннен мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркесін табу/ 5-топ. Талдаңыз. Құрылысына талдау. 6-топ. Ой толғаныз Шығармашылықпен жұмыстану.	Әр топ мәтінді оқып, мазмұндау арқылы өз жұмыстарын қорғап, келесі топтарға түсіндіреді.
		Сергіту сәті	Досыма ақ тілек
III кезең. Ой толғанys			
		«Семантикалық карта» әдісі арқылы шығармадан үзінді келтіріп, қай кейіпкердің сөзі екенін табу. Семантикалық карта «Семантикалық карта» әдісі арқылы шығармадан үзінді келтіріп, қай кейіпкердің сөзі екенін табу.	Оқушылар өз ойларын ашық жазады. Оқушылар «Семантикалық картаны» толтыра отырып кейіпкерлер сөзін табады.

Кейіпкер сөзі	Қайрош	Мария	Бораш	Шеген	миллионер	анасы
1. «Анау ағасы, мынау інісі екен...» деген ойдың келуі-ақ мүл екен, Айлаш есіме түсіп кетіп, жалғызсырай басталым. Иегім кемсеңдеп, бет-аузым бузыла бастады.						
2. «Қайырғали, Қайрош, Қайрушке» деп, орысша-қазақша оңды-солды бұрмалап көрді де: - Атын ат емес екен.... Сендей жеке батырға түк лайығы жоқ.... Бүгіннен бастап Костя боласын!						
3. – Соқаның үстіне құлап түстім.... Шеген ағам жазды ғой әйтеуір... енді бір айда жүруге жарайсың дейді.... Балық майынан жазылды. Тіпті жазылып қалып еді, әнеуіні «детдом» ұстап ала жаздап, содан қашқанда тағы бүлдіріп алдым,-деді.						
4. – Сенің ешбір жерін ауырған жоқ. Өтірік бақырасың!						
5. – Қарағым-ау, өзің оқу іздеп келіп, қайдағы балеге қайдан кез болып кеттің, ә! Кошеде мені бір көрмедің бе? Аға, оқу іздеп келіп ем десен ғой, мен сені тұп-тура детдомға апарып тапсырамын. Әй, ақымақ бала!... Шешене де хабар берем.... Оқуға да кіргізем,						

		6.–Көресіз бе, баланыз қандай ақылды. Оқу оқығысы келеді.						
		7. -Екі мың сегіз жүз сексен жеті! Өлтірдің, Костя, өлтірдің мені.						
		8. -Адам болады екенсің, айналайын!						
		9. – Қарғалай б а с ы н м е н қалай оқисың, құлыным-ау?... Тым болмаса, әкен де жоқ. Мен қаражатты қайдан табады дейсің?... Ақыл бар ма, өзінде, жоқ па?						
		10. -Мынау бүгін аяқтан айырылыпты ғой. Байғұс - ай.						
		11. -Уай, мынауың болмайды, -деді, т ү с і н е м і с і н дегендей көзіме қалала қарап-Ең алдымен аламға бас керек. Онсыз өмір оған молданың көрінен де қараңғы болады.						
	Ак парақтар, маркерлер	Қорытынды. «Даналық ағашы»	Достық туралы ойларын мақал-мәтел,өлең жолы немесе досқа тілекпен қорыту.					
	Қосымша тапсырма	Оқушылар, Қайырғали қалаға барғанда балалар үйінде тәрбиеленді. Сол кездегі балалар үйі мен қазіргі кездегі балалар үйінің айырмашылығы неде? Салыстырмалы талдау жасау.						
3 мин.	Бағалау	Шығармадағы кейіпкерлер арқылы бағалау.	Әр оқушы өзі тандаған кейіпкерлерді алып, өзін түрліше бағалайды.					
2 мин.		Сабақ аяқталды, сабақтағы көңіл күйлерін қандай?	Смайликтермен көңіл күйлерін экранға жабыстырады.					

**Г.ЖОРАБАЙ,**  
**«Қосағаш» жалпы орта мектебі.**  
 Оңтүстік Қазақстан облысы,  
 Қазығұрт ауданы

## МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «КӨКСЕРЕК» ШЫҒАРМАСЫН ОҚЫП, ТАЛДАУ

Сабақтың жалпы мақсаты	М.Әуезов шығармашылығынан мағлұмат алады. Шығарманың мазмұны бойынша композициялық құрылысына талдау жасайды. Тақырыбы мен идеясын ашады.	
Оқыту нәтижесі	Жазушы шеберлігін ұғынады. Адам мен табиғат арасындағы байланыстың бір қырын таниды. Жауыздықтан жиренеді. Топта жұмыс жасауды үйренеді.	
Оқыту модулі, қолданылатын әдіс- тәсілдер	СТО, Жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану, Басқару мен көшбасшылық. «Ассоциация», «ТВ шоу», «Сатылай талдау» әдістері.	
Негізгі дерек көздері, көрнекіліктер	Оқулық,білім стандарты, тірек сызба.	
Сабақта қолданылатын материалдар	Флипчарт, стикер, маркер, скоч.	
Пәнаралық байланыс	География,қазақ тілі	
1.Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу.	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
3 мин.	1. Оқушылармен амандасу. 2. Суреттер арқылы топқа бөлу. 3. Жақсы сөздерді еске түсірейік, жалғастырындар: Кел,балалар,оқылық... ----- ----- -----,ендеше оқиық!	Топқа бөлінеді.  Өлең жолдарын жалғайды.

2.Үй тапсырмасын сұрау. 10 мин.	Шығарманың композициялық құрылысы: 1. Шығарманың басталуы. 2. Шығарманың байланысы. 3. Шығарманың дамуы. 4. Шығарманың шиеленісі. 5. Шығарманың шарықтау шегі. 6. Шығарманың шешімі.	Берілген үлестірімеге топта ақылдаса отырып жазады, жариялайды.
3. Негізгі бөлім. 20 мин.	I.1-топ «Қасқырлар тіршілігі»160-161 бет; 2-топ «Күшік Көксерек ауылда» 162-163 бет; 3-топ «Қашып кеткен Көксеректің іс әрекеті» 172-бет; 4-топ «Құрмаштың өлімі» 177-178 бет; II. жазушы қолданған көркемдегіш тәсілдерді тауып,түсіндіреді. III. Сұрақпен жұмыс Жазушы қандай өмір құбылысын суреттеді? Осы өмір құбылысы арқылы қандай ой айтыққысы келді?	Үзіндіні оқып, тақырыпты постермен қорғайды.  Мысалды топта талқылап, жариялайды.  Жауап беру арқылы тақырып пен идея жөнінде түсінік алады.
4. Қорытындылау. 7 мин.	«ТВ шоу» сұраққа сыни тұрғыдан жауап береді. Құрмаш өліміне кім кінәлі? «Туғаннан бергі барлық көресіні осыдан-екі аяқтыдан көрдім» деген ойды автор неге қосып отыр деп ойлайсындар? Шығармадан қандай ой түйіндер?	«Айтуға оңай» телешоу бағдарламасына ұқсата жауап беру.
5. Үй тапсырмасын беру. 1 мин	Таным деректі оқу, қасқырлар туралы мәліметтер оқып алу.	Күнделікке жазады.
6. Бағалау. 2 мин.	Бағалау өлшемдері бойынша	Оқушы қандай баға алғанын өзі біліп отырады.

Қ.ӘЛМҰҚАНОВ,  
№3 ЖОББҚМ.

Батыс Қазақстан облысы,  
Жанақала ауданы

## М.ӘУЕЗОВ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН- ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ АЗАМАТТЫҚ, АҚЫНДЫҚ БЕЙНЕСІ

Мақсаты: білімділік-роман-эпопеядағы Абайдың азаматтық, ақындық бейнесін ашу; дамытушылық-ақынның азаматтық қасиеттеріне баға бере білу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту; тәрбиелік-Абай бейнесін үлгі ете отырып, ұлтжандылық, адамгершілік қағидаларын өмірлік ұстаным ете білуге тәрбиелеу.

Әдісі: оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыта оқыту технологиясының элементтері арқылы шығармашылық жұмыстар орындату, іздендіру, топтастыру.

Көрнекілігі: Абай және М.Әуезов суреттері, интербелсенді такта, ресурс парақтар.

Дереккөздері: Р.Бердібай, Р.Нұрғали, Б.Ыбырайым «Қазақ әдебиеті» 11-сынып, Алматы, «Мектеп» 2011 жыл, Н.Дәулеткереева, Г.Тұрғаналиева, Ә.Дүйісмағанбетова, Г.Өтепова «Абай жолы – даңғыл жол», Орал, 2007 ж.

М.Әуезов «Абай жолы» 2 том, Алматы, «Жазушы», 1989 ж.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, түгелдеу.

Үй тапсырмасын тексеру. «Шаттық шеңбері» арқылы оқушылар үй тапсырмасын бір-біріне сұрақ қою арқылы тексереді.

(Оқушылар 3 топқа бөлінеді, топтастыру әдісі «Тәттілер» таңдау арқылы өтеді).

Құрметті оқушылар, «Абай кім?» деген сұраққа жауапты топта талқылап, топтастыру әдісі арқылы қорғайсындар.

«Инсерт» стратегиясы бойынша берілген сұрақтарға шартты белгілерді қойып шығады. «Инсерт» стратегиясы бойынша алдын ала берілген сөйлемдерге шартты белгілерді қойып шығыңыз.

V білемін.

+ мен үшін жаңа ақпарат

? мені таңқалдырады

- білмеймін

1	Абай 15 жасында үйленіп, 16 жасында әке болған.	
2	21 жасында болыс болды.	
3	Абайдың шын есімі – Ибраһим.	
4	Ибраһим есімін коюда әкесі Құнанбайдың түсіне Әнет баба кіріп, аян берген.	
5	Абайдың ақындығы нағашы жұртынан дарыған.	
6	Абайдың бәйбішесі Ділдә Қаз дауысты Қазыбек бидің шөбересі.	
7	1875 жылы Әйгерімге үйленеді.	
8	Абайдың тұңғыш баласы Ақылбайды Құнанбайдың тоқалы Нұрғаным бауырына басады.	
9	Абайдың аты алғаш Бөкейдің асынан кейін асқақтап шықты.	
10	1886 жыл Абай өмірі ең тыныш, ең өнімді еңбек еткен жылы, 22 жыр жазған.	
11	1891 жылы сүйікті бауыры Оспан қайтыс болады.	
12	1891 жылы Абай қарасөздерін жазуға кірісті.	
13	Абай әкесі Құнанбайды «тәте» деп атаған.	
14	Әке мен бала арасындағы сызат Қодар өлімінен кейін басталды.	
15	Абай алғашқы өлеңдерін Көкбай Жанатайұлы атынан шығарған.	
16	1913 жылы А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақала жазған.	
17	Барлас ақынның прототипі Дулат Бабатайұлы	

Біз өткен сабақта М.Әуезовтің «Абай жолы» дәуірнамасының жазылу тарихы туралы білдік. Ендеше, әр топ 2 парақшадан алып, жасырылған сандардың құпиясын ашулары қажет.

(1942; 1947; 1949; 1952; 1956 және 1959). «Абай жолы» дәуірнамасының жазылу жылдары мен берілген Мемлекеттік сыйлық алған жылдарын айтып өтеді.

Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Абайдың азаматтық, ақындық бейнесі.

«Абай – ұлы дария, мен сол дариядан қасықтап қана алдым» (М.Әуезов).

Ғ.Мүсірепов: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген әр бөлімнің аттары. Осының бәрін бір-біріне жалғап, бір саты етсең, қат-қабат, шытырмандап арқылы бел-белеске, өрге, қияға келе жатқан Абайды көресің.

Бұл үздіксіз өсіп келе жатқан Абайдың жолы. Сонымен бірге бұл Құнанбайдың да баспалдақтары. Осы сағыларды төмен қаратып қойып аяғынан басына қарай оқысаң, бұл жоғарыдан ылдилап келе жатқан Құнанбайдың жолы болып шығады. Бірі – көтерілу, бірі – төмендеу жолы».

-Балалар, өткен сабақта «Қайтқанда» тарауы бойынша тест сұрақтарын үйге тапсырма ретінде беріп жібердім. Енді сол тест бойынша жұмыстанайық.

#### **Қайтқанда.**

**1. Шәкірт Абайды қаладан алып қайтқалы барған ағайыны кім?**

А) Қарабас; В) Байтас; С) Майбасар; Д) Жұмағұл; Е) Оспан.

**2. Ұры жататын жыраның аты қалай аталады?**

А) Буратиген; В) Көкүйірім; С) Тақырбұлақ; Д) Есембай; Е) Жайлаукеш.

**3. Айғыз деген кім?**

А) Құнанбайдың әйелі; В) Құнанбайдың қарындасы; С) Құнанбайдың қызы; Д) Құнанбайдың жеңгесі; Е) Құнанбайдың қызметшісі.

**4. Телғара деген кім?**

А) Оспан; В) Смағұл; С) Тәкежан; Д) Абай; Е) Ербол.

**5. Майбасар Құнанбайға қалай жақын болады?**

А) тоқал шешесінен туған інісі; В) туған інісі; С) үлкен ұлы; Д) атшабары; Е) жақындығы жоқ.

**6. Құнанбайдың шені қандай?**

А) старшын; В) әкім; С) аға сұлтан; Д) болыс; Е) шені жоқ.

**7. «Жазыла-жазыла қожа-молдалардан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деген сөз көптің есінде кімнің атымен қалған?**

А) Зере; В) Құнанбай; С) Тонтай; Д) Абай; Е) Бөжей.

**8. Қодардың жазығы қандай?**

А) келінімен жақын болғандығы; В) баласын өлтіргені; С) кедей-кепшікті сабағаны; Д) мал ұрлағаны; Е) болыстыққа таласқаны.

**9. Қодардың қайтыс болған жалғыз ұлының есімі?**

А) Құтжан; В) Құтбек; С) Қанат; Д) Қанатжан; Е) Қанатбек.

**10. Шарифат бойынша Қодар қалай жазаланған?**

А) у беріп өлтіру; В) дарға асу; С) атқа сүйрету; Д) елден қуу; Е) басын алу.

**11. Абай оқыған оқу орны –**

А) Ғалия медресе; В) Татар мектебі; С) Ахмет Риза; Д) Үй

мұғалімі; Е) Кадет.

**12. Қодар өліміне Абайды ертіп апарған кім?**

А) Құнанбай; В) Оспан; С) Майбасар; Д) Жиренше; Е) Барлас.

**13. Абайға әжесі айтқан ертегінің бірін тап:**

А) Ер Төстік; В) Аяз би; С) Құла мерген; Д) Алпамыс батыр; Е) Қанбақ шал.

**14. Абайдың шешелеріне оқыған қиссасы –**

А) Құсырау – Шырын; В) Ләйлі – Мәжнүн; С) Фархад – Шырын; Д) Жүсіп – Зылиха; Е) Еңлік – Кебек.

**15. Абай үйіне келген ақын қонақтар кімдер?**

А) Шөже, Балта; В) Байкөкше, Барлас; С) Байкөкше, Қожамберді; Д) Барлас, Шөже; Е) Қожамберді, Балта.

**16. Барластың Абайға берген сыйы –**

А) кітап; В) тор ат; С) домбыра; Д) тазы ит; Е) қыран құс.

**17. «Шырағым, ер жетерсің, Ер жетсең, сірә, не етерсің ...» - деп Абайға бата берген кім?**

А) Жамбыл; В) Шөже; С) Барлас; Д) Құнанбай; Е) Тәкежан.

**18. Ұлжан отырған жайлаудың аты қандай?**

А) Есембай; В) Жидебай; С) Қызылшоқы; Д) Көлқайнар; Е) Қыстаубай.

**19. Абай әжесінің құлағын кімдердің өлеңімен ұшықтады?**

А) Пушкин, Лермонтов; В) Науаи, Физули; С) өзінің өлеңдері; Д) халық жырлары; Е) құран сүрелері.

**20. Абайдың нағашылары –**

А) Тонтай (Шаншар) В) Жігітек С) Ырғызбай Д) Көтібақ Е) Борсақ

**21. Абай қалада қанша уақыт оқыды?**

А) 3 ай; В) 3 жыл; С) 3 жыл 3 ай; Д) 3 жыл 6 ай; Е) 6 ай.

**22. Жайлауда Құнанбай ауылының көбірек отыратын ошағы**

–  
А) Жидебай; В) Ботақан; С) Қарашоқы; Д) Көлқайнар; Е) Есембай.

**23. Барлас бірінші күні қазақтың қай жырын жырлады?**

А) Қобыланды батыр; В) Қозы Көрпеш – Баян сұлу; С) Алпамыс батыр; Д) Ер Тарғын; Е) Қыз Жібек.

**24. Старшын дейтін әкім бар,**

**Пайдасын көрер жақындар.**

**Қалың елі тек жемі**

**Боранды күн тиіскен**



**Аш қасқырдай тақымдар,-**  
деп Барлас жырлағанда Абайдың ойына кімнің бейнесі келді?

А) Құнанбай; В) Майбасар; С) Бөжей; Д) Сүйіндік;  
Е) Тәкежан.

**25. Құнанбайдың ақ көк аты –**

А) Құлагер; В) Найманкөк; С) Аймаңдай; Д) Толайкөк;  
Е) Тайбурыл.

(Тест жауаптарын аламын).

- Енді, балалар, интербелсенді тақтаға назар салып, Абайдың әкесі Құнанбай мен бала Абай арасындағы диалогқа мұқият зер салайық та, өз пікірімізді білдірейік.

Құнанбай баласы Абайға 3 түрлі мін тағады. Осы 3 түрлі мінді 3 топ келісесіз бе, жоқ па топта талқылап, ортаға саламыз.

(Бейнефильм көрсетіледі).

(Келесі кезекте Абайдың жауабы тыңдалып, ол жауап бойынша да оқушылар топта талқылап, өз пікірлерін қорғайды).

(Бейнефильм көрсетіледі).

Абайдың азаматтық бейнесін өз сөздеріңмен ашып көріндер...

3 топқа «Мағынаны таны» тапсырмасы ресурс-парақшалар арқылы оқулықтан мәтін бойынша жұмыстанады.

Р/С	Кімнің сөзі, қандай жағдайда айтылды?	Жауаптары
1	Енді бізден ұзап кетпе! Анау Есембайдың жырасы білесің ғой!.. Ұры жағады... Мені мен бізді манадан көріп отыр! «Қоқырақтап жалғыз шабатын неме екен, түсіріп, атын әпкел өзінің!»- дейді де, сені төбеден бір-ақ нұқып, мына бәйге бестінді алады да кете барады?	Жорға Жұмабай мен Байтас Есембай жырасынан өткен кезде айтқан сөзі. Абайды қаладан оқудан алып келе жатқан кезі.
2	Шүкірлік, әке, ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, қазіреттің рұқсатын, фатикасын алып қайттым.	Абайдың әкесімен амандық-саулық сұрасқан кездегі жауабы.
3	Балам-ай, әжеңде қуыс кеуде болмаса, не сымбат қалды?	Зеренің құлағы естімейтінін айтып шаққан мұны.

Р/С	Кімнің сөзі, қандай жағдайда айтылды?	Жауаптары
1	- Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр ... Сәлем бер!	Абайдың анасы Ұлжанның тәлім-тәрбиесі, алдымен әкесіне жіберуі.
2	Ұшады бозша торғай көдені ықтап, Басасың аяғыңды нықтап-нықтап, Кәрі әжем естімейді, нана берсін, Берейін өлеңіммен шын ұшықтап.	Абайдың әжесі Зеренің құлағын ұшықтап беруі.
3	Пай, жаман қатындар сілекейлеп, баламыздың бетінен сүйер жер де қалдырмады-ау...	Кіші анасы Айғыздың көзінен сүйген кезі.

Р/С	Кімнің сөзі, қандай жағдайда айтылды?	Жауаптары
1	Жаман неме, маған бұрын келмей, әкеңе кеттің-ау! Жаман неме! Қарашығым, қоңыр козым... Абай жаным...	Әжесі Зеренің еркелетіп сөйлегені.
2	Бақа! Бақа салып жібердім көйлегіңе...	Тентек інісі Оспанның ерке қылығы.
3	Жаным-ау, қасқыр бала мынау ғой!	Сүйіндіктің Оспанға берген «бағасы».

Біз танысқан бөлімдерден Абай қалай танылады? Алдымен «Қайтқанда», «Қат-қабатта» және «Жолда» тарауларына қысқаша тоқталайық.

«Қайтқанда» тарауы. Бала Абай.

«Жолда» тарауы. Бозбала Абай.

«Шытырманда» тарауы. Ер жеткен Абай.

«Өрде» тарауы. Азамат Абай.

«Жайлауда» тарауы. Ақын Абай.

Сабақты бекіту: Оқушылар «Абай кім?» топтастыру әдісі арқылы сабақ басындағы парақшаға қайта оралады да, өзге түспен толықтырулар енгізеді.

Абай қабірі басындағы Дәрменнің сөзі. 5-сынып оқушысы Т.Бимоллин мәнерлеп жатқа айтты.

Бағалау: «Бүгінгі сабақтан алған әсерің қандай?» сұрағына стикерлер арқылы пікірлерін 1-2 сөйлеммен жазады.

Оқушылар алдымен топта, кейіннен жеке бағалауларын ресурс-парақшалар арқылы жүргізеді.

Үйге тапсырма: «Абай жолы – халық жолы, даңғыл жол» тақырыбында ой-толғау жазу.

**А.ЖАКЕНОВА,**  
**«Оспанкүл Меңаяқұлы атындағы**  
**жалпы білім беретін орта мектеп» КММ.**  
 ШҚО, Аягөз ауданы,  
 Баршагас ауылы

## ЫБЫРАЙ – ШАҒЫН ӘҢГІМЕ ШЕБЕРІ

Күтілетін нәтиже	Ыбырай Алтынсариннің шығармаларымен тереңірек танысып, әңгімелерінің тақырыбы мен жазушының идеялық мұратын шығармаларына сүйене отырып ашады. Әңгімелеріне талдау жасайды. Зерттеушілік әңгіме арқылы өз пікірін, ойын ашық айтып, ортақ келісімге келіп, барабар шешім қабылдауға дағдыланады.					
7 модульдің қолданылуы	АКТ, СТО, Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер (ДО), Оқу үшін бағалау.					
Қолданылатын ресурстар	Стикерлер, флипчарт, ноутбук, интербелсенді құрал, түрлі түсті маркерлер.					
Ұйымдастыру кезеңі. (5минут) Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Тренинг: «Мен кіммін?» Топқа бөлу 1-топ: «Педагогтар» 2-топ: «Ағартушылар» Топтың ережесін қайталау	«Мен кіммін?» тренингі. Мысалы: «Мен биік жартаспын, себебі...» Бой бойынша 2 топқа бөлу. Топтың ережесін еске түсіріп қайталайды.		Оқушылар бойлары арқылы топқа бөлінеді.			
Сабақ кезеңдері	Мақсат	Тапсырма	Табыс өлшемдері	Стратегиялар, әдіс-тәсілдер	Дескриптор	Бағалау
Білу (5 минут)	1.Өткен сабақты еске түсіру. .Сыни ойлау арқылы сабақтың тақырыбын айқындау.	Қайталау сұрақтары	Өткен сабақты қайталайды	«Ыстық орындық» тәсілі	Өткен сабақты біледі	

		Әр топқа филворд шештіру (алф. әріп) Филворд арқылы не шештіңдер? Әңгімелерің қай жазушының деп ойлайсыңдар? Бұл әңгімелердің біздің сабағымызға қандай қатысы бар деп ойлайсыңдар? Неліктен?	Сабақтың тақырыбын айқын-дайды.	«Филворд» тәсілі	Жаңа сабақтың тақырыбын біледі.	Формативті бағалау. Мұғалімнің бағалауы «өте жақсы» Мақсат: оқушыларды ынталандыру.
Түсіну	Жаңа тақырыпты меңгеру.	Тақырыпты оқып, мазмұнын толық баяндау. 1-топқа: «Тәрбие бағу-қағудан басталады...» 2-топқа: «Тіршіліктің тұтқасы еңбекте...»	Тақырыптың мазмұнын толық жеткізу.	«Джигсо» әдісі	Тақырыптың мазмұнын толық жеткізе алады.	Формативті. Өзара бағалау «От шашу» әдісі Мақсат: оқушылар өзара бағалай отырып, бірін-бірі ынталандырады.
Қолдану (10 минут)	Оқушыны барабар шешім қабылдауға дағдыландыру.	1-топқа: «Білгенің лайдасы». 2-топқа: «Өтіріктің залалы» (әңгімені жалғастырып аяқтау)	Ыбырайдың әңгімелерінен барабар шешім қабылдай алу.	«Еркін талқылау» стратегиясы	Ыбырай сияқты шағын әңгіме жазуға дағдыланады.	Формативті. Өзін-өзі бағалау Мақсат: оқушы өзін-өзі бағалай отырып, өзінің ары қарай өсуіне, дамуына мүмкіндік беру. Кері байланыс: 2 жұлдыз, бір тілек Мақсат: ынталандыру мақсатында екі топ бірін-бірі бағалайды.
«Айна» тренингі Мақсат: сыни ойлау арқылы көшбасшыны анықтау. (3минут)	Психологиялық ахуалды жақсарту	Әр оқушыны жаңына шақырып, айналдан көшбасшы оқушыны анықтау.	Оқушылар сыныптағы көшбасшы оқушыны анықтайды.	Әр оқушының көшбасшы екеніне сенімділігін арттыру.	Көшбасшы оқушы анықталады.	Формативті бағалау. Оқушыларды ынталандыру, өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында «тамаша» деген сөзді айту.

Талдау (10 минут)	Карточка арқылы әңгімені талдау. 1-топ: композициялық құрылымына. 2-топ: жанрлық ерекшелігі, кейіпкерлеріне.	Карточкамен жұмыс.	Әңгімені талдайды.		Әңгімеге талдау жасайды.	Формативті. Өзара бағалау. «От шашу». Мақсат: оқушылар бірін-бірі ынталандырады.
Жинақтау	Тақырыпты оқушы жинақтай алу. (орындыққа стикер жапсыру арқылы кімнің постер қорғайтындығын анықтау)	Постер қорғау.	Бүгінгі сабақтан алған білімін қорытындылап жинақтайды.	«Постер қорғау» тәсілі	Тақырыпқа қатысты өз тұжырымдарын жасайды.	Формативті. Өзара бағалау. «Смайликтер». Мақсат: оқушылар бірін-бірі ынталандырады.  Бақылаушының бағалауы. Мақсат: топ мүшелерін сырттай бақылай отырып, критерийлер бойынша бағалайды.
Бағалау/ Кері байланыс	Оқушылар сабақтан алған әсерін жазады.	Дәптерге 5 сөйлем, 5 сөз, 1 сөзді жазып, сабақтың түйінді сөзін айтады.	Сабақтағы қиындық келтірген тапсырмаларды анықтай алды.	«5-5-1» кестесі	Өз ойларымен бөліседі.	Формативті: «Жақсы айтылған сөз» (мұғалім айтады) Мақсат: оқушыларды ынталандыру.
Үйге тапсырма:	Ыбырайдың әңгімелерінен алған әсерін жазу.	«Ыбырай – шағын әңгіме шебері»	Шығармашылық қабілеті шыңдалады.	Ой толғау, шығарма	Ыбырайдың әңгімелерінен алған әсерін жазады.	

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Г.ҚАЙРБАЕВА,**  
**"Бөгенбай батыр атындағы**  
**қазақ орта мектебі" КММ.**  
 Ақмола облысы,  
 Ерейментау ауданы

## САН ЕСІМДІ ОҚЫТУ

Мақсаты:	Сан есім туралы түсінік бере отырып, білімдерін кеңейту, тақырыпты жетік меңгерту.		
Күтілетін нәтиже:	1. Сан есім туралы түсінік алады. 2. Басқа сөз табынан ажырата алады. 3. Ақпаратты қабылдайды, талқылайды. 4. Сабақта қолдана алады. 5. Сыни тұрғыдан ойланады.		
Қолданатын материалдар:	Қазақ тілі оқулығы, сызба, кеспе қағаздар, флипчарт, маркер, АКТ, интерактивтік такта.		
Оқыту әдістері:	Топқа бөлу, сұрақ-жауап, түсіндіру, ой қозғау, топтық тапсырмалар, талдау, қорғау.		
Сабақтың барысы	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Кіріспе	5 мин.	1. Ұйымдастыру кезеңі: а) оқушылармен амандасып, сабаққа назарын аудару; ә) сынып оқушыларын топқа бөлу. I топ: ондықтар. II топ: жүздіктер. III топ: мыңдықтар. IV топ: бірліктер. б) топ басшысын сайлау («Аквариум» әдісі бойынша) в) психологиялық дайындық. 2. Үй тапсырмасын сұрау Блиц сұрақтары арқылы үй тапсырмасын тексеру: 1. Сын есім дегеніміз не? 2. Сын есімнің сұрақтары? 3. Негізгі сын есім дегеніміз не? 4. Туынды сын есім дегеніміз не? 5. Сын есімнің мағыналық топтарын ата 6. Құрамына қарай сын есімдер қалай жіктеледі?	Оқушылар амандасып болған соң, топқа бөлінеді, топ басшыларын сайлайды. Өз топтарына отырады.  Топ басшыларын сайлайды.  Бір-біріне сәттілік тілейді. Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап айтады.

Тұсаукесер	5 мин.  5 мин.	7. Дара сын есімге мысал келтір 8. Күрделі сын есімге мысал келтір 9. Сапалық сын есім дегеніміз не? 10. Қатыстық сын есім дегеніміз не? Жаңа сабаққа көпір жасау. Жеті атасын білмеген ер Жеті жұрттың қамын жер,-дейді атам қазак. -Қәне, балалар, кім жеті атасын біледі? Атап шығайықшы. -Жеті саны қай сөз табына жатады? -Ендеше, бүгін біздің тақырып: «Сан есім туралы түсінік». Сабағымызды «Жеті ата» ауылына саяхат жасау арқылы өтеміз. Сабақтың мақсаты мен табыс критерийлерімен оқушыларды таныстыру	Оқушылар жеті аталарын атап шығады.  Сабақтың мақсаты мен табыс өлшемдерімен танысады.
Негізгі бөлім	20 мин.	1. Аталар ауылы бізге мынандай тапсырма дайындап қойыпты: «Сан есім» сөзі туралы не білетінімізді таратып жазып шығайық. 2. Әкелер ауылы. Бұл ауылда біз оқулықпен жұмыс жасаймыз. 156-жаттығу. 1. Мәтін мазмұнына сай есімдерді табыңдар 2. Сан есімдерді тіркескен сөзімен бірге цифрмен жазу Үлгі: 3 адам, 45 шамасында, 3. Балалар ауылы «Санды әріппен белгіле» атты тапсырма дайындап қойыпты. Жүзік, кекіл, қоныс, бірлік, қалтыр, мүшкіл, бесік, жетістік, тоғызқұмалақ, мыңбасы, күбір, дүбір, екілік, секілді. 4. Немере ауылы «Кім шапшаң?» атты тапсырма дайындап қойыпты. -Қәне, кім шапшаң әрі тапқыр екенін анықтайық. Бұл тапсырма шарты: жұмбақты шеше отырып, сан есімдердің астын сызу.	«Сан есім» сөзін топтастырып шығады.  Оқулықпен жұмыс жасайды.  Санды әріппен жазып шығады 100ік,к2л,қ10ыс, 1лік, кбр, м3кіл, 5ік, 7етік, 9 құмалақ, 1000 басы, кү1, дү1, 2лік,с2лді.  Есептік сан есімдерді таба отырып, жұмбақтың шешімін табады.

		1- топ. Байқасаң қырық екі бар болғаны, Қосылып бір-біріне сөз қозғады. Он бесінің кәдімгі дауысы бар, Жиырма бесі дауыссыз ым жолдады. Екеуі үнсіз-түнсіз мылқау нағыз, Тоғызы шеттен келді, қабылданыз. Тоғызы ерекше бір көрік берер, Шешуін жұмбағымның ал табыңыз.  (әліпби) 2-топ. Бір малға екі бала мінгеседі, Айлап-жылдап түспестен күн кешеді.  (түйенің өркеші) 3-топ. Үш-төрт қана тісі бар, Шөп көтерер күші бар.  (айыр) 4-топ. Бір кісінің он екі баласы бар, Іштерінде ақ ,сары , қарасы бар. Әр баласы сапарға шыққан сайын, Отыз шакты серігін ала шығар.  (жыл он екі ай) 5. Шөбере ауылы. «Сергіту сәті».	Қазактың еңбек сіңірген әншісі Роза Рымбаеваның орындауында халық әні «Бір баланы» тыңдайды.  Мақал-мәтелдерден сан есімдерді тауып, астын сызады, мағынасын түсіндіреді.
		-Балалар, бағанадан бері «Жеті ата» ауылының тапсырмаларын орындап, шаршаған шығарсындар. Ендеше, кішкене бой сергітелік. 6. Шөпшек ауылы. Бұл ауылда сендерге мақал-мәтелдер беріледі. Сол мақал-мәтелдерден сан есімдерді тауып, астын сызындар. Мағынасын түсіндіріңдер. 1-топ. 1. Жеті атасын білмеген жетесіз. 2. Жұт жеті ағайынды, жиенім сегіз. 2-топ. 1. Бір күн ашыққаннан қырық күн ақыл сұрама. 2.Егістікті бір рет сыйламасаң, ол сені тоғыз рет қинайды. 3-топ. 1. Екі қарға таласса, бір қарғаға жем түсер. 2. Ер бір рет өледі, ез мың рет өледі. 4-топ. 1. Жігітке жеті өнер де аз. 2. Екі кісі ығысса, бір кісілік орын бар  7. Немере ауылына да жеттік. Соңғы ауылда сендердің шығармашылық қабілеттерінді сынап көрелік. «Мен сан есіммін» атты тақырыпқа шағын ертегі құрастырып көрелік. Үлгі: Ерте, ерте ертеде ағайынды тоғыз жігіт болыпты...	
Қорытынды.	5 мин.	Бүгінгі сабақтан алған әсерім...	Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады.
Үйге тапсырма:	2 мин.	Үйге тапсырма беру. 107-жаттығу.	Үйге берілген тапсырманы күнделіктеріне жазып алады.
Бағалау.	3 мин.	Жиынтық баға қою.	Формативті бағалау.

**Г.ҚАРҚЫНБАЕВА,  
Жиделі орта мектебі.**

Алматы облысы,  
Балқаш ауданы

## ҮСТЕУ. ҮСТЕУ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Жалпы мақсаты	Сөйлемде кимыл, іс-әрекеттің, сын- сапаның әр түрлі белгілерін, сипатын, жай-күйін білдіретін, өзгертуге, грамматикалық тұлғалармен түрлендіруге көне бермейтін сөздер қатарын меңгертуге бағыт беру.	
Оқыту нәтижесі	Сөздердің қолданылуындағы ерекшеліктерді талдау арқылы оқушының ізденімпаздығын арттыру.	
Негізгі идея	Сөз таптарының құрамынан үстеуді ажырата білу.	
Ақпарат көздері:	Интербелсенді такта, қалам.	
Қолданылған технологиялар:	Блум таксаномиясы, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау.	
Іс-әрекет түрлері:	Диалогтік оқыту, жекелей, постермен жұмыс, миға шабуыл, шығармашылық жұмыстар, сыни тұрғыдан ойлау.	
Кезеңдер:	Мұғалімнің сабақ барысы (45 минутқа дайындалған )	
	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Алғашқы рефлексия кезеңі.	Оқушылармен сәлемдесу Сыныптың, тактаның тазалығына көңіл бөлу. Оқушы зейінін сабаққа аудару. Жоқ оқушыларды анықтау. әр түрлі түстер арқылы топқа бөлу. Әр түске анықтама бере отырып, қызығушылығын ояту. Жасыл түс-бастаған іске сәттілік түсіп тұр. Сары түс-сабақта белсенділік көрсетеді. Қызыл түс-ынтымақтастық атмосферасын құруға дайын. Көк түс-шығармашылық.	Сәлемдесу. Кезекші сыныптағы оқушылар туралы мәлімет береді. Оқу материалдарын дайындап, зейінін сабаққа аударды. Әр оқушы өзіне ұнаған түстерді таңдап алады да, сол бойынша 4 топқа бөлініп отырады. Әр топта баяндамашы, хатшы, таймкипер, төраға болады. Әркім өзінің топтағы қызметін бөліп алады.

Білу. Білімді тексеру кезеңі.	Сөзжасам туралы не білесің?	Түбір, туынды,біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, тіркес сөздер.
Түсіну. Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі.	Миға шабуыл. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?	9- зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеуіш сөз, шылау, одағай.
Қолдану. Жаңа сабақтан түсінгенін тексеру кезеңі.	Үстеу деген не? Бастауыш сыныпта алған білімдерін еске түсіріп, оқулықтағы ереже арқылы толықтырып, жаңа сабақты өздігінен меңгеру. Әр топқа постер тарату арқылы өз білгендерін сызба бойынша көрсетіп, оны өздері топта талдап, әр топтың репортері тақырыпты сыныпқа түсіндіреді.	Оқушылар өздері оқулықты оқып шығып, сол бойынша топпен бірлесе жұмыс жасап қорғайды.
Талдау, жинақтау.	Интербелсенді тактамен жұмыс. Берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына қаламның көмегімен тиісті сөзді тауып қою. 1. Жайлау... .. көктеді. 2. Абай ... .. таныды. 3. Абай бұл ... де ұйықтамады. 4. Үй іші ...-... .. тыңдаған екен. 269- жаттығу. Көшіріп, үстеулерді табу. Қай сөзге қатысты екенін анықтау.	1. Жайлау биыл ерте көктеді. 2. Абай енді ғана таныды. 3. Абай бұл түнде де ұйықтамады. 4. Үй іші жым-жырт боп тыңдаған екен.  1. Биыл алғаны. 2. Жартылай көшіп, Шақпаққа қонған. 3. Үй төбесінде күтіп тұрған, домалап төмен түсіп барады. 4. Арагідік елестетіп.
Сергіту сәті	Музыка қою	Денені сергіту
Сабақты бекіту кезеңі.	Берілген суреттер бойынша жыл мезгілдеріне мәтін құрау.	1-топ. Жаз. 2-топ. Күз. 3-топ. Қыс 4-топ. Көктем.
Бағалау «арба дөңгелегі»	«Бүгінгі сабақтан алған әсерім...» оқушылар өз-өзін бағалайды. Стикерлер таратылады.	Оқушылар сабақтан алған әсерлері жайлы стикерлерге жазып, постерге жабыстырады. Бағалау өлшемдері бойынша әр топ оқушылары бір-бірін бағалайды.
Пайдаланған құралдар:	Әр түрлі түстегі маркерлер, постер, стикер, суреттер	
Үйге тапсырма	271-жаттығу. Көшіріп, сұрақ қою арқылы үстеулердің астын сызу.	Күнделікке жазып алады.

**Р.УТЕУЛИЕВА,**  
**Совет Одағының Батыры Мәди Бегенов**  
**атындағы орта мектеп.**  
Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы,  
Ақжігіт ауылы

## ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: оқушыларға диктантта жіберілген қателері бойынша жұмыс жасай білгізіп, олардың дұрыс жазылу ережелерін естеріне түсіру;

2. Дамытушылық: тасымалдау жолдарын, үндестік заңы, шылаулардың емлесіне байланысты ережелерді дұрыс қолдануға дағдыландыру;

3. Тәрбиелік: сауаттылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.  
Сабақтың көрнекілігі: тірек-сызба.

Сабақтың түрі: қайталау.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: «Жигсо» әдісі, іздендіру, талдау, ой қорыту.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру.

Оқушыларды 3 топқа бөлу. Берілген сөз тіркесі мен сөйлемдер бойынша топқа бөлінеді.

I топ: сөз тіркесі.

II топ: жай сөйлем.

III топ: құрмалас сөйлем.

(оқушыларға диктант дәптерлерін тарату, жіберілген қателерін қарау)

Жаңа сабақ.

Әр топтағы оқушылар өздерінің жіберген қателерін саралап, сол жіберілген қателердің ережелері бойынша мысалдарымен дәлелдеп постер қорғайды.

3 топқа берілетін тапсырмалар: (диктант мәтіні

«Айтыс» деп аталған)

Талдау.

I топ оқушылары *ақындар* сөзіне фонетикалық талдау жасайды.

II топ оқушылары *елдігін* сөзіне морфологиялық талдау жасайды.

III топ оқушылары берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне талдайды. Ақындар елдің елдігін, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны, әділет пен арамзалықты саралап, ортаға салып отырған.

Шығармашылық жұмыс.

Берілген тақырыптар бойынша ойтолғау.

I топ: «Әдебиет – асыл сөз өнері».

II топ: «Айтыс – ауыз әдебиетінің озық үлгісі».

III топ: «Туған тілде сыры терең жаным бар...».

Сабақты қорытындылау.

Рефлексия.

Не білдім?	Не сәтті болды?

Үйге тапсырма: өтілген тақырыптар бойынша тест сұрақтарын құрастыру. Бағалау. Топ басшыларының бағалауы.

### Қызықты грамматика

#### КІМ ТЕЗ ТАБАР ЕКЕН?

*Қ* дыбысынан басталып, *қ* дыбысына аяқталатын және *III* дыбысынан басталып, *ш* дыбысына бітетін үш буынды сын есімдер тауып айтыңдар.

#### КӨП СӨЗБЕН ТҮСІНДІРГЕНДЕ ҚАЛАЙ?

Төмендегі сын есімдерге лайықты зат есімдер тіркеп айтып, сын есімдердің мәнін көп сөзбен түсіндіріңдер.

Албырт, аңқылдақ, біртоға, қырағы, бес аспап, кексе, кіді, тоғышар, дербес, жылаңқы, тел, естияр, даңқой, ұшан-теңіз, ұлан-байтақ, шат, ынжық, мыртық, даурықпа, күйкі, жұпыны, күйгелек.

**Ж.СЕЙТҚАЗЫ,**  
**«Қ.Аухадиев атындағы**  
**орта мектебі» КММ.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Көкпекті ауданы,  
Теректі ауылы

## ФОНЕТИКА

(Тіл дыбыстары)

Мақсаты: білімділік-тіл дыбыстары туралы бастауышта алған білімдерін еске түсіріп, тіл дыбыстары туралы, дыбыстау мүшелері туралы жалпы түсінік беру; дамытушылық- алған білімді есте сақтауға дағдыландыру, логикалық ойлау қабілетін, нақты, дәлелді сөйлеу дағдыларын дамыту; тәрбиелік-орындалатын тасырмалар арқылы бір-бірін тыңдауға, сыйлауға дағдыландыру. Шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Типі: жана сабақты меңгерту.

Әдісі: топтық жұмыс, түсіндіру, талдау, жаттығу орындау, ойлау, дәлелдеу.

Көрнекілігі: интербелсенді тақта, слайдтар

Пәнаралық байланыс: әдебиет, биология

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, оқу-құралдарын тексеру, зейінін сабаққа аудару. Сыныпты шағын топтарға топтастыру. Өлең жолдары жеке-жеке қағаз жолақтарына жазылып таратылады. Өлең жолдарын реттеу арқылы оқушылар шағын топтарға топтасады.

*Туған тілім тірлігімнің айғағы,*

*Тілім барда айтылар сыр ойдағы.*

*Өссе тілім мен де бірге өсемін!*

*Өйсе тілім мен де бірге өшемін!*

II. Үй тапсырмасын сұрау. Фонетикалық талдау.

III. Жаңа сабақ.

Мұғалімнің кіріспе сөзі. - Балалар, қазір сөзжұмбақ шешу арқылы бүгінгі жаңа тақырыбымыздың атауын табамыз.

Сұрақтар:

1. Айтылуы сыпайы сөздер не деп аталады? (эвфемизм)
  2. Мағыналары әр түрлі, бірақ жазылуы бір, айтылуы бір сөздер. (омоним)
  3. Көркем,сұлу, әдемі, көркем- қандай сөздер? (синоним)
  4. Сөздің мағынасын зерттейтін ғылым? (лексика)
  5. Қазақтың әдет-ғұрпына, салт-дәстүрінде айтуға тыйым салынған сөздер не деп аталады? (табу)
  6. Бір-біріне қарама-қарсы сөздер. (антоним)
  7. Заман дамуына қарай қолданыстан шығып қалған сөздер не деп аталады?(көнерген сөздер)
  8. Сөздік қорға жаңадан енген сөздер не деп аталады?(жаңа сөздер)
- Сонымен балалар, қандай сөз шықты? Оқушылар жауабы.

Дұрыс, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы- Фонетика.(тіл дыбыстары)

Мағынаны тану. 1-слайд. Фонетика (гректің «фоне» деген сөзі негізінде қолданысқа енген) Фоненің мағынасы -дыбыс, үн, дауыс. Фонетика – тіл дыбыстарының жүйесін, жасалуы мен ерекшеліктерін, әр түрлі сипаты мен бір-бірімен тіркесу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы. Тіл дыбыстары, біріншіден, адамның дыбыстау мүшелері арқылы пайда болып шығатын дыбыстар, екіншіден, белгілі жүйелік сипаты бар, шектеулі ғана дыбыстар, үшіншіден, белгілі ұғымды білдіретін сөз құрайтын ең кіші тілдік болып табылады. Тыныс жолына өкпе мен көмей, желбезек, ауыз қуысына тіл, ерін, езу, тіс, таңдай, кішкене тіл жатады. Тіл дыбыстары осы мүшелердің қатысуы арқылы жасалады да, сол мүшелердің ерекшеліктеріне қарай дыбыстардың сипаты анықталады. Фонетика адам аузынан шыққан, сөз мағынасын өзгертуге себі бар жүйелі дыбыстарды ғана зерттейді.

2-слайд. Тіл дыбыстары дыбыстау мүшелері арқылы жасалады. Мұны дыбыстау аппараты дейді. Оларға (дыбыстау мүшелеріне) өкпе, дауыс шымылдығы (желбезек), таңдай, тіл, тіс, ерін, т.б. Мүшелер жатады. Оларды күрделі үш топқа бөлеміз: тыныс мүшелері, тамақ қуысы, ауыз қуысы.

1. Тыныс мүшелеріне негізінен өкпе жатады. Ол қолқамен ұштасып, ал қолқа екіге тарамдалып, кеңірдекпен жалғасады. Өкпенің қызметі көрік сияқты, сыртқы ауаны ішке тартады немесе оны сыртқа шығарады.

2. Тамақ қуысы немесе дауыс шымылдығы. Тамақ кеңірдектің

кеңейген тұсы. Тамақтың сырт жағында жұтқыншақ болады да, оның ішкі жағында дауыс шымылдығы орналасқан. Дауыс шымылдығы өкпеден келіп сыртқа шығатын ауаға кедергі болып тұрады. Бұл дірілден үн пайда болады. Үннен тіл дыбыстары жасалады.

3. Ауыз қуысы да, мұрын қуысы да дыбыстардың жасалуына қатысқанда оларға жаңғырық қосу жолымен реттеуші қызмет атқарады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың жасалуы да, олардың өзара жіктелуі де осылардың қызметіне байланысты. Ауыз қуысындағы жылжымалы, яғни көптеген дыбыстардың жасалуына ұйытқы болып тұратын мүше – тіл.

Жаттығу жұмыстары. Топтарға ортақ тапсырма.

Төмендегі сөздерді алфавит тәртібіне келтіріп көшіріңдер.

Қала, жер, орындық, сары, адам, щетка, балық, вагон, иық, ілгек, фабрика, заң, ән, ұршық, өрік, парта, лашын, чех, развезд, дүйсенбі, тарақ, мал, нан, химия, сентябрь, съезд, бас, июнь, альбом, эпос, кол, руль, цирк, флот, яғни, юрист, қаһарлы, щи, біз, фильм, ыстық, үлкен, акт, педагог, грамматика, тқз, әкім, сырнай, осы, себет, шолақ, сіңір, асфальт, география, етік, тың, фонетика, жұлдыз, жарғы, табыс.

Кітаппен жұмыс.

I топ. 233-жаттығу. Төмендегі дыбыстарды мүмкіндігінше өзгерте отырып, олардың сөз мағынасына тигізетін әсерін бақылау.

Сал, жат, тас, тық, қаш, жан.

II топ. 234-жаттығу. Төмендегі дыбыстар санын көбейту арқылы мағынасы басқа-басқа сөздер жасау.

Ал, ат, у, ыс, ас.

Сергіту сәті. «Қара жорға».

«Дыбыстар елінде». Фонетикалық талдау.

I топ.

Елшілер

II топ.

Данышпан

Топ басшыларының сайысы.

"Кім тез тауып жаза алады?" ойыны.

1. Көрсетілген әріптердің тиістісін орнына қойып, мәнісін түсіндіріңдер:

а) Шег(г) ара; Баш(сы); Сөс(зіз).

ә) Қорғам(н) бек; Жам(н) пейіс; сәң(н) кой.

Сабақты қорытындылау.

Дара диаграмма.



«Сұрақты ұстап ал» ойыны. Топтарға үрме бұршақ салынған қапшық лақтырылады. Топтан бір оқушы жауап беруге болады немесе топпен талқылап жауап беруге болады.

1. Фонетика қай тілден аударылған?
2. Фонетика нені зерттейді?
3. Тіл дыбыстары дегеніміз не?
4. Сөйлеу мүшелерінің тіл дыбыстарына қандай қатысы бар?
5. Дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктері неге байланысты?
6. Дыбыстау мүшелерін нешеге бөліп қарастырамыз?
7. Тыныс мүшелеріне нелер жатады?
8. Тамақ қуысының қызметі қандай?
9. Ауыз қуысының дыбыстардың жасауына қандай қатысы бар?
10. Фонетика қандай ғылым?

Сабақты бекіту. "ИНСЕРТ" әдісі

V- "білемін"	- "мен үшін түсініксіз"	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	? "мені қалдырды"	таң

Бағалау. (топтарға беріледі)

Бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	"5"	"4"	"3"	"2"

Үйге тапсырма: 235,236-жаттығулар. Ереже жаттау.



**М.САЛЫҚОВ,**  
**Подхоз жалпы білім**  
**беретін негізгі мектебі.**  
БҚО, Орал қаласы,  
Зеленов ауданы,  
Факел ауылы

## АНТОНИМДЕР

Мақсаты: а) білімділік. Сөз мағыналарынан алған білімдерін пысықтай отырып, әдет - ғұрып, салт - дәстүр, халық өнерін ардақтай білуге үйрету. ә) дамытушылық: Ой белсенділігін арттыру б) тәрбиелілігі: Ұйымшылдыққа, бірлікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ.

Түрі: сайыс сабақ.

Әдісі: сұрақ - жауап, топтастыру.

Көрнекілігі: сөз - жұмбақ, мақал-мәтелдер, тіркес сөздер.

Сабақ барысы: Ұйымдастыру, Амандасу, Түгелдеу.

Ұй тапсырмасын сұрау.

-Балалар, біз өткен сабақтарда омоним, синонимдерді өттік. Осыған орай топтық сайыспен сабағымызды бастайық.

1-топ. “Сүйіктілер мен сүйкімділер” (синоним)

2-топ. “Ойлылар мен ойлы жерлер” (омоним)

1-топ өздері дайындап келген өлеңдері мен мақал-мәтел, ұлағатты сөздерді оқиды. Бұл «Синоним» тобы.

2-топ. Сөзжұмбақ. Бұл топ «Омоним» тобы.

1. Саудагер мақсаты.

2. Есікті ашатын құрал

3. Есімше тұлғасындағы етістік

4. Білім бұлағы

5. Оқушы мақсаты.

Топтастыру әдісі бойынша әр топтан екі оқушы шығып, сұрақтарға жауап беру.

1) Лексика нені зерттейді?

2) Етістіктен болған синонимге мысал келтір (амандасу, сәлемдесу, есендесу.)

3) «Күннің көзі» дегендегі «Көз» қандай мағынада қолданылып тұр.

4) «Білген кісі тауып айтады, білмеген қауып айтады» ауыспалы мағынада тұрған сөзді көрсет.

«Ой атасы – жұмбақ».

Әр топқа жұмбақтар береміз, жауабын табу керек.

Жер атымын, мені іздеп қайтасың.

Қыз есімі деп те мені айтасың.

Ол екеуі аздық етсе, мені ұстап,

Той-думанда музыка да тартасың (баян)

Таңғаларлық бір ит бар,

Үй бағады үрмейді,

Аяғы жоқ жүрмейді,

Рұқсатсыз сол иттен

Ешкім үйге кірмейді. (құлып)

Жаңа сабақ.

Сабағымызды бастамас бұрын шежіремен таныстырып өтейін. Ерте, ерте ертеде Лексика деген қарт өмір сүріпті. Қарттың үш баласы болыпты. Үлкен ұлы «Омоним», ортаншы ұлы «Синоним» кіші ұлы «Антоним» болыпты. Әкесі үш ұлын шақырып алып, «Дүниеде не тәтті?» деп сұрапты. Ұлдары ойланыпты. Омоним айтыпты: Түс

Синоним айтыпты: Бал шекер, қант.

Антоним жауап бермепті.

Енді балалар антоним дегеніміз не?

Мағыналары қарама қарсы сөздер антоним деп аталады. Балалар сендер қандай қарама қарсы сөздерді білесіңдер. ( дос - дұшпан, алыс - жақын, биік - аласа, ақ - қара)

Ал енді, балалар, антонимнің жасалу жолына назар аударайық.

Олар: зат есім, сын есім, есімдік, етістік, үстеу.

Арық - семіз

Ерте - кеш

Өтірік - шын

Дос - дұшпан

Кіру - шығу

Дәптермен жұмыс.

Берілген өлең жолдарынан жұп антонимді табу.

Қараңғы қанша дүниеде

Дүниеде қанша жарық бар

Ұсақтар қанша дүниеде

Дүниеде қанша алып бар

Қашырап қуат - пәрменді

Дүниеде небір жасық бар.

Сарқылтар адам дәрменін

Көз жеткізбейтін қашықтар.

Сергіту сәті. Жұмбақтар шешіп антонимді табу.

Асты тас, үсті тас,

От астында піскен ас. (таба нан)

Бүгін киген ақ тоным,

Ертең болар қара тон. (жер)

Бекіту. Антоним қай сөз табынан жасалады.

Үйге. 96-жаттығу.

Бағалау.

**Ө.АЙТЖАНОВ,**  
**Бидайық ЖОББМ.**  
Қарағанды облысы,  
Жанаарқа ауданы,  
Бидайық ауылы

## ТАБУ

Мақсаты:

1. Білімділік: оқушыларға табу туралы және оның мағыналық, құрамдық түрлері жайында лингвистикалық білім беру, жаттығу жұмыстары арқылы бекіту.

2. Тәрбиелік: оқушыларды адамгершілікке, татулыққа, бірлікке тәрбиелеу.

3. Дамытушылық: оқушылардың лингвистикалық дүниетанымдарын кеңейту, сөйлем талдау дағдыларын дамыту.

Типі: жаңа сабақ.

Түрі: дәстүрлі сабақ

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, сұрақ-жауап, жаттығу, талдау.

Көрнекілігі: тақырыпқа байланысты үлестірмелі қағаздар.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен сәлемдесу.

2. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

3. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.

III. Білім тексеру:

Терме диктант. Омоним сөздер.

1. Ай туды. Тамыз айы. 2. Жерді қаз. Қаз қаңқылдайды.

3. Мақта оңтүстікте өседі. Досынды мақта. 4. Тамыз жаз айы. Дәптерге жаз.

IV. Жаңа сабаққа дайындық.

1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу.

2. Сабақ мақсатын түсіндіру.

V. Жаңа тақырыпты түсіндіру:

Табу негізінен этнографиялық ұғыммен байланысты.

Мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер тіл білімінде табу деп аталады.

Мұндай тыйым салынған сөздер дүние жүзіндегі халықтардың көшілігінде кездеседі. Бұл әдет әсіресе, түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тұрмысында көп тараған.

Қазақтың ескі әдет-ғұрпы бойынша келін болып түскен қыз күйеуінің туған-туыстарының атын ағамайтын болған.

Солардың әрқасысының жақындық долына, жасының үлкен – кішілігіне қарай лайықты ат қоюға тиіс болған. Мысалы: қызға шырайлым, еркежан, бикеш деген.

Қазақ тіліндегі табудың ендігі бір түрі қатал табиғи құбылыстарға, жыртқыш аңдар мен қауіпті жәндіктерге, түрлі ауруларға байланысты қалыптасқан. Мысалы: шешек ауруының атын атаудан қорқып, оны «қорасан» деген

V. Жаңа тақырып бойынша түсініктерін тексеру:

I деңгей.

1. Төмендегі сөйлемдерден табу сөздерді тап.

Ауыл сонда күзекте шығар деймін. Бақа шешей бар, Көзейқараның үйіндегі келін бар – бәріміз Қосөтердегі ағаштан шөпшек тереміз деп шықтық...

II деңгей.

1. Табуға мысалдар жаз.

2. Табуға байланысты пайда болған синонимдерді жаз.

Үлгі.

Жоғалған мал – қолды болды.

Жылан – түйме, ала жіп – ұзын құрт.

III деңгей.

1. Табудан синоним сөздердің айырмашылығын айт және оларды мысалмен дәлелде.

2. Қазақтың салт-дәстүріне байланысты ойтолғау жаз.

VI. Жаңа сабақты бекіту:

1. Оқулықпен жұмыс.

101-жаттығу.

Мәтіннің ішінен өзгеше қолданыстарды тауып, олардың табу екенін түсіндір.

102 -жаттығу.

Қарамен жазылған сөздердің табуға жататынын, жатпайтынын байқап көріңдер.

2. Үлестірме қағаздар бойынша жұмыс.

VIII. Сабақты қорыту:

1. Бағалау.

1. Үй тапсырмасын беру.

1. Табу туралы түсінік.

2. 103-жаттығу.

**Г.БАЙМАҒАМБЕТОВА,**  
**Басқұдық орта мектебі.**  
Ақтөбе облысы,  
Әйтеке би ауданы,  
Басқұдық ауылы

## **ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ**

Мақсаты: білімділік- оқушылардың жай сөйлем түрлерінен алған білімдерін нығайту, жинақтау, синтаксистік талдау дағдыларын жетілдіру; дамытушылық-жай сөйлем түрлерінен теориялық білімдерін шығармашылық тұрғыда баяндауға баулу, оқушыларды еркін сөйлеуге, өзіндік пікірін айта білуге бағыттау, тіл байлығын жетілдіру; тәрбиелік- талдауға алынған мысалдар арқылы Отанын, елін сүйуге, адалдыққа, ізеттілікке тәрбиелеу, шәкірттердің оқуға деген саналы көзқарасын арттыру, оқушылар бойындағы адамгершілік құндылықтарды жетілдіру.

Типі: қайталау сабағы.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Әдісі: сұрақ-жауап, Блумның сұрақ қою өлшемі, шығармашылық жұмыс.

Көрнекілігі: үлестірмелі парақша, семантикалық карта, оқушы білімін есепке алу картасы.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңі: оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

I. Бағдарлау кезеңі.

II. Білім: психологиялық дайындық.

«Бәйге сұрақтары».

«Бәйтерек» тобына:

Бастауышы мүлде болмайтын жай сөйлем. (жақсыз сөйлем)  
Тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің қатысуы арқылы жасалатын жай сөйлем (жайылма сөйлем).  
Қазақ тілінің өзіне тән дыбысы қанша?(9)  
Айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалған жай сөйлем түрі. (Толымсыз сөйлем)  
Атаулы сөйлем дегеніміз-.....  
(Іс, оқиғаны баяндамайтын, тек заттың, құбылыстың, мекеннің, мезгілдің атауын ғана білдіретін сөздер)  
«... *Үстіне гүрілдеген қасқыр төніп келгенде көзі ашылып, бір жұмылды. Арандай ашылып келе жатқан ауыздың жоғары жағында өзіне таныс құлақ көрінді.*» Үзінді қай шығармадан алынған? Жай сөйлемнің қай түрі? (Жақты, жайылма, толымсыз)  
«Жігер» тобына:  
Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем.(жалаң сөйлем)  
Толымды сөйлем дегеніміз-.....  
(Айтылуға тиісті мүшелері түгел қатысқан жай сөйлем)  
Бастауышы болатын сөйлем (жақты сөйлем)  
«*Атам қазақтың ұрпаққа деген көзқарасы да жан шырылына толы. Ғасырлар бойы табиғатпен тайталас өрбіген, не қилы заманалар ауыздықпен су ішкен дала тіршілігі ұрпаққа аманат.*» Үзінді қай шығармадан алынған? Жай сөйлемнің қай түрі? (Жақты, жайылма)  
Жаз. Түн. Айсыз ашық аспан. Жай сөйлемнің қай түрі? (Атаулы сөйлем)  
*Өлең –сөздің патшасы, сөз сарасы.*  
Жай сөйлемнің қай түрі? (жақты, жайылма, толымды сөйлем)  
Өлеңнің шумағын аяқта.  
(Қиыннан қиыстырар ер данасы,  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы)

II. Орындаушылық кезең.

2. Түсіну: жай сөйлем түрлеріне ажырату.

№1-парақша.

Ауылым айнала жайқалған жасыл желекке оранып, тып-тыныш өмір сүруде. Ауасы да таза, мөлдір, бойындағы дертіңе шипа қылғандай.

№2-парақша. Жайлаудың ортасымен кішкене өзен ағады. Содан балық аулаймыз. Суына шомыламыз.

Жазық дала. Дала жазық. Күмбірлеген күй. Іштен күмбірлеген күй естілді. Марат ағаштың жапырағындағы мөлдір шықты байқады.

3. Талдау. Сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

№1-парақша.

Ауыл реңі өзгеше жүдеу еді. Далада жалбыр-жұлбыр киініп бүрсеңдеген, күс басқан аяқтары қызарған кедей балалары көрінді.

№2-парақша.

Кең байтақ Отанымыздың жүрегі—Астана қаласы. Бүгінде Астана қаласы жаңа сәулетті, соңғы сәнмен көркейіп өсіп келе жатыр.

4. Қолдану. «Ауылым-алтын бесігім», «Туған жер» тақырыбына шағын шығарма жазу.

III. Рефлексиялық-бағалау кезеңі.

5. Жинақтау. Венн диаграммасы.

Тақтаға екі топтан екі оқушы шығып, жалаң және жайылма, жақты және жақсыз сөйлемнің өзіндік белгілері мен ортақ белгілерін жазады.

Екі топтың қалған оқушыларына «Толымды және толымсыз» сөйлемнің өзіндік және ортақ белгілерін жазу тапсырылады.

Бағалау. «Өзін-өзі бағалау парағы» бойынша оқушылар өзін-өзі бағалайды.

Үйге тапсырма: «Мен тәуелсіз елімнің ұланымын» тақырыбына ойтолғау.

**А.САБЫРЖАНОВА,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**№5 жалпы орта мектеп.**  
Қостанай облысы,  
Арқалық қаласы

## ЕСІМДІКТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың есімдіктің мағыналық, тұлғалық жағынан білімдерін қорытындылау.		
Білімділік:	Оқушылардың өз білімдерін, көзқарастарын жүйелі жеткізуге сұрақ жауап, Блум таксономия әдістері арқылы дағдыландыру.		
Дамытушылық:	Өз білімдерін, көзқарастарын жүйелі жеткізуге сұрақ жауап, Блум таксономия әдістері арқылы дағдыландыру.		
Тәрбиелік:	Бір-бірін тыңдай білуге, сыйлауға, Отанын құрметтеуге тәрбиелеу.		
Сабақтың түрі:	Аралас сабақ.		
Сабақтың әдіс тәсілдері:	Топтық жұмыс, Блум таксономиясы, оқыту үшін бағалау.		
Көрнекілігі:	Қазақстан картасы, плакаттар, стикерлер.		
Пәнаралық байланыс:	Әдебиет, география.		
Сабақтың барысы:			
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушылармен амандасу. Топқа бөлу. Топ басшысын сайлап алу.		
Блум таксономиясы	Мүғалімнің іс-әрекеті	Уақыт	Оқушының іс-әрекеті
Білу	Есімдік туралы (қайталау, еске түсіру)	4 мин.	оқушылар білгенін стикерге жазып шығады
Түсіну	Сатылай кешенді талдау, фонетикалық талдау. Сөз құрамына қарай талдау.	10 мин.	I топ <i>өздері, не?</i> сөздеріне сатылай кешенді талдау жасайды. II топ <i>кейбіреу, барлық</i> сөздеріне фонетикалық талдау жасайды. III топ <i>осылар, кейбіреу сөздерін</i> құрамына қарай талдайды.



Біздің бекінісіміз ойпаңдау жерде болатын. (Ашық рай, ауыспалы өткен шақ).

Біздің бекінісіміз ойпаңдау жерде болсын. (Бұйрық рай, II жақ, анайы түрі)

Біздің бекінісіміз ойпаңдау жерде болса игі еді. (Қалау рай).

Сөйлемдерді шартты райға айналдыруға келмегендіктен «Шартты рай» тобына төмендегідей сөйлемдер беріледі:

«Жылаған шешемен бірге жыласа, жігіттің жігіт болғаны қайсы, өйтсе, кісі уәдеден шыға ала ма? Жылаған шешемен бірге жылап, жігіт үйден ұзақ уақытқа алыс жерге кетсе, баласының жылағанын көрген соң, үйде қалған ананың көзінен жас кете ме, көкірегінен сағыныш қасіреті кете ме?»

2. 182-жаттығу. а) Қалау рай, ашық рай, бұйрық райлы сөйлемді теріп жазуға әр топтан тактаға бір-бір оқушы шығады. Мәтінде шартты рай болмағандықтан ол топқа басқа сөйлемдер беріледі. «Түстік өмірің болса, кештік мал жина», «Не ексең, соны орасың».

ә) Топтағы басқа оқушылар «Бақытты болу деген не?» атты ойтолғау жазады. Оқушылардың жұмыстары тексеріліп, рай түрлеріне талданады.

3. Оқушыларға жеке, жұптық, топтық тапсырмалар беріледі. «Ашық рай» тобына: «Шалқар – адалдық пен адамдықтың, кісіліктің алдында тік тұратын, қыздарын қыз деп қойып қалмай, қыз бала деп сыйлайтын, екіжүзділікті өлімнен де жаман деп қабылдайтын жандары таза халқы бар қалашық». «Абылай ханның қасында Бұқарекең жырлайды»

«Машинаның қарасы көрінбей кетісімен Маржан үстіне өзіне ұнайтын ұсақ ақ гүлдері бар көйлегін киіп, шашын төбесіне түйіп, есікті кілттеп далаға шықты».

Берілген мәтіндерден етістіктердің шақ түрін анықтап, бұйрық райға айналдыру.

«Шартты рай» тобына:

*«Қарадан хан болсам, халқым қалаған болар,  
Айырдан нар болсам, атам жараған болар,  
Көнеден дәурен озса, жасы жетуден болар,  
Көнеден қамқа тозса, дәурені кеткен болар».*  
*Ер жігіт айтпайды.  
Айтса, қайтпайды.*

*Оқи берсең көзің ашылады,  
Отыра берсең, жалқаулық басынады.*

*Алтау ала болса, ауыздағы кетеді,  
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді.*

*Тіл тас жарады,*

*Тас жармаса, бас жарады.*

Мәтіндерден шартты райлы етістіктерді тауып, ашық райға

айналдыр.

«Бұйрық рай» тобына:

*«Арлы-өжданды бол!  
Намысыңды жастан сақта!  
Халқыңды алалама!*

*Жақыныңды жаралама!*

*«Құдай жарылқасын, бай қылсын,*

*Төрт түлігін сай қылсын!»*

*«Малды теппе, Ақты төкпе».*

*«Есікті қатты қақпа, қатты серпіп жаппа».*

*«Кетпес дәулет берсін, Кең пейіл берсін».*

Сөйлемдерден бұйрық райлы етістіктерді тауып, қалау райға айналдыру.

«Қалау рай» тобына:

*«Дұғай сәлем бергейсің,*

*Ағам Есет беренге.*

*Бекет қайда дегенге,*

*Бекет кетті дегейсің*

*Шықпайтұғын тереңге».*

*Гүлі сұлу орманды*

*Сусатпағым келеді.*

*Жүзі жылы жандарды*

*Құшақтағым келеді.*

*Атадан ұл туса игі,*

*Ата жолын қуса игі.*

*Өзіне келер ұлын*

*Өзі билеп тұрса игі.*

Мәтіндерден қалау райлы етістіктерді тауып, шарты райға айналдыру.

Досы көпті ...

Елдің атын ...

Айтпас жерде сөзінді ...

Өнерлі жан өрге ...

Көп нүктенің орнына тиісті қалау райлы етістік қойып, көшіріп жазу.

4. «Қазымыр» ойыны. Әр топтан бір оқушы тұрып, келесі топқа сұрақ қояды. Сұраққа басқа оқушылар жауап бере алады.

VI. «Түйін түй» стратегиясы. Топ басшылары топ аттарына лайық рай түрлерінің жасалу жолдарын қолдарына берілген стрелка үлгісінде қиылған қағазға толтырып, тақтадағы «рай» деген сөздің айналасына ретімен іледі.

VII. Үйге тапсырма. 183-жаттығу. Рай түрлерін қайталау.

VIII. Бағалау. Топ басшыларының бағалау парағын ескеріп бағалау.

**Б.ҚҰБАЕВА,**  
**Қ.Сағырбаев атындағы жалпы орта**  
**білім беретін мектеп-балабақшасы.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Бөкей ордасы ауданы,  
Саралжын ауылы

## **АҚЖАЙЫҚ – АҚҰШТАП – АҚ ШАҒАЛА**

*(Ақұштап Бақтыгерееваның 70 жылдық мерейтойына арналған  
әдеби-сазды кеш)*

Мақсаты: қалың жұртшылықтың жүрегіне өнерімен салмақты ой сала білген Ақұштаптай ақын апамыздың шығармашылығымен толыққанды таныстыру, өлеңдерінің тәрбиелік мәнін ұғындыру, мәнерлеп оқу қабілеттерін шыңдау.

Ортада әйелі мен күйеуі отырады.

**Әйелі:** - Отағасы, бүгін бір ғажап түс көрдім. Түсімде саялы бақтың ішінде екеуіміз қыдырып жүр екенбіз. Айналамызда албырап пісіп тұрған алма ағаштары. Мен сол алмаларға қызығып біреуін ағаштан үзіп алғым келді. Бір уақытта көзіме сонадайдан ерекшеленіп үлкен алма ағашы түсті. Бірақ, бір қызығы, ол ағашта алманың орнына том-том кітаптап ілініп тұр екен. Сол кітаптардың арасында қып-қызыл алма көздің жауын алатындай болып тұр. Мен қуанып кетіп, сол алманы алып рахаттанып жеп жатқан жерімде оянып кеттім.

**Отағасы** (күліп):- Ай, тәңірі-ай. Алла бұйырса, екеуіміз армандап жүрген қып-қызыл алмадай қызымыз дүниеге келеді екен. Қызымыз жай қыз емес, том-том кітаптарды жазып қалдыратын ақын не болмаса талантты мойындата білген жазушы болатын сияқты. Мұны ішім сезеді...

**Әйелі:**- Айтқаныңыз келсін, отағасы, айтқаныңыз келсін!

**Кадрдан тыс дауыс:** -Қазақ даласын өзінің құнарлы жырымен сусындатқан Ақ Жайықтың ақын қызы Ақұштап Бақтыгереева-әр қазақтың жүрегіне салмақты ой сала білген, қайталанбас дарын иесі. Оның өлеңдері арқылы күш алған ұлдарымыз бен

салмақты ой түйген саналы қыздарымыз Ақұштап Бақтыгереева шығармашылығы алдында тағзым етеді.

Фанфарлар ойнайды, сахнаға жүргізуші шығады.

**Жүргізуші:**- Қайырлы күн, қымбатты ұстаздар, оқушылар! Қалың жұртшылыққа танымал ақын Ақұштап Бақтыгерееваның 70 жылдық мерейтойына орай өткелі отырған «Ақжайық – Ақұштап – Ақ шағала» атты әдеби-монтажды кешімізге қош келіпсіздер!

Шын өнер жайшылықта емес, жан дүниенің қайшылығында туады. Ал дарын – Алланың айрықша мейір-шапағаты түскен пендесіне қиял-ғажайып нұры. Ата күші, Ана сүті, киелі топырақтың жебеуі, өмір сүрген ортасының демеуі, тірліктің тоқсан тарау иірімі, жаныңа жайлы адамдардың мейірімі сол нұр иесін қайталанбас тұлға ғып қалыптастырады.

Біздің өлкемізден шыққан дарын иелері де кем емес. Солардың бірі және бірегейі – Ақұштап Бақтыгереева.

*Мен жайлы, келер ұрпақ, не білесің?*

*Тарихқа таңданатын көрінесің.*

*Мені іздесең зарышқа алғаш ұшқан*

*Ізде Совет қызының шежіресін.*

Алдымен Ақұштап апамыздың өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат тыңдап өтсек. Ортада 7-сынып оқушысы Нариман Елназ.

**Жүргізуші:** -Поэзия – ұлы Жаратушының ұлы махаббатынан нәр алған шын жүректің қуанышы, қайғысы, жан әлемінің үлі. Поэзия мәңгіліктің қасиетті әуеніне билеген сөз аруы, адамзаттың жан сусынын қандырған, таным көзі мен тылсым тұнған ой кәусары, жан сусары.

Поэзияның шырқау биігінде бүгінде Ақұштап апамыздың өз қолтаңбасы бар. Біртуар тұлға, жерлес ақынымыз, бар қазақтың Қадыры: «...Сұлу сезімді өлең-өмірге ала келген қыз – сол сұлу сезімді әлдилеген ақ анаға, ал сол сұлу сезімді әлдилеген ақ ана – осының бәрін өнер биігіне көтерген ақ әжеге дейін өсті. «Ақ жайық» - «Ақ желкенге», «Ақ желкен» - «Ақ Шағалаға» айналды», - деген екен.

Ендігі кезекте ақын апамыздың бір ауыз есті сөзіне құлақ түрелік. Экранға назар аударыңыздар!

(Ақұштап Бақтыгерееваның жазбасы көрсетіледі)

**Жүргізуші:**-Киелі поэзия әлемінде өзіндік үн, өзіндік бояу, ажары бар сырлы да нәзік өлеңдерімен оқырман қауымын елең еткізіп, жырмен тербеп жүрген нәм есімі дүйім жұртқа танымал ақынымыздың бір топ өлеңдерімен ортада 7-сынып оқушылары.

«Білгің келсе» - Ермекова Гүлсінай.

«Туған жер деп өлетін ала құмда» - Өтеуғалиева Аягүл.

«Анаға сыр» - Қаналиева Ақерке.

«Ризашылық» - Еділбай Жанбота.

«Боз жусан дала» - Өтеуғалиев Асхат.

**Жүргізуші:**-*Өлең деген – құдірет қой, шынында.*

*Талант керек кейде оны ұғуға.*

*Ұлағат та, тіршіліктің сыры да –*

*Үңілсеңіз жатыр баба жырында.*

*Қызыл тілде алғаш кілті өнердің,*

*Жыр жолы боп елестейді келер күн.*

*Ең алғашқы әлдиі де ананың*

*Басталады ұйқасымен өлеңнің-*

дейді акын. Шынында да, өлеңнің құдіретін түсініп, акын болу-екінің бірінің басына түспейтін бақыт. Ендеше, осындай бақытқа ие Ақжайықтың ақберен қызы Дариға Мұштанова апамыздың алдыңғы буын апасы Ақұштап Бактыгерееваға арнаған өлең жолдарына кезек берейік (10-сынып оқушылары: Ермұқан Айжұлдыз, Нұрланқызы Айгерім).

Көркем сөз. «Жайыққа» (Д.Гайсин, 8-сынып оқушысы)

Ән: «Жайықтың ерке самалы» орындайтын: Н.Нұржанқызы.

**Жүргізуші:** -Ақұштап ақынның жырлары автордың көп ойлауынан, қоғам шындығы мен өз басының мұңды күйлерін түйіндестіре толғаудан туған. Оның ойлары халықтың жарқын тіршілігі, адалдық, әсемдік туралы арман-мұратқа ұмтылады. Бірақ оған жетудің жолы оңай емес. Адам баласы өмір бойы осы ізгі арман үшін күресіп келеді. Ақұштап ақын басына жиналған ой да, одан туындайтын мұң да осының жалғасы. Сондықтан ол өмірдің, адам жанының күрделілігін жырлайды, өзін налытқан жайларды өлеңіне арқау етеді.

«Асыл арман» өлеңін оқитын: Амангелді Нұрзила, Еселбаева Дильяра.

**Жүргізуші:** -Ендігі кезекте сөз Саралжын ауылдық кітапхана меңгерушісі Гүлмира Жасқайратқызына беріледі.

**Жүргізуші:** -Ақұштап апамыздың көп өлеңдері әйел тақырыбына арналған. Әйел психологиясын, қыз бала тағдырын, оның басындағы өмір сырларын көп біледі. Ол әйелге тән төзімді, өткір сезім күйлерін, кейде сол сезімге малтығып қалатын әлсіздікті, көңілдің нәзіктігін, адал махаббатты тереңірек жырлайды. Күллі қазақ қызының тағдырына алаңдап, «Сіңліге сыр» да айтады.

«Сіңліге сыр» - Амангелдиева Айсезім.

«Бірақ, бірақ...» - Еркінқызы Элеонора.

«Болашақ бойжеткендермен сырласу» - Бактыгереева Алина.

«Ардақты ана айтқаны» - Нариман Милена.

**Жүргізуші:** -*Біреу мені айтып отыр, жаны жырға ғашық деп,*

*Біреу енді айтып отыр, қулығы жоқ жасық деп.*

*Амал қаниша, есігі жоқ жүректің*

*Кез келгенге көрсететін ашып көп.*

Ақұштап – биік сезімнің ақыны. Оның көңіл-күй ырқына тез берілетіні, жаны тез жараланатыны да осыдан. Оның көңілін жайлаған әсемдік, адалдық, достық, жақсылықты ғана мұрат тұтқан арман-тілек күнделікті өмір қайшылықтарымен үйлесімге келмейді де, ақын сезіміне кері әсер етеді.

Көркем сөз. «Досым едің». Оқитын: Тілекқабылов Қасымжан, Өмірболатов Өркен (8-сынып оқушылары).

**Жүргізуші:**- Ақ шағаланың өлеңдері әр тыңдаушының жүрегіне терең ой салып, шабыттандыратыны рас. Бүгінде осы ауысым қатысушыларының арасында Ақұштап апамызға деген құрметтерін жыр жолдары арқылы жеткіземіз деген жас талаптарымызды ортаға шақырамыз. Ортада Төлеген Бақдәулет, Өтеуғалиев Асхат, Ерес Бекарыс.

Ән орындалады.

**Жүргізуші:** -Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, академик Зейнолла Қабдолов: «Мен Оралды үш қыз арқылы жақсы танимын. Біріншісі- аңызға айналған Қыз Жібек, екіншісі- батырға айналған Ер Мәншүк, үшіншісі- өзіндік мінезі мен үні бар ақын-Ақұштап. Ендеше, мен бұл елдің қыздарын мықты-ау деп ұғынам» - деген екен. Міне, достар, біз де талантты күллі қазақ халқы мойындаған апамыздың іні-сіңлілері екенімізді мақтанышпен айта отырып, өнегелі өлеңдерінің өміршең болуына септігімізді тигізейік!

*Жағаға ұрар толқындар*

*Жайықтың қызы қайда?-деп.*

*Жас ұрпақ шырқар әнін де,*

*Сөз бе бұл айтар нан ұстап:*

*Ажырамастай мәңгіге*

*Ақ Жайық пенен Ақұштап!*

Құрметті ұстаздар, өмірін өлең деп ұққан, қазақ жырында ақындық әлемімен аты шыққан Ақжайығымыздың «Ақ шағаласы» Ақұштап апамыздың құрметіне арналған шағын кешіміз өз мәресіне жетті. Уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге үлкен рахмет! Келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!



**А.ҚҰРАУБАЙ,**  
**Абай атындағы мектеп-гимназия.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы  
Чапаев ауылы

## **ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ. «ҚАУІПТІ ТАПСЫРМА»**

Мақсаты: оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттыру; кітапты қадірлеп-құрметтеуді, сүюді дәріптеу; Халық қаһарманы Қасым Қайсенов туралы білімдерін кеңейту; ел еркіндігін, бостандығын, тәуелсіздігін қанымен қорғаған Қасым Қайсенов сынды тұлғаны оқушыларға үлгі-өнеге ете отырып, Отанын қорғау жолында жанын садаға ететін ұрпақ өздері екенін сезіндіру, елін сүйетін ұлтжанды азамат болуға тәрбиелеу; тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту.

Оқырмандар конференциясының барысы.

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгін мектебімізде Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы Қасым Қайсеновтің «Қауіпті тапсырма» атты әңгімесі бойынша оқырмандар конференциясы өткелі тұр.

Конференцияны бастамас бұрын Қасым Қайсенов туралы бейнетаспаға назар аударсақ (Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің М.К.Бармақұлов атындағы телерадиокешені дайындаған бейнетаспа көрсетіледі).

Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Асу-Бұлақ ауылында қарапайым еңбекші отбасында дүниеге келген. 1934 жылы орта мектепті толық аяқтамай Өскемен қаласындағы саяси-ағарту техникумына оқуға түсті. 1939 жылы оны бітірген соң әскери-барлау мектебіне жіберіледі, 1941 жылы қараша айында осы мектепті бітірген бойда Оңтүстік-Батыс майданының штабына жөнелтіледі. Арнайы тапсырма бойынша Украинаның басқыншылар қолында қалған жеріне жіберіледі. Ол жерде Қасым Қайсенов В.И.Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядын басқарады. Молдавия, Украинаның Закарпатье бөлігі, Чехословакия және Румыния жеріндегі ұрыстарға қатысады. Әскери мұрағаттар

Қасым Қайсенов туралы маңызды тарихи оқиғаларға толы. Кеңес жері фашист басқыншыларынан азат етілген соң 1945 жылдың басында Отанына оралып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы аппаратын басқарады, содан кейін Жамбыл облысының Жуалы, Свердлов аудандарында атқару комитеттері төрағаларының орынбасары ретінде жұмыс істейді.

Ардагер-партизан көп уақыт бойы «Жазушы» және «Қайнар» баспаларының редакторы, редакторының орынбасары болады. 1954 жылы Қ.Қайсенов «Жас партизандар» атты алғашқы кітабын басып шығарады. Оның батырлық-патриоттық тақырыпқа арнаған әдеби қызметі осылай басталады. Оның «Илько Витряк», «Переяслав партизандары», «Ажал аузынан», «Жау тылындағы бала», «Днепрде», «Жау тылында»...атты кітаптары оқырмандарға кеңінен танымал. Олар орыс және украин тілдеріне аударылған.

Қасым Қайсенов ІІ дәрежелі «Богдан Хмельницкий» орденімен, І және ІІ дәрежелі «Отан соғысы» екі орденімен, «Чехословакия партизандары», екі І дәрежелі «Отан соғысы партизанына» медалімен және Кеңес Одағының тағы басқа он бес медалімен, үш рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, Украин КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен және ІІ және ІІІ дәрежелі «За заслуги» орденімен марапатталған. Оған Қазақстан Халық батыры (Халық Қахарманы), «Отан» ордені, Қазақстан Жазушылар одағының Бауыржан Момышұлы атындағы сыйлығы берілген, А.Фадеев атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты.

Қасым Қайсенов туралы Асқар Егеубаевтың өлеңін тыңдасақ.

«Дара батыр»

Асқар Алтай алыбы –  
Жомарт жүрек жайсаңым!  
Дүниенің жарығын  
Жанмен сезген қайсарым!

Асубұлақ аялап,  
Ашулы Алтай шыңдаған.  
Кәрі Карпат саялап,  
Сынағанда – сынбаған.

Асау Ертіс тербетіп,  
Арқа, Алатау жебеген.  
Қасым аға келбетін,  
Бар қазаққа теңер ем!

Түр-өңінде: Батырлық,  
Жүрегінде: Даналық!  
Жаны тұнған ақындық,  
Жаны толған ағалық!  
Тағдырымен таласқан,  
Қазағымның өзіндей!  
Эпостарға жарасқан,  
Батырлардың көзіндей...

Жарытуға қазақты,  
Керек әлі ғасырлар.  
Танытуға қазақты,  
Керек әлі Қасымдар!

Бар қазақтың ағасы –  
Дарабозы Халықтың.  
Батырлардың дарасы –  
Алып аты Алыптың!

Шығарма бойынша сұрақтар:

- Партизан дегеніміз кімдер?
- Қасым Қайсеновті жолдастары қалай атаған немесе лақап аты? (Вася)
- Шығармада оқиғалар қай жерде өтеді? (Закарпатье өңірінде, Полонина Руно алқабында)
- «Закарпатье» құрамасының басқарушысы кім? (Кеңес Одағының Батыры А.В.Тканко)
- Қасым Қайсенов, Спижевой және Григорий Алексеенко Карпатқа ұшардың алдында қандай «қылмыс» жасады?
- Қасымға қандай «қауіпті тапсырма» жүктелді?
- Қауіпті тапсырманы орындауға Қасым өзімен бірге кімді алады? (Поляк жігіті Юзик Николский)
- Тапсырманы алып, құрама штабынан шыққан соң Юзик қандай ой айтады? (Польшаға өтіп кетіп, сонда отряд ұйымдастыру)
- Құрама штабынан шыққан соң, Қасым мен Юзик кімдерге кездеседі? (Он бір саяси лагерьден қашып шыққан адамдар)
- Алаңда кеседескен он шақты адамның кім екенін анықтау үшін Қасым мен Юзик қандай әс-әрекет жасайды?
- Мукачев-Ужгород бағытына Карпат тауы арқылы асатын асфальт жолда Қасым отряды тұтқындарды қалай құтқарады?
- Қасым партизан отрядына қалай тәртіп орнатты? (барлық

адамды үш взводқа бөліп, әр взводта үш-үштен топ құрды. Әрқайсысының басшыларын тағайындады).

- Турья Поляна селосында тұрған жау гарнизонына шабуыл жасау барысында қандай қиындық болды? (Иттердің үруі).

- Жау гарнизонына шабуыл кезінде Қасым отрядынан қанша адам оққа ұшты? (3)

- Қолға түскен тұтқындар қандай мәліметтер айтты? (Тұтқындар майдан туралы берген жауаптарында өз армияларының көп шығынмен тоқтаусыз шегініп келе жатқанын, неміс одақтастарының ыдырай бастағанын, тіпті немістердің арасында да армия қатарынан қашу жиілеп кеткенін айтты).

- Шығарманың негізгі идеясы, түйінді ойы қандай? (Соғыс кезінде партизандар өмірін суреттей отырып, ерлікті, отансүйгіштікті, халықтар достығын дәріптеу, қиын кезде әрқашан көмек көрсету).

Топтық тапсырмалар:

№1. Бейнелеушілер – оқыған әңгіме мазмұнын суретпен бейнелеп беру.

№2. Құғыншы – әңгімедегі кейіпкерлердің іс-әрекетін хабарлау.

№3. Сұрақ қоюшы – әңгіме желісі бойынша сұрақтар құрастыру.

№4. Сөзтапқыш – әңгіменің мазмұнына сай мақал-мәтел, тұрақты тіркестер табу.

*Күш батылдыққа ереді.*

*Батыл болсаң, батыр да боласың.*

*Батырлық айқаста танылар.*

*Батыр мың қол бастайды,*

*Шешен тар жерде сөз бастайды.*

*Айдалы батыр алдырмас.*

*Шын батыр сын үстінде танылар.*

№5. Мінездеме беруші әрбір кейіпкерге мінездеме береді.

Қорытынды: - Қасым ағамыз сияқты өмірі өнегелі істерге толы қасиетті тұлғаны жете біліп, оларды мәңгі есте тұту – біздің қасиетті борышымыз.

*Қасым ол қазақ емес қатардағы,*

*Шарт емес қаулы-заңмен аталмағы.*

*Қайсенов бар Алаштың бағасында,*

*Халықтың қастер тұтар қаһарманы.*

Осымен, бүгінгі Қасым Қайсеновтің «Қауіпті тапсырма» шығармасы бойынша оқырмандар конференциясы аяқталды. Сау болыңыздар!

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,  
№6 орта мектебі.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар қаласы

## 7-СЫНЫП БОЙЫНША ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН ОҚУШЫ БІЛІМІН ПЫСЫҚТАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

I нұсқа. Өзіндік жұмыс.

1. Ғашықтық жырлардың батырлық эпостан басты-басты үш айырмашылығын жазып шық:

Біріншіден, \_\_\_\_\_

Екіншіден, \_\_\_\_\_

Үшіншіден, \_\_\_\_\_

2. «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» дастаны - қазақ әдебиетінің зор мұрасының бірі - деген пікір авторы кім?

3. Төле би атынан айтылатын толғауды толықтыр:

\_\_\_\_\_ жер жетім,

\_\_\_\_\_ ел жетім,

\_\_\_\_\_ сөз жетім.

Атың жақсы болса...

Балан жақсы болса...

Әйелің жақсы болса...

4. Ауыстыру немесе метафора дегеніміз не?

II нұсқа.

Өзіндік жұмыс.

1. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ тамызда \_\_\_\_\_ облысы Абай ауданында дүниеге келген.

Абай өз өлеңдерін қағаз бетіне түсіруге тек \_\_\_\_\_ жылдардың орта кезінде қолға алды.

А.Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында: \_\_\_\_\_ Абайды аса жоғары қояды.

2. Композиция дегеніміз не?

Композиция құрылысы:

1.

2.

3.

4.

3. Төле бидің Қазыбек биге айтқан он жұмбағының шешуін жаз:

Бір дегеніміз..

Екі дегеніміз..

Үш дегеніміз...

Төрт дегеніміз..

Бес дегеніміз...

Алты дегеніміз...

Жеті дегеніміз...

Сегіз дегеніміз...

Тоғыз дегеніміз...

Он дегеніміз...

4. Абайдың \_\_\_\_\_ жылдар арасында жазылған бір алуан шығармалары \_\_\_\_\_ деп аталады.

III нұсқа. Өзіндік жұмыс.

1. «С.Торайғыров терең ойлы, ұшқыр сөзді талғамды ақын еді» деген жолдардың авторы кім?

2. С.Торайғыровтың оқу, білім алуға, ең алдымен, ел қатарына қосылуға шақырып жазған өлеңдерін ата.

3. Ирония дегеніміз не?

4. Қазыбек бидің толғауын толықтыр.

*Өркенім өссін десең,*

*.....болма*

*Өскеніңді өшірерсің.*

*Басына іс түскен пақырға*

*.....қылма*

*Қайғысы көшер басыңа.*

*Жанашыры жоқ жарлыға*

*.....бол асыға,*

*Қиын-қыстау күндерде*

*.....келер қасыңа*

*Бүгін сағы сынды деп*

*.....басынба!*

**Г.ҚАЖҒАЙДАРОВА,  
А.Жұбанов атындағы орта мектебі.**

Ақтөбе облысы,  
Мұғалжар ауданы,  
Қаракөл ауылы

## **БАЛА ТӘРБИЕСІ – ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ**

*«Тек қана ата-аналармен жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін».*

*В.А.Сухомлинский.*

*Ата-ана, ұстаз, қоғам-үшеуі,  
Тәрбиеге болар басты өлшемі,  
Бір тұтасып, біріктірсе күштерін,  
Тәрбиенің қаланады мектебі-*

демекші, тәрбиенің үш мектебі адамның құлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді, оны бақытты етіп, қоғамға мейірбандылық нұрын шашады.

«Бала әдегі жасынан тамызықтап жиналады»- деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай «Бала тәрбиесі отбасынан басталады». «Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Тәрбие туралы сөз қозғағанда біз алдымен отбасын ауызға алуымыз керек. «Отан-отбасынан басталады» дегендей отбасы – тәрбиенің алғашқы баспалдағы. Бұрын қазақ баласы негізгі тәрбиені отбасынан алса, қазір ол қоғамдық тәрбиемен ұштасып отыр. Бұрынғы отбасы бүгінгі отбасынан өзгеше болған. Әдетте көп балалы отбасында өскен бала бауырмал, сезімтал, басқаның қайғы-қасіретін тез түсінеді. Ал жалғыз өскен баланың көбі өзімшіл, басқаның пікірімен санаса бермейтін болып келеді.

Күнделікті өмірде ата-ана балаларымен әр түрлі қарым-қатынаста болады. Бірақ оның ең бастысы- шексіз сүйіспеншілік. Ал үлкендер мен баланың арасында сүйіспеншілік болмаған жағдайда балаға ата-ана ықпалы кеміп, соңғылардың тәрбие құралы жазамен ұласады.

Ұлтымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп «Бала тәрбиесі бесіктен» деген қағиданы ұстанған.

Бала-ата-ана өмірінің жалғасы. Сол үшін ата-ана Алладан перзент

тілеген, перзент көргенде, жүрегі жарылардай қуанған, содан кейін «Баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін», - деп әлпештеп өсірген. Перзенті дүниеге келгендегі қазақ-әкенің (жалпы қазақтың) жан күйін М.Мақатаев соншалық шынайы, соншалық терең, соншалық шегіне жеткізе әсерлі айтып берген ғой:

*Иә, Алла, көрдім бе,  
Көрмедім бе?!  
Иә, Тәңірім, бердің бе,  
Бермедің бе?!  
Шырылдаған үніңнен  
Айналайын,  
Шыныменен өмірге,  
Келгенің бе?  
Қызым болсаң-  
Қырымда құралайсың  
Ұлым болсаң-  
Ұлы бір мұрадайсың.  
Естисің бе есі жоқ ей, дүние,  
Менен неге сүйініші сұрамайсың?!*

Бұдан қазақтың бала сүю сезімінің сұрапыл күштілігі, этикалық түйсінудің асқақтығы көрінеді. Ерте заманнан бастап-ақ халқымыз бала тәрбиесіне аса зор көңіл бөлген. Қазақ халқы болашақ ұрпақты ана құрсағында жатқанда-ақ тәрбиелей бастаған. Мысал: «Тәрбие-құрсақтан басталады». Келешек ананы, сәбиді мәпелеп, ренжітпеген. «Биік тауға қарасаң, көңілің өседі, көңілің өссе, немерең кең пейілді болады. Жайқалған шөпке қара, жайнаған гүлге қара, сабиің шырайлы болады. Бұлақтың көзін аш, бала қайырымды болады» -деп баулыған, адам табиғаттың бір бөлігі екенін дөп басқан. Аналар бала тәрбиесіне ерекше ықыласпен қараған.

Алаш ардагері А.Байтұрсынұлы:

1. «Бала тәрбиесін оқытуын жақсы білетін адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерді өзі жақсы білуі керек»;
2. «Баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек»;
3. «Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек», - деді.

Ахмет Байтұрсынұлының бұл пікірі дәл бүгінгі, ертеңгі күннің талап, мақсатымен үндес, өмір бойы өшпейтін, ескірмейтін өсиет. Бұлай дейтініміз-болашақ ұрпақты жан-жақты тәрбиелеу ісіндегі басты тұлға-ата-аналар. Егемен ел болып тілімізді, дінімізді, ділімізді иелендік. Тәуелсіздік тәрбие еркіндігін берді. «Қазақтың өз ұлттық қасиеттерін қайта қалыптастыруына қамқорлық жасау менің перзенттік те, президенттік те парызым»- деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұлттық тәрбиеге ерекше мән берді. Біз осы ұлы мақсатты іске асыру үшін ұлттық тәрбиенің негіздерін

айқындап, тәрбие жұмыстарының ұлттық ерекшеліктерін бала бойына сіңіруге тырысамыз.

Белгілі жазушы, публицист Ш.Мұртаза ағамыз былай дейді: «Қазақ әйелдері бұрын баласын тербетіп отырып бесік жырын неге айтқан?! Бала соны құлағына сіңірген. Әрине, түсінбеген. Бірақ ұлттық негіз, сана, тіл, әуен сол бесіктегі кезден қалыптасқан». Бала-ертеңгі үмітіміз. Бүгінгі ұл-ертеңгі әке, бүгінгі қыз-ертеңгі ана. Олар әкеге, шешеге қарап өседі. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» дейді қазақ. Бала жасында қалай тәрбиеленсе, есейгенде де соны істейді. Жастайынан орнығып қалыптасқан тәрбие орынсыз көріністерге баланы сын көзбен қарауға үйретеді.

Қазіргі таңда жұмыссыздықтың салдарынан көптеген ата-аналар жұмыс іздеп немесе сауда жасап, отбасындағы бала тәрбиесіне аз көңіл бөледі. Қолға түскен кез келген жұмысты атқарып, әбден шаршаған ата-ана «баланың тамағы тоқ, көйлегі көк» болса болғаны дейді. Осы айтқанымызға мысал келтіретін болсақ: *Мен II жастамын. Мен өзімді мазалаған ойларымды сіздермен бөліскелі келіп отырмын. Менің ата-анам жұмысбасты адамдар, жұмыс істеп жүріп маған көңіл бөлуге, менімен әңгімелесуге де уақыттары жоқ. Мен үнемі жалғызсырап жүремін. Сұраған ақшамды береді, барамын деген жеріме жібереді. Маған ақшаның, байлықтың еш қажеті жоқ. Маған тек ата-анамның аялы алақаны, мені еркелетіп бауырына басқаны керек. Ал менің ата-анам маған еш көңіл бөлмейді, өйткені олар жұмыстан басқа ештеңе ойламайды. Мен ата-анамды жамандайын деп отырғаным жоқ. Ата-анасына кім жамандық ойласын. Құрметті қауым, мен ата-анамның өзіме деген жылы сезімдерін қалай оята аламын?*-деген оқушының ойы журнал бетінде жарияланған.

Баланы тәрбиелеуде үйдегі еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің негізі болып табылады. Еңбек мақсатқа, қуанышқа жеткізеді, бақытты өмір сүруіне себепші болады.

Ұлы педагогтар айтқандай: «Адамның болашақ мамандығы үшін ең маңызды нәрсе-үйдегі еңбек тәрбиесі». Баланың еңбекке араласуы мүмкіндігінше ерте басталуы тиіс, өйткені бала еңбегі оның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыратын ең қуатты негіз болып табылады» деген.

Еңбек баланың ата-анаға, ата-ананың балаға сүйіспеншілігін нығайта түседі.

Ойымызды дәлелдейтін болсақ, өмірден алынған «Үш ұл» атты мысалды келтіре кетсем:

*Екі әйел құдықтан су тартып тұр екен, бұлардың қасына тағы бір әйел келіпті. Құдықтың тұсынан өтіп бара жатқан бір қарт кісі де дем алмақ болып, таяп келіп, құдықтың маңындағы тасқа отырыпты. Әйелдердің біреуі:*

*-Менің ұлым батыл да күшті. Төбелесе қалса, ешбір бала оған шақ келмейді,-депті.*

*Екінші әйел:*

*-Менің ұлым ән салғанда бұлбұлдай сайрайды. Ешбір баланың дауысы оған жетпейді, - депті.*

*Ең соңынан келген әйел үндемей тұра беріпті.*

*-Сен неге өз ұлың туралы бірдеңе айтпайсың,-деп сұрапты екі әйел.*

*-Не айтайын, баламның ешқандай ерекшелігі жоқ,-деп жауап беріпті.*

*Әйелдер шелектерін суға толтырып, үйлеріне қарай беттейді. Әлгі қарт та бұлардың соңынан еріп отырады. Жолда әйелдер шаршаған соң, шелектерін жерге қойып, әңгімеге кірісіпті. Қарт бұларды сынай қарап бақылап тұрыпты. Осы кезде бұлардың алдынан жарыса жүгірген үш бала шыға келеді. Балалардың біреуі тасты аяғымен зулатып ұшырып келе жатады, екіншісі өлең айтып, өзімен-өзі келе жатады. Балаларын көрген шешелері қатты қуанып көңілі өсіпті. Үшінші бала болса, жүгіріп келіп шешесінің қасына барыпты да:*

*-Ана, әкел, маған бер,-деп шешесінің қолындағы су толы шелекті алып, үйіне қарай жүре беріпті. Әйелдер қартқа бұрылып:*

*-Қалай, біздің балаларымыз сізге ұнай ма, қария?-деп сұрапты.*

*-Қайдағы балалар? Мен тек бір-ақ баланы көріп тұрмын,-деп қарт шелек көтеріп бара жатқан баланы нұсқапты. Бұдан байқайтынымыз баланы еңбекке төселдіру ата-ананы сыйлауға, адамгершілікке жетелейді.*

Мұзафар Әлімбаевтың «Ата-ананың арманы» атты өлеңі.

Қипақтайды қит етсе анаң, әкең,

Қайтсем ғана осыны адам етсем?

Басқалардың осындай балалары

Тап осындай жаңғалақ, шала ма екен?

Ойым емес, оллаһи біздікінің

Енжарлығы елде жоқ ала бөтен...

Туа сала тұлпардың жалын тартқан

Қырғиларға қызығып қарап өтем.

Жарық сыйлап, маңына жылу сыйлап,

Бұ да бір күн алаудай жанар ма екен?!

Ел қатарлы еңбек етсе-ау,

Болмаса да топ жарған дара бөтен.

Мүше тістеп, мықтылар той жасаса,

Жерге қарап мен сорлы қалар ма екем?...

...Үміт пен күдіктің ортасында

Ата-ананың жүрегі талады екен!

Міне осылайша өз баласының болашағына алаңдайтын, «Қайтсем де баламды адам етем» деген ата-ананың арманы бітер ме екен...

«Ана, өз бөбегінді, балаңды сүй, бірақ еркелетіп бүлдірме. Еркелету махабаттан емес, істің жоқтығынан. Кедейлік өмірде де баланы еркелетіп жіберуге болады, байлық тасыған жерде де

каталдықта өсіруге болады.

Баланы ризашылық сезімге үйрет. Бұл-қасиетті сезім. Балаларың бақытты болмай саған бақыт жоқ, бірақ олар сенің қайғыңа да қайғырсын.

Балаларыңның досы бол, бірақ құрбысы болма. Балаларыңмен қатар бол, бірақ биігірек, жоғарырақ, ең жақыны бол, бірақ бірден қол жеткізерліктей емес.

Балаларыңды дүние туралы емес, іс туралы ойлауға үйрет. Үш жасар қыз шешесіне көмектессін, үш жасар ұлы шешесін қорғасын. Анасы қызмет істеп жүргенде ешкімнің отыруға хақы жоқ. Ана, есінде болсын! Ең жақсының бәрі-балаға. Балалар, естерінде болсын! Ең қымбатты, асылы-анаға.

Ана, өзінді ұмытпа! Ұмытсаң балаларыңа жаман болады. Балаларыңды байлыққа емес, мейірімділікке қуануға үйрет.

Баладан «Шаршадың ба?» деп сұрамаңыз. Өзіңіз балалар алдында ашық түрде жұмыс істеніз, олар сіздің істеріңізді, шаршаған көздеріңіз бен қолдарыңызды көрсін.

Халықтық тәрбие құндылығы ақылды да, әдепті, жан-жақты жетілген, адамгершілігі мол азамат тәрбиелеуде таптырмас тәрбие құралы екендігінде. Ендеше, бұл қасиеттер бесік тербеткен ана әлдиімен ақ жаулықты әже ертегісімен бірге өскелең ұрпақ бойына дарытылып, сіңірілуі керек. Осы орайда халық қаһарманы, абыз ағамыз Б.Момышұлының мына сөзін айта кетсем: «Менің үш қорқынышым бар. Біріншісі, осы заманда бесік жырын айта алмайтын келіндердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын. Екіншісі, балалары мен немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқандығы. Үшіншісі, дәстүрді сыйламайтын ұрпақтардың өсіп келе жатқанынан қорқамын!» Тәрбиенің көзі-ата-бабаларымыздың дана сөзі десек, ата-ана-сол насихаттарды жүргізуші. Бұны ата-аналардың қоғам алдындағы міндеті десек те болады.

Мысал.

Қалам

*Жолдас кедей ағаш ұстасының ұлы еді. Қаламын жоғалтып алғаны үшін жол шетінде жылап отырған еді. Сол жерден өтіп бара жатқан жақсы киінген бір кісі Жолдастың неліктен жылап отырғанын білген соң қалтасынан бір қалам алып: -Жоғалтқан қаламың осы ма еді?-деп сұрады. Жолдас өксігін басуға тырысып: -Жоқ. Менің қаламым бұл секілді әдемі емес еді,-деді. Ол кісі Жолдастың турашылдығын ұнатып: -Олай болса, сенің тура сөзің үшін мына қаламды саған сыйлаймын. Өтінемін, қабыл ал,-деп қаламды оған ұсынады. Пайғамбарымыз шыншыл адамдарға Аллаһтың беретін тартуын былай түсіндіреді: «Турашылдық жақсылыққа, ал жақсылық адамды арманына жеткізеді». Олай болса, балаларымызға жақсы тәрбие беріп, тура жолмен жүруге төселдіріп, жақсылыққа тәрбиелейік.*

**С.КАКЕЕВА,**  
**Северный жалпы**  
**орта білім беру мектебі.**

Павлодар облысы,  
Ертіс ауданы

## **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Бүгінгі күннің жастарын жетілген азамат етіп тәрбиелеу-атананың басты міндеті. Себебі, өмірге келген күннен бастап баланың жан дүниесіне (жағымды немесе жағымсыз қылықтар) отбасынан сіңеді. Кейіннен мектеп, қоршаған орта және қоғамдағы болып жатқан әр түрлі жағдайлардың әсерімен қалыптасады. Сондықтан, балалардың жақсы немесе жаман болып қалыптасуына ең бірінші отбасындағы ата-ананың немесе сол отбасындағы үлкендердің әсері аса маңызды екенін баса айтып, соған көбірек көңіл бөлмеуіміз. Өмірге келген жас нәресте өзін қоршаған ортамен, ең алдымен, өз отбасында танысады. Мәртебелі адам – оның ата-анасы. Ал, ең әдемі, жарық үй-оның туылған үйі. Сондықтан жас баланың дамуына ата-ананың тигізер әсері мол. Балалардың қоғамда қабілетті, өнегелі, саналы, денсаулығы мықты, іскер, елін сүйетін, Отанына адал болып өсуінің қоғам үшін маңызы үлкен.

Балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақы-ұқыптылыққа, еңбекті сүйеге және оның қадір-қасиетін түсінуге, үлкендерді, соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады.

Кейбір ата-аналар өз перзенттерін шектен тыс еркелетіп, баланың бетінен қақпай, көңіліне қарап тәрбиелейді немесе отбасындағы өнегелі тәрбие мөлшеріне немқұрайлылықпен қарайды. Ал мұндай көріністер баланың бойында жағымсыз қасиеттің пайда болуына тікелей жағдай туғызады. Бұндай қолайсыз жағдайлар өмірде кездесіп тұратыны-шындық.

Отбасындағы жалпы қарым-қатынас, үйдегілердің бір-біріне деген сый-құрметі немесе басқалармен болған байланысы, сөз шеберліктері немесе жағымсыз қылықтары жас баланың қалыптасуына үлкен әсер етеді. Ата-аналардың ажырасып кетуі, қарияларды, жасы үлкендерді құрмет ету, ер адамды ұлық тұту,

ананы құрметтеуі, одан басқа, адам өз қадірін, құрметін адал еңбегі арқылы алатынын оқушылардың сана сезімдеріне жеткізу керек. Ата-аналар балаларын жастайынан-ақ еңбек етуге қандай қиыншылықтар болса да төзіп, оны жеңуге үйреткені дұрыс. Олар жұмыс істегенде перзенттерін жанына алып, үйретіп отырса, балалар жұмысты тиянақты орындайды деп ойлаймын.

Сондықтан, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін, ең алдымен, тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді балалардың бойына, санасына сіңдіре білу-ата-ананың басты міндеті дегім келеді.

**Г.ДАДАНОВА,**  
**Бастөбе сервистік –**  
**техникалық колледжі.**  
Алматы облысы,  
Қаратал ауданы,  
Бастөбе ауылы

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ

Мақсаты: қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, «Наурыз» қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.

Оқушыларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кереге, киіз үйдің жабдықтары, шарлар, гүлдер, «Наурыз» мерекесіне арналған тұсаукесер.

1. Күй орындалып тұрады.

Сахнаға жарапазаншылар шығады.

1-жарапазаншы:

*-Уа, жарандар, жарандар,  
Бәрің бері қараңдар,  
Наурыз-думан басталды,  
Бір сәт зейін салыңдар.  
Ұитасқан оймен мәңгілік,  
Біздерде бар сан ғұрып,  
Ғасырлардан ғасырға  
Келе жатқан жаңғырып.  
Бермен жақын тұрыңдар,  
Сөзіме көңіл бұрыңдар.*

*Жауқазындай Наурыздың,  
Жарапазан жыры бар.*

2-жарапазаншы:

*-Ей, жарандар, жарандар,  
Бәрің бері қараңдар.  
Еліме Наурыз келді деп,  
Той дабылын қағыңдар!  
Күттіріп келген жыл басы,  
Бізбен бірге жырлашы.  
Елімнің дастарханына,  
Береке, ырыс сыйлашы.  
Ата-бабам тойлаған  
Наурызым, армысың!*

Сахнаға жүргізушілер шығады:

I жүргізуші:

*-Ау, халайық, халайық,  
Мұнда назар салайық.  
Мерекесі халықтың,  
Наурыз тойын бастайық.  
Құтты болсын мереке,  
Болсын думан береке.*

II жүргізуші:

*-Келе жатыр жылымыз,  
Мейрамдаймыз мұны біз.  
Жас балаша нұрланып,  
Жадырасып бәріміз.  
Күннің жаңа нұры бар,  
Мұның ғажап сыры бар.  
Халық сүйген мейрамды  
Қарсы алайық Наурызды.*

I жүргізуші:

*-Бастаса елдің көсемі,  
Сөйлесе сөздің иешені,  
Ақылы асқан абыздай  
Бар түйінді иешеді,-*

дей отырып, мерекелік құттықтау сөзді колледж директоры Жамалбеков Мәлікжан Бейсенұлына ұсынамыз.

II жүргізуші: -Уа, халайық! Бүгін ұлыстың ұлы күні. Ата бабаларымыздың сөзімен айтсақ, ақ түйенің қарны жарылған күн. Наурыз мейрамы.

I жүргізуші: -Наурыз- жаңа күн, яғни жаңа жылдың алғашқы күні, жыл басы. Бұл біздің халқымызда Күн мен Түн теңелер мезгілі. Бұл күні аталарымыз бен әжелеріміз үй-үйді аралап, үлкен –кішіге ақ баталарын беріп, ізгі тілек тілесетін.

II жүргізуші: - Ендеше, Наурыз мейрамының алтын шырағы Аналарымызды ортаға шақырайық.

Аналар шашу шашады.

I жүргізуші: -Уа, халайық, халайық,

*Ақ сандықты ашайық.  
Бұл мереке, бұл тойдың  
Шашуларын шашайық!*

II жүргізуші: -Армысыздар қасиетті Жер-Ана, Су-Ана, Күн-Ана, От-Ана.

Жер-Ана: -Билігі әлемнің өзінде,  
Молшылық бер еліме.  
Кеудемнен өнген дәніме,  
Қар жауып, шөптің қайта өңгеніне.

Су-Ана: Мен сарқыраған Су-Ана,  
Нұр сеуіп берген суына.  
Жаңбыр жауып далама,  
Нұрдың бізге жауғанына.

Күн-Ана: Мен күдіретті Күн-Ана,  
Жылуыңа тәу еттім.  
Әлемді жарық еткен,  
Қасиетіне тәу еттім.

От-Ана: Мен жарылқаған От –Ана  
Өшкен шырақ жағылсын  
Көктемнің әрбір ақ таңы,  
Қуанышпен, жақсылықпен ашылсын.

Аналарымыздың орындауында «Наурызым» әні

II жүргізуші: -Рахмет, аналар, тойымызға келген қадамдарыңызға нұр жаусын.

I жүргізуші: - Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша наурыздың 21-і түні даланы Қызыр аралайды екен. Сол себепті осы түн Қызыр түні деп аталады. Қызыр адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын ақ сақал кейпінде көзге көрінетін қиял ғажайып бейне.

II жүргізуші: -Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен күн нұрының символы- Қызыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді. Ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен. Қызыр түні Жаңа Жыл табалдырықтан аттап, үйге енгенде «Жалғыз шала сәуле болмас» деп төрге қос шырақ жағылып қойылады.

Сахнада Қызыр ата:

*Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын.  
Әр күніміз жақсы болсын,  
Достығымыз берік болсын.  
Ұлыс оң болсын,  
Ақ мол болсын!*

*Ұлыс береке берсін  
Пәле жала жерге кірсін,  
Уайым –қайғы жоқ болсын!  
Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!  
Әумин!*

I жүргізуші: - Қош келдің, Наурызым ардақты  
Халқым саған бар үмітті арнапты  
Жылда осылай келе берсін жасарып,

Гүлге бөлеп, жырға бөлеп аймақты.

II жүргізуші: - Қиыры жоқ менің байтақ далама,  
Әсем, көркем ауылыма, қалама.  
Наурыз келді дүр сілкілтіп жерімді,  
Сырлы әніне құлақ түрмей бола ма?

Ән. «Ауылым».

I жүргізуші: - Желпіген аққу құстың канатындай  
Бақ келіп ақ үйлерге қонатындай.  
Қасиетті наурыз тойы пәктігінің,  
Тойы деп айтуға болатындай

Қазақ биі.

II жүргізуші: -Жыр сыйлаған, нұр сыйлаған тірлікке,  
Қастерлейік, қадірінді білдік пе!  
Құтты болсын Ұлыс Күн жұмылдырған  
Бәрімізді ынтымақ пен бірлікке.

Ән. «Наурыз думан».

II жүргізуші: -«Беташар» үйлену тойында айтылатын дәстүрлі тұрмыс –салт жыры. «Беташардың» мақсаты – жас келінді келген жұртына таныстыру. Көпшілікке «жас келінді жатсынбай бауырға тарт, ол-осы қауымның бір адамы болды» деген тілек, пейіл білдіру. Тәрбиелік тағылымы мол бет ашу дәстүрі бүгінгі күні де жақсы жалғасын тауып отыр. Назарларыңызға «Беташар» дәстүрін ұсынамыз.

Көрініс. «Беташар».

I жүргізуші: -Наурызды тәңір бізге нәсіп еткен,  
Мейрін танысын деп тасып өткен.  
Наурыз- сән- салтанат, ұлттық рух,  
Бақытты наурыз бар халқым менің.

II жүргізуші: -Халықтың пейілінен жаралғандай,  
Сұлу күн шуағынан таралғандай.  
Ел мен жер елжірескен, қуанысқан,  
Наурызда ажар қандай, арай қандай.

Кенен Әзірбаевтің «Туған жер» әні орындалады.

I жүргізуші: - «Наурыз» тойға жиналған халқым менің,  
Бәріңнің ойға алғанын жарқын сенім.  
Бүгінгі той, ертеңгі ардақты ісін,  
Ғажап болсын таппайтын тепе-теңін.

II жүргізуші: - Сәулесіндей көріндің таңғы үміттің,  
Басың қостың салт-дәстүр сан ғұрыптың.  
Жаса, наурыз, жарқыра көкте күндей,  
Мерекесі достықтың, мәңгіліктің.

I жүргізуші: - Қош болыңыз, Наурызым ардақты,  
Халқым саған бар үмітін жалғапты.  
Жылда осылай келе бергін жасарып,  
Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп жан-жақты.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 09.09.2016 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2016 ж., 144 бет, Алматы.